ҚАБЫКЕН АУТАЛИПОВ



# Алтын ұя – мектебім

Қабыкен Ауталипов

# Алтын ұя – мектебім

№ 2 Ертіс қазақ орта мектебі

**Кітапты баспаға дайындағандар**: Ауталипов Нұрболат Қабыкенұлы, Ауталипова Гүлжамал Шұлғаубайқызы, Қабыкен Мағжан Нұрболатұлы, Қабыкен Данара Нұрболатқызы.

Бұл кітапта №2 Ертіс қазақ орта мектебі ұстаздарының жас ұрпақтарға білім беру мен тәрбиелеудегі қажырлы еңбектері және мектеп түлектерінің ауданымыздың, облысымыздың, еліміздің білім, мәдениет, ауылшаруашылық саласын дамытудағы еңбектері туралы, Ұлы Отан соғысы майданында ерлікпен шайқасып, елін қорғаған ұстаздар мен түлектер жайында баяндалады. Кітап ұстаздар мен мектеп түлектеріне, көпшілік оқырманға арналады.

## Мазмұны

**Кітапта №2 Ертіс қазақ орта мектебінің тарихы және түлектері туралы баяндалады.**

I бөлімде мектептің 1932-1982 жылдардағы тарихы туралы 1982 жылы 6 қарашада мектептің 50 жылдық мерейтойында Қабыкен Ауталиповтың жасаған баяндамасы 1983-2013 жылдардағы деректермен толықтырылған.

II бөлімде мектеп мерейтойлары: 1965 жылы 21 мамырда орта мектептің құрылуының 25 жылдық мерейтойы, 1980 жылы 15 мамырда **20 жылдан кейін кездесу**, 1982 жылы 6 қарашада мектептің 50 жылдық мерейтойы, 2003 жылы 19 маусымда мектептің 70 жылдық мерейтойлары туралы газет мақалалары берілген.

III бөлімде «Ленин» орденінің иегері, Ертіс ауданының **Құрметті Азаматы** Қабыкен Ауталиповтың өмірбаяны және ұстаздар мен шәкірттерінің пікірлері қамтылған.

IV бөлімде Ұлы Отан соғысы ардагерлері, Кеңес әскері, Қазақстан Қарулы күштерінің офицерлері Куба, Египет, Ангола, Ауғанстан елдерінде әскери борыштарын атқарған мектеп мұғалімдері және түлектері туралы мәліметтер берілген.

V бөлімде мектеп мақтаныштары: мектепті Алтын, Күміс медальдармен, «Алтын белгімен» және «Үздік» аттестаттармен бітірген шәкірттердің өмірбаяндары қамтылған.

VI бөлімде ауданымыздың, облысымыздың, республикамыздың ауыл шаруашылығы, мәдениет және білім салаларының дамуына өз үлестерін қосқан мектеп түлектері жайында баяндалады.

VII бөлімде мектептің оқу-тәрбие жұмысына, келер ұрпақты тәрбиелеуде ерекше көзге түскен ұстаздардың өмір жолдары, шығармашылық табыстары берілген.

VIII бөлімде 1941, 1951-2015 жылдардағы түлектердің сыныптар фотосуреттері және тізімдері жарияланған.

IX бөлімде осы кітапты баспаға дайындаған Ауталипов Нұрболат Қабыкенұлы туралы Самат Мәненұлының «Ертіс нұры» газетінің 2015 жылғы 7 ақпанында жарияланған «Ұлағатты істің жалғасы» атты мақаласы берілген.



**ҚАБЫКЕН АУТАЛИПОВ**


МЕКТЕП – КЕМЕ,
БІЛІМ – ТЕҢІЗ.
№2 ЕРТІС ҚАЗАҚ
ОРТА МЕКТЕБІ

## Алғы сөз

Құрметті оқырман қауым, бүгін сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған осы кітаптың авторы Ертіс ауданының білім саласында 48 жыл ұстаздық етіп, бүтін бір ұрпақ тәрбиелеп, өмір жолына қанат қақтырған, аудан ұстаздарының асқар тұлғасы, ұстаздардың ұстазы Ұлы Отан соғысының ардагері, «Ленин» орденінің иегері Қабыкен Ауталиповтың көзінің тірісінде бастап кеткен еңбегі. Бертінде әке жолын қуып зейнеткерлікке шыққанша мектеп директоры қызметін атқарған Нұрболат Қабыкенұлы жұбайы Гүлжамал, балалары Мағжан, Данара бірлесе отырып ұлағатты ұстаз Қабыкен ағайдың бастап кеткен кейінгі ұрпаққа үлгі болар еңбегін біршама тер төгіп екі, үш жылдың жобасында бітіріп шықты. Бұл кітапта негізінен Ертістің №2 мектебінің тарихы және осында жас ұрпаққа білім беру, тәрбиелеудегі ұстаздардың қажырлы еңбектері, мектеп түлектерініңауданның ғана емес еліміздің білім, мәдениет, ауылшаруашылық саласында дамытуға қосқан үлестері, ұстаздар мен оқушылардың Ұлы Отан соғысы жылдарында елін, жерін қорғауда көрсеткен ерліктері туралы баяндалған. Ұзақ жылдар Ертістегі білімінің қарашаңырағы осы қазақ мектебінде директорлық қызмет атқарған асыл ағамыз Қабыкен, осы еңбегін 1963–1982 жылдары жинақтап, мектептің 50 жылдық мерейтойында жариялаған. Ұлан байтақ еліміздің түкпір-түкпірінде сан салада қызмет етіп жүрген мектеп түлектерін, өмірде алған орнын кітап бетіне түсіруді былай қойғанда олардың мекен жайын тауып алудың өзі оңайға соқпағаны белгілі жағдай, дегенмен осы жолда туындаған қиындықтарға қарамастан, еңбегінің басым бөлігін дайындап кеткен. Осы Ертістен бірнеше мәрте ол кездегі республика астанасы Алматыға барып, Пушкин атындағы орталық кітапханадан ауданда сақталмаған «Ертіс

правдасы» газеттерінен өзінің замандастарының, оқушыларының майдан даласындағы ерліктері және соғыс кезінде ауыл адамдарының елеусіз еңбегі туралы материалдар жинап, қағаз бетіне түсіруі, осы заман тұрғысынан қарасаңыз ерлікке парапар әрекет. Бұл ағайдың заман алдында, адам алдында өзінің ұстаздық парызына немқұрайлы қарамағаны деп түсіну керек. Бұл өскелең ұрпақтың патриоттық сезімін оятатын, отансүйгіштікке жетелейтін шарапаты, шапағаты мол дүние. Жаратушы Қабыкен ағайдың ғұмырын ұзағырақ бергенде бастаған тағылымды ісін бітіріп кетуі әбден мүмкін екен. Бірақ, жазмыштан озмыш жоқ. Өзінің қамшының сабындай қысқа ғұмырында ұстаздық етіп, Отанын қорғап,кейін еңбегін, қандай болсын қиындықтарға қарамастан жалғастырған, түлектері туралы білген, түйгенін қағаз бетіне түсіруге ұмтылған ізгі ниеті үшін де рахмет айтуымыз керек шығар. Осындайда түрік халқының «Ұстаздық та ұлылық» дейтін мәтелі, Қабыкен секілді ағайларға қаратылып айтылғанына сенесің.

Әке бастаған ұлағатты істі орта жолда қалдырмай аяқтап көпшілікке ұсынып отырған Нұрболат Қабыкенұлына, оның отбасына, осы еңбектері үшін өз атымнан, жалпы ертістіктер атынан зор алғысымды білдіремін. Өлең, жырдың тек ақынның өз басы үшін жазылмайтын секілді. Ауталиповтар әулетінің тағылымы, тәрбиелік мәні орасан осы еңбектері, отбасылық хикаят болып қалмайтынына сенім мол.

*Самат Мәненұлы*

## Армысың мектеп!

Армысың мектеп, армысың қара шаңырақ,
Бергенің қалған, өрнегің қалған жанымда ақ.
Сезімдер толқып, көзге жас іркіп тамшы жас,
Балалық шағым алдымнан шықты жамырап.
Мектебім менің, өз ұям, алтын бесігім,
Уызын емгем жақсылық толған төсіңнің.
Бала жүрекке ұстаздар жазған алауды,
Келмейді менің келмейді әсте өшіргім.
Мектебім менің,
Көктемім менің – бал шағым,
Қызыққа толы өзіңде өткен қанша күн?
Жанымды дәйім көктемгі күнге жетелер,
Құлын дауысты қоңырау үнін аңсадым.
Аңсаймын сені армысың білім отауым,
Сыңғыр да, сыңғыр құлақта ән боп жатар үн.
Апарған саған сүрлеуі сірі соқпақпен,
Өзіңмен үйден басталар байтақ
Отаным!
Мектебім менің,
Пәк төрім менің бал ордам,
Ізгіліктермен,
Ізгі үміттерден жаралған.
Балапан қиял туған ұяда туған ақ үрпек,
Қыраның болып биікке ұшқан сан арман.
Елімде жырау,
Жерімде мынау кең ерен,
Кемел күн үшін,
Келер күн үшін терлеген,
Күндерім жарқын, арайлы түнгі аспаным,
Мектебім менің,
Сен жаққан жұлдыздарменен!

*Самат Мәненұлы*

# Нұрлы болашаққа жол ашқан білім ордасы



Біз бүгін, өскен, өркендеген, дәулетіне сәулеті сай өлкенің нұрлы шуағасында бұдан 50 жыл бұрын іргетасы қаланған ауданымыздың ең байырғы мектептерінің бірі, Ертіс қазақ орта мектебінің бұрынғы және қазіргі мұғалімдерімен, түлектерімен мектептің алтын тойының салтанатты мәжілісіне жиналып отырмыз.

50 жыл – бұл мектептің асқар тауындай секілді. Оның да жөні бар. Өйткені бастауыш мектептен орта мектепке дейінгі жолдары мұнда оқыған шәкірттер мен білім берген ұстаздарға бес саусақтай сайрап жатыр. Айтар ауызға жеңіл болғанмен осы жылдар ішінде жүзеге асырылған өрелі істер қыруар.

Мектеп тарихына азғана назар аударсақ, бүкіл аудан өмірі еске түседі. Өйткені осы бір білім ордасынан білім алған азаматтардың бірнешеуі өмірден бақытын тауып, нұрлы болашақтың кірпішін қаласып жүр.

1930 жылғы 25 июньдегі ВКП(б) Орталық Комитетінің „Жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу туралы" тарихи қаулысы негізінде 1930 ж. августа Қазақстан бойынша жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу енгізілді. Осы заң негізінде ауданымыз бойынша жаңа ондаған бастауыш мектептер ашыла бастады. Соның бірі Ертісте балалар үйі жанынан қазақ бастауыш класстары ашылды. Ол туралы мынадай деректер бар:

Шакимов Саттар Ертіс өлкесінде көп жыл бойы бала оқытты. Ел аузында „Мұғалім" деп аталып кетті. „Осы баламды оқытып бер, Саттар саған тапсырған аманатым бұл," – десетін аудан түкпірлерінен келген ата-аналар. Бүкіл ұрпақтары мектеп, оқу атауын білмей өскен ата-ана баласын жетелеп келіп, үміт-зарын осылай айтқан еді алғашқы мұғалімге.

Сол жылдардағы мектеп түлектері Әділханов Сұлтанбек, Ғилялов Ақшыкен, Нығманов Халел,

Біз бүгін, өскен, өркендеген, дәулетіне, сәулетіне сай өлкенің нұрлы шұғыласында бұдан 50 жыл бұрын іргетасы қаланған ауданымыздың ең байырғы мектептерінің бірі Ертіс қазақ орта мектебінің бұрынғы және қазіргі мұғалімдерімен, түлектерімен мектептің алтын тойының салтанатты мәжілісіне жиналып отырмыз.

50 жыл – бұл мектептің асқар тауындай секілді. Оның да жөні бар. Өйткені бастауыш мектептен орта мектепке дейінгі жолдары мұнда оқыған шәкірттер мен білім берген ұстаздарға бес саусақтай сайрап жатыр. Айтар ауызға жеңіл болғанмен осы жылдар ішінде жүзеге асырылған өрелі істер қыруар.

Мектеп тарихына азғана назар аударсақ, бүкіл аудан өмірі еске түседі. Өйткені осы бір білім ордасынан білім алған азаматтардың барлығы өмірден бақытын тауып, нұрлы болашақтың кірпішін қаласып жүр.

1930 жылғы 25 июньдегі ВКП (б) Орталық Комитетінің «Жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу туралы» тарихи қаулысы негізінде 1930 жылы августа Қазақстан бойынша жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу енгізілді. Осы заң негізінде ауданымыз бойынша жаңа ондаған бастауыш мектептер ашыла бастады. Соның бірі Ертісте балалар үйі жанынан қазақ бастауыш класстары ашылды. Ол туралы мынадай деректер бар.

Шакимов Саттар Ертіс өлкесінде көп жыл бойы бала оқытты. Ел аузында «мұғалім» деп аталып кетті. «Осы баламды оқытып бер, Саттар саған тапсырған аманатым бұл» – десетін аудан түкпірлерінен келген ата-аналар. Бүкіл ұрпақтары мектеп, оқу атаулыны білмей өскен ата-ана баласын жетелеп келіп, үміт-зарын осылай айтқан еді алғашқы мұғалімге.

Сол жылдардағы мектеп түлектері Әділханов Сұлтанбек, Билялов Аққалаш, Нығыманов Халеш, Абуғалиева Хафиза, Мергалимов Әнуар, Әлімсүренов Қалиақпар, Садықов Мүбарак, Билялов Садық, Абдрахманов Ықлас, Ақажанов Зәйкен, Ещанов Марат, Ибраев Қайыржан, Ғаббасов Қайриден т.б.

Әділханов Сұлтанбек – «Ленин және Қызыл Жұлдыз» орденімен және «Ерлігі үшін» және 2 рет «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарымен наградталды.

Нығыман Халеш «Құрмет Белгісі» орденімен наградталып, мұғалімдіктен облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының директорына дейін жоғарылатылды.

Билялов Аққалаш – мұғалім – партия совет қызметкері, пенсионер, балалары да осы мектепте тәрбие алып, әке жолын қууда.

Мектептің алғашқы аға вожатыйы Аққыз деген болды. Пионер ұйымы балалардың шын тірегі, ұйымдастырушысы болды.

Аққалаш естелігінде былай деп жазылған. «4-класста қоғамтану пәнін өттік. Сол арқылы ма немесе Саттар ағай сияқты сол кездегі жаңа советтік біліммен қаруланған мұғалімнің сондай күрделі білімді түсіндіре білуіне таң қаламын».



*Шакимов Саттар*



*Әділханов Сұлтанбек*



*Абуғалиева Хафиза*



*Мергалимов Әнуар*



*Садықов Мұбарак*



*Билялов Аққалаш*

Сол жылдары жалпыға бірдей міндетті оқуды жүзеге асыруда ауданымызда талай майталман ұстаздар өздерінің үлестерін қосты. Олар: Мұстафин Сыздық – Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденді, Шаяхметов Қасен – Ленин орденді, Бақбалин Рамазан – қос Еңбек Қызыл Ту орденді мұғалімдер. Біздің мектепте Құсайынов Мұрат, Нұрғазин Ғаббас, Айдаров Тәни.

Коммунистік партияның басталуымен мәдениет майданына аттанған совет халқы мәдени жұмыстың: мәдениет жорығы, міндетті оқу комитеті, мәдениет қоры, мәдениет гектары сияқты тарихта болып көрмеген сан алуан жаңа түрлерін туғызды.

Бүкіл халқымыздың өзінің мәдениетін көтеру, балаларын білімді, саналы етіп тәрбиелеу жөніндегі тілегімен қабысқан осы міндетті негізге ала отырып, Коммунистік партия социализм дәуірі мектебінің программалық міндеттерін белгілеп берді. Осы дерективаны орындау жолындағы шараларды жүзеге асыру нәтижесінде республикамызда мыңдаған мектеп үйлері салынды, он мыңдай мұғалімдер даярланды, миллиондаған оқулықтар шығарылды, мектептің оқу-тәрбие жұмыстары жақсартылды.

Алғашқы екі бесжылдықтың аяғында жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу жүзеге асты. Жетіжылдық оқу бүкіл республикамызда кең өріс алды. Екінші бесжылдықтың аяғына қарай Ертістегі қазақ бастауыш мектебі жетіжылдық мектепке айналып, 1937 жылы сентябрьде оқу жылын жаңа мектепте бастады. Орталау мектептің алғашқы директоры Нұрмағамбет Бұқабаев болатын. (Шығыс Қазақстан облысынан, Отан соғысына қатысып, жараланған (одан басқа мәлімет жоқ). Сол жылдары мектепке жоғары оқу орындарынан жас мұғалімдер легімен келді. Олар: Сатыбалдина Мүнира, Ахметжанов Қомаркен, Боқаев Сұңғат, Карюкова Ғалия, Шардеков Қайыржан, Дайыров Қабыкен, Мекебаев Жұмабай, Махин Емен, Абдрахманова Бибижан, Шотов Темір т.б. Мектебіміздің мұғалімдер мен оқушылар коллективі мәдени революцияны жүзеге асыруда өз үлестерін қосты. Оқу-тәрбие жұмысындағы белсенділік СССР Конституциясын қабылдау және алғашқы сайлау өткізу кезеңдерінде күшейе түсті. Мектептің мұғалімдері комсомол ұйымына басшылық жасаған Мүнира мұғалиманың еңбегі ерекше көзге түсті. Үміт-насихат жұмыстарына 6-7 класс оқушылары белсене қатысты. Алғашқы пионервожатый Махин Емен, ағайынды Қапиза мен Қаден, Ахметов Мүбәрак мектептің көркемөнерпаздар үйірмесінің ұйытқысы болды. Сол кездердегі Емен мұғалімнің гармоны мен скрипкасы, Қапизаның Қаденнің қостауымен шырқаған әндері, Ахметов Мүбәрактың мандалині Ертіс жұртшылығының бүгінгі күнге дейін естерінде. Мектеп қабырғасында әнімен таңдандырған Қапиза Алматыда қазақ концертінде «Құрмет Белгісі» орденімен наградталған әнші, күйеубала – Мұхамет те домбырашы, композитор.

Мүнира мұғалиманың естелігінен мынаны оқимыз: «Сол кездегі оқушыларым Қапиза, Нағима, Қабыкен, Тұяқ, Зекен,

Қыраубай және т.б. күні бүгінге дейін сәби күлкілері, салған әндері, асыр-салып ойнағандары көз алдымда. Сол кездің өзінде бұларға зор үміт артқан едім. Сол оқушыларымның өскенін, ел ағасы болғанын көргенде бір жасарамын». Біздердің пайғамбар тұтатын ұстазымыз Мүнира халық ағарту ісінің озаты, «Құрмет белгісі» орденді партия және еңбек ардагері.

Орталау мектептің алғашқы түлектері: Сарсенов Зекен (халық ағарту ісінің озаты, Отан соғысының ардагері), Қамзин Өтеміс (халық ағарту ісінің озаты), Рамазанов Қамза (халық ағарту ісінің озаты), Ағымбетов Тұяқ (Ленин орденді заң қызметкері), Ауталипов Қабыкен, Қайдаров Ануар, Ауталипов Іңірбай, Кәрібаев, Исина Шерен, Молдақасов Сатқан және т.б. еді.

Жетіжылдық оқу ауданымызда, онжылдық оқу селомызда кең өріс ала бастады. 1940 жылы Ертіс қазақ орталау мектебі орта мектепке айналып жаңа мектеп үйіне барып ірге тепті. Орта мектеп ірге тасын қаласқан Нұрғазинов Нығмет, Мусуров Тәуен, Үмбетбаев Даулен сынды ақсақалдар еді. Мектеп салуға белсене өз қолқабыстарын тигізген оқушылар Әлімсүренов Қ, Мергалимов Әнуар, Ғаббасов Қ., Қарабаев Н., Жансолтанов Т., Шапиев М., Анаханов Ы., Қасқырбаев М., Қапашев Д.

Мектеп директоры Мұхамедин Ғали еді. Сол жылғы мұғалім Қанафия өз естелігінде былай деп жазған: «1 сентябрь күні Ертіс ауатком председателі Бурин Әмірхан мектеп есігінің қызыл лентасын салтанатты жағдайда қиып, жаңа мектеп кілтін салтанатпен табыс етті». Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Выборнов А.С. мектеп құрылысына басшылық жасап, мезгілінде бергені үшін алғыс пен санаториялық емделуге путевкаға ие болды.



*Мұхамедиев Ғали*

Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында мектеп коллективі өз жұмысын жандандыра түсті. 1941-42 оқу жылының басында эвакуациялық Ленинград қаласынан доцент Мейер-Тукумцев Гвидон Романович әйгілі академик Бараударовпен орыс тілі оқулығын жазған автордың бірі ғылыми жұмысы үшін 4-кластың орыс тілін жеке пән есебінде оқытты. Тұңғыш рет ауданымызда қала берді республикада 4-класты пән бойынша бөліп оқытудың көшбасы біздің мектепте басталды.

Ер мұғалімдер майданға алына бастады. (Мұхамедин, Адиев Б, Аманбаев Ж., Сейітов К., Алғамбаров Қ., Қожимов Қ., Бақтыбаев С., Кенжебаев С., Абдрахманов М.), олардың орнына жас мұғалімдер тобы келді. (Оспанова Х., Ахметжанова Ы., Ауталипова М., Абуғалиева Қ.).

Ауданымыздың ұл-қыздарының майданда көрсеткен ерліктеріне жылдағы мұғалімдердің қажырлы еңбектері пара-пар болды. Олар соғыстың мектеп өмірінде тудырған орасан ауыр қиыншылықтарын жеңе отырып, оқу-тәрбие процестерін уақыт тілегіне сәйкестендіріп қайта құрды. Бойында бар қабілетін сарқа пайдаланып, оқушыларды жауға

өшпенділікке және ауыр жағдайда өздерінің патриоттық борышын түсіне білетіндей етіп тәрбиеледі.

Мұғалімдер ұжымы оқушылармен бірлесе отыра майданға жылы киімдер, қолғап, орамал және т.б. жіберуді үнемі ұйымдастырып отырды. Соның куәсі ретінде И.В. Сталиннің қолы қойылған алғыс грамотасы мектепте сақталуда.



*Мұстафин Сыздық*



*Айдаров Тәни*



*Сатыбалдина Мүнира*



*Ахметжанов Қомаркен*



*Боқаев Сұңғат*



*Карюкова Ғалия*



*Дайыров Қабыкен*



*Ағымбетов Тұяқ*



*Ауталипов Қабыкен*



*Қайдаров Ануар*



*Үмбетбаев Даулен*



*Қасқырбаев Мәкен*



*Нұрғазинов Ныгмет*
*Мектеп дружинасының Құрметті пионері, Соғыс және еңбек ардагері, «Қызыл Ту» және «Қызыл жұлдыз» ордендерінің иегері*



*Асқаров*
*Ханафия*



*Адиев*
*Боранбай*



*Бақтыбаев*
*Сағит*



*Оспанова*
*Халдиша*



*Ауталипова*
*Малика*



*Абуғалиева*
*Хафиза*



*Шапиев*
*Мағзұм*



*Сейітов*
*Көкетай*



*Әлімсүренов Қалиақпар*



*Солтанбеков Еркін*

Ұлы Отан соғысы жылдарында майдандағы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз өз ерлік істерімен көзге түсті. Олар Сталинград шайқасына қатысқан Темірханов Олжабай Берлинде өзінің жеңіс жолын аяқтап 2 рет Отан соғысы және Қызыл Жұлдыз ордендерімен наградталды, подполковник, Асайынов Нөгербек – Отан соғысы орденді, Бақтыбаев Сағит – Қызыл Жұлдыз орденді, Карменов Күлтай – Қызыл Жұлдыз орденді, Абдрахманов Ғаббас – III дәрежелі Даңқ орденді, Мақауов Марқа – II, III дәрежелі Даңқ және Қызыл Жұлдыз орденді, Шалбаев Кәрім, Қабышев Шайкен, Сарсембаев Ғабдолла.

Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан жолдастарымыз бен туыстарымызды еске алу үшін орындарыңыздан тұруларыңызды өтінемін.

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталып, еліміз бейбіт құрылысқа көшкеннен кейін армия қатарынан мұғалімдер келіп мектепте жаңа өмір оқу-тәрбие саласында қыза түсті. Мектебімізге Бақтыбаев С., Ламашарипов Қ., Байсарин Қ., Тәңірбергенов Т., Бақаев М., Қапашев Д., Мұқанов Б., Нығметжанов Г., Рамазанов З., Әпенов Ә. және т.б. көптеген мұғалімдер келіп қосылды.

1946 жылы алғашқы мектеп бітірушілердің салтанаты ерекше өтті, өйткені бұлар тұңғыш қазақ орта мектебін бітірушілер еді. Мектеп директоры А. Ауғанбаевтың еңбегі ерекше көзге түсіп еді. Қайырсқақова Қайнел **Күміс медальмен** аяқтап, қазір ардақты ұстаз, сол сияқты Алдабергенова Ш., Смағұлова К., Алдажаров Қ., Малғаждаров Қ., Жылқайдарова М., Жұмағұлова Х., Ауталипова Ж., Аманжолов Қ. және т.б. аяқтады. Бұл күндері Алдабергенова, Смағұлова, Алдажаровтар құрметке ие болып отырған мұғалімдер, ал Аманжолов Еңбек Қызыл Ту және Құрмет Белгісі орденді ауылдық Советтің председателі.

40-жылдары мектеп бітіргендерден Рамазанов Қ., Болатбаев Т. ғылым кандидаты, Халиуллин – мұғалім, халық жырауы, Оспанов Әбілқасым жоғары оқу орнын қызыл дипломмен аяқтаған мұғалім, Соғымбаев Ә. – мұғалім, Нөкенов Т. – ауылшаруашылығының озат маманы.

50-жылдардың басында тәрбие алған жастар туралы Тәңірбергенов Төлегеннің естелігін келтіруге болады: «Математикадан үздік үлгерген Ықласов пен Бекжігітов болды. Сағитов Қ. мен Қайдаров Ж. қолдары бос болса бір-біріне өлең шығаратын. Қоғам жұмысын ұйымдастыру қабілеті мол Аубакиров Кеңес болды, ол сөзге де шешен бала болды.

Аубакиров Кеңес – қазір Торғай облыстық атқару комитеті председателінің бірінші орынбасары, үш рет Еңбек Қызыл Ту және Құрмет Белгісі ордендерімен наградталған. Ауталипова Орынбасар – СССР денсаулық сақтау ісінің озаты, Ильяшев Қ. – Құрмет Белгісі орденді ауылшаруашылық училищесінің директоры, Рамазанов Жанайдар – облыстық Советтің депутаты, облыстық мелиорация және су шаруашылығы өндірістік басқармасының бастығы, Еңбек Қызыл Ту орденінің кавалері, Нұртазин Қаһарман – СССР Журналистер

Одағының мүшесі, Мұстафин Б. – облыстық оқу бөлімінің инспекторы, Сердалин Қ. – совхоз директоры, Даутбаев Балға – аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, Жылқайдаров С. – ғылым кандидаты, Сарбасов Жанатай – облыстық ауылшаруашылық бөлімінің аға зоотехнигі, Ешимова Нұраш – бүкілодақтық мұғалімдер съезінің делегаты, Мұқатов Жаскен – Еңбек Қызыл Ту орденді механизатор, Бексолтанов Нариман – ауылшаруашылығының озаты, Мейірманов Әсен – совхоз директоры, Дюсенов Серік – бас бухгалтер, Қайырсқақов Т. – шахта парткомының секретары, Ауталипов Д., Искаков Ж. – инженерлер, Халықов Жамбыл – совхоз партком секретары, Рузубаева Самиға –озат тігіншілер бригадирі, облыстық, аудандық Советтерге депутат болып сайланды, Қасенова Алтын – Павлодар аудандық атқару комитеті председателінің орынбасары, Шақаманов Зәрубай – ішкі істер бөлімінің қызметкері, Ахметов Тортай – II, III дәрежелі Еңбек Даңқы орденді көлік жүргізуші, Тунабеков Күсеміс – III дәрежелі Еңбек Даңқы орденді көлік жүргізуші, Будиев Қаһарман – инженер-құрылысшы, мектепті **Күміс медальмен** бітірді.

Соңғы ширек ғасыр ішінде мектептің түр-сипаты, оқушылардың алып шығар білім дәрежесі, кадр құрамы мүлдем өзгерді. Қазіргі кездегі 23 мұғалімнің он бесінің жоғары білімі болса, үшеуі жоғары оқу орнында сырттай оқиды, қалғандарының арнаулы орта дәрежелі білімі барлар.

Аудан бойынша тұңғыш оқытудың кабинеттік жүйесіне көшуді 1971 жылы біздің мектеп бастаған болатын. Оқытудың кабинеттік жүйесінің жүзеге асырылуы, оқушыларға этикалық, эстетикалық тәрбие беруге, мұғалімдердің еңбегін дұрыс ұйымдастыруға зор мүмкіндік берді. Ұжымның тартымды істерінің нәтижесінде оқушылардың сабақ үлгерімі,

олардың мінез-құлқы, мәдениеті жоғары деңгейге көтерілді. Бір ғана мысал келтірейік, цифрлар тілімен сөйлесек 1962-63 оқу жылы мен 1972-73 оқу жылдары арасында мектеп бітірген шәкірттердің 189-ы жоғары оқу орындарын, ал 80-і техникумдар мен училищелерді тәмамдап, тартымды еңбек етіп жүр. Міне, осы цифрлардың өзі мектеп коллективінің жыл өткен сайын жаңа жетістіктерге жігерлене түсіп келе жатқанын көрсетеді.

Мектеп жыл сайын еңбекке тәрбиелеу дәстүрін жалғастырып келеді. Олай дейтін себебіміз мектептен түлеп ұшқан түлектер бірден еңбекке араласып, талай үндеу көтеріп, жақсы бастаманың жаршысы бола білді. Мектебімізді 1969 жылы бітірген Темірбек Садуақасов шопан таяғын ұстағаннан кейін, аудандық «Ертіс» газеті арқылы аудандағы мектеп бітірушілерге қой шаруашылығында жұмыс істеуге шақырып үндеу жолдады. Келесі жылдары мектеп бітіруші Гүлстан Нуртазина әке жолын қуып шопан болатынын, ал Күлтай Рахуова сауыншы болатынын айтып үндеуге өз үлестерін қосты, оларды Байсақов, Сарсенбаев, Ибраев, Закарьянова, Бодеев және т.б. қолдады. Қазір Күлтай жоғары дәрежелі мал дәрігері, Гүлстан – зоотехник.

1973-75 жылдардағы мектеп бітірушілер алдыңғы толқын ағаларының өнегелі істерін жалғастырып «Қазақ ССР Х жылдығы» атындағы совхоздың фермаларында «Жас Қыран», «Дауылпаз» атты комсомол–жастар шопан бригадасын құрып, жоғары еңбек көрсеткіштеріне жетті.



Хадиша Айсабекова «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталып, бригаданың комсомол ұйымдастырушысы болған. Гүлнар Аманқұлова облыстық партия комитетінің мүшесі. Совхоз директоры Какимов Кенже, партком секретары Бесбаев Әбжандардың жас түлектерді ауыл шаруашылығы мамандары етіп тәрбиелеудегі қамқорлықтары сол жылдардан бастап бүгінгі күнге дейін көзге түсуде. Түлегіміз Байкаримов Тасен директордың орынбасары, Тілемісов Бағдат, Арыстанқұловтар алдыңғы қатарлы шаруашылық ұйымдастырушылары.

Еліміздің барлық жерлеріндегідей Совет өкіметін орнату ауыл шаруашылығын коллективтендіру, Ұлы Отан соғысы, тың игеру жылдарында ерлік көрсеткен, есімдері аңызға айналған өрендер Ертіс ауданында аз емес. Олардың көзі тірілері қазір – тірі шежіре. Оларды іздеп табу мектеп оқушылары үшін абырой болса, олармен кездесудің бастан кешкен

ерлік істерін өз ауыздарынан естудің балалар үшін тәрбиелік маңызы өте зор.

Міне, біздің мектеп қызыл ізшілерінің өз ауданының даңқты адамдарын іздестірумен шұғылдана бастағанына жиырма жылдан асты. Жиналған материалдар тақырыбына қарай сұрыпталып, бірнеше альбом болды. Бұл материалдарды жинау үшін қариялардың естеліктері де, аудандық баспасөз көмегі де, архив материалдары да, коммунистердің, еңбек ардагерлерінің сөздері де пайдаланылады. Хат арқылы да іздестіріледі. Мысалы, бірде екінші класс мұғалимасы Қажкен Қабылдина партизандардың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерліктері жайында әңгімелейді. Осы кезде оқушы Бауыржан Ахметовтың көзі шырадай жанады. Мұны мұғалім де аңдап қалады. Бауыржан орнынан тұрып «Менің папам да Югославия жерінде партизан болған» – дейді. Мектеп қызыл ізшілері Кәркенің жауынгер достарын іздестіре бастайды, ал Кәркен отызыншы жылдардағы мектебіміздің түлегі еді.

СССР Қорғаныс министрлігінің Кадрлар бөлімі басқармасы арқылы Ұлы Отан соғысы кезінде Югославияда Бірінші Советтік екпінді партизан бригадасының саяси қызметкері болған Григорий Александрович Жиляевты іздеп табады. Ал Жиляевтен мынандай хат келді: «Мен Ахметов Каркенді 1943 жылдың декабрінен бастап білемін. Ол біздің Югославиядағы партизандар тобына қиян кескі ұрыс кезеңінде қосылды. Біздің партизандар қатарында ол ерен ерліктер көрсетті. Ол «Ерлігі үшін» орденімен және «Ерлігі үшін» медалімен наградталды. Мұндай жерлестеріңді мақтан етуге болады».

Мектебіміз бойынша оқушыларды халқымыздың өмірі өнегесінде аға ұрпақтың дәстүрлі істері бойынша тәрбиелеуде мол бағалы тәжірибе жинақталды. Жас ұрпақтарды тәр-

биелеудегі игілікті істер алпысыншы жылдары партияның XXII съезі қарсаңында басталып, В.И. Лениниң туғанына жүз жыл толуын мерекелеуге әзірлікпен оны өткізу кезінде жетіле түсіп, Л.И. Брежневтің «Кіші Жер», «Қайта өрлеу», «Тың» кітаптарының саяси – идеялық және ғұрыптың потенциялын пайдаланумен және В.И. Лениннің туғанына жүз он жылдық мерекесін өткізумен ұласты.

Мектебімізде қалыптасқан дәстүрлі істер баршылық. Олар: мектеп юбилейі мен мұғалімдер юбилейі, ұстаздар мен класс шежірелерін жасау, оқушылардың жалпы мектептік конференциясын өткізу, ерлік–патриотық оқулар, маевка өткізу, Лениндік оқулар, мектеп түлектерімен кездесу және т.б.





***28 жылдан кейін кездесу***

*М. Жаманбалинов, Ауталипов Қ., К. Аубакиров (1954 жылғы мектеп түлегі), Б. Рамазанов, Т. Шаймерденов, К. Ашимбетов және мектеп ұжымы*



*Асайынов Нөгербек*



*Бақтыбаев Сағит*



*Карменов Күлтай*


*Абдрахманов Ғаббас*


*Макауов Марқа*


*Шалбаев Кәрім*


*Ламашарипов Қайырбек*


*Тәңірбергенов Төлеген*


*Алдабергенова Шайза*


*Смағұлова Көкеш*


*Алдажаров Қинаш*


*Аманжолов Қабиден*



*Халиуллин*
*Мұхаметқали*



*Ауталипова*
*Жәмилә*



*Аубакиров*
*Кеңес*



*Ауталипова*
*Орынбасар*



*Сердалин*
*Қияш*



*Даутбаев*
*Балға*



*Ешимова*
*Нұраш*



*Мейірманов*
*Әсен*



*Ауталипов*
*Диас*



*Разубаева*
*Самиха*



*Қайырсқақов*
*Тельман*



*Сағитов*
*Қабек*



*Мұқанов*
*Бақыт*



*Ахметов*
*Тортай*



*Тунабеков*
*Күсеміс*



*Нұртазина*
*Гүлстан*



*Беспаев*
*Әбжан*



*Байкаримов*
*Тасен*



*Ахметов Қаркен*



*Ильяшев Қабылқақ*



*Сарсембаев Ғабдолла*



*Шахаманов Зәрубай*



*Темірханов Олжабай*



*Садуақасов Темірбек*

Оқушылар конференциясының тақырыптары мен мазмұндары заман талабына сай, еліміздегі елеулі кезеңдерге байланыстырылып алынады. Конференцияға дайындық барысында оқушылар арасында орасан зор тәрбиелік мәні бар жұмыстар жүргізіледі. Конференцияға аға ұрпақ өкілдері, партия, Отан соғысы, еңбек ардагерлері, съездер делегаттары шақырылады және олардың өнегелі өмірлері жөнінде материалдар жинақталады.

«Біз – революционерлер ұрпағымыз» деген ұранмен өткен конференцияда Елемес Мұқатова баяндама жасап, аға ұрпақ өкілдері Ертісте Совет өкіметін орнату үшін жанқиярлықпен күрескен СССР Жоғарғы Советінің тұңғыш депутаттарының бірі – Сейтахмет Ысқақов сынды ардагер, жиырмасыншы жылдардың коммунисі Балға Төлеубеков, Үлгілі селосынан шыққан тұңғыш комсомол мүшесі Сағынбай Жұматов, 20-жж. пионер, Ұлы Отан соғысының ардагері «Александр Невский», Қызыл Ту ордендерінің кавалері Слям Жүнүсов туралы әңгімелеп береді.




Сондай-ақ Ұлы Октябрь революциясының 50 жылдығы, ұлы көсеміміз В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толуына да оқушылар конференциясы арналды. Бұл жиындарда оқушылар Қазақ ССР Жоғарғы Советінің екінші және үшінші шақырылуының депутаты Разия Аубакирова, Социалистік

Еңбек Ері Павел Леонтьевич Кравец, КПСС XXIII съезінің делегаты Юрий Васильевич Панов, Ленин орденді малшы Бектенов сияқты аға-апаларымен кездесіп, үлгілі өмір шежіресін тыңдады.

Оқушылардың соңғы өткен XVIII конференциясы (май 1982) Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының 250 жылдық мерекесіне арналып, «Елдескен еркімен, серттескен сертімен, біргеміз мәңгіге, Россия сенімен!» деген девизбен өтті. Біз Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының 250 жылдығына арналған конференцияда орыс және қазақ халықтарының талай ғасырлық экономикалық, саяси және мәдени байланыстарының орасан зор игі нәтижелерін одан әрі сезіне түстік. Ол сезімді ақын Жұбан Молдағалиевтің мына өлең жолдарымен айтуға болады.

Мен – қазақпын, биікпін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім
Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске
Айта бергім келеді, айта бергім!

Қай–қайсымыз болмасын еміренпаз аналарымыздың тасып-төгіліп, жүрегінің терең түкпірінен шыққан «О, жаным!», «Айналайын!», «Қалқам!», «Қызым!», «Құлыным!» – деп шын жүрегімен, адал ниетімен қатты тебіренген үні өмірлік құлағымыздан кетпейді. Міне, осындай сезімдерден басталатын ана тілі ана сүтімен біздің бойымызға тарап, ақыл-ойымыз бен сана сезімімізді оятты.

Алғашқы сөз зергерлерінің өсіп-жетіліп қалыптасуына ата-ананың тілдік тәрбиелерінің ерекше әсері болғанын біз білеміз. Біздің жерлес ақынымыз СССР Жазушылар одағының мүшесі ақынымыз Мүбәрак Жаманбалинов өзінің «Балғын күндей балақан» жинағының кіріспе сөзінде: «Орыс

селосында өсіп, қазақ тілін қалай ұмытпадың –деп менен көбірек сұрайды. Бұл жағдай қайта ана тіліне деген құмарлығымды арттыра түсті, –дер едім. Өзің жақсы білетін бір мысал келтірейін. Ең сүйікті асың – шоколадты алдыңа үйіп қойса армансыз бір тоясың да, қайтып беттемейсің. Шоколад та қадірсіз бола бастайды. Ал оны саған ара-тұра там-тұмдап татырса, құмарлығың арта түседі. Маған да солай болды. Қолыма ана тіліндегі бір кітап түсе қалса, оның кейбір сөйлемдерін жаттағанша қайта-қайта оқитын едім. Сөйтіп, қолыма әлдеқалай тие қалған Абайдың өлең жырларын түгел жаттап алдым. Ұлы ақындарды құмарта оқу, поэзияға мені қызықтырып, жетелеп әкетті, –деп жазған сөздері ана тіліне деген құмарлықтың, ана тілін сүюдің мысалы бола алады.

Туған тіліміздің құдіретін оқушыларға үйрету үнемі жүргізіліп отырады. Мектеп бойынша «Ана тіліңнің құдіреті» деген ұранмен айлықтар өткізіліп, оған мұғалімдер де, оқушылар да атсалыса қатысты. Айлық ішінде әдеби тақырыптарға арналған кештер, поэзия кештері жеке ақын – жазушылар творчествосына арналған кештер, сөйлем мүшелері мен сөз таптарына арналған кештер және оқушылар творчествосынан конкурстар өткізілді.

Ата-аналар жұртшылығымен «Ана тілі – бабам тілі – өз тілім» деген тақырыпта конференция өткізілді. Ата-аналар жұртшылығы біздің жасөспірімдер өз халқының тіл мәдениетінің мұрагерлері, содан өмірлік ырзықты емін-еркін ала білулеріне өз үлестерін қосатындығын баса айтты. Осы өткізілген жұмыстар арқылы білім қазынасынан күш-қуат алу үшін ана тілін игере білу керек екеніне, ақыл-ойды дамытатын тек қана ана тілі екенін ата-аналар қауымы да, шәкірттер де түсінді. Оқушылардың ана тіліне деген ынталылығы одан әрі арта түсті.

Мектептің атын шығаратындар шәкірттердің білімдері, олардың ерен еңбектері. Олар: Рамазанов Зекен өз еңбегін өзі оқыған мектебінен бастап, комсомол-совет-партия қызметкерінде болып партияға, Отанға берілгендіктің үлгісін көрсете білді, соның куәсі кеудесіндегі Лениннің қос ордені мен Еңбек Қызыл Ту ордені мен медальдар. Ағымбетов Тұяқ – Ленин орденді облыстың адвакатурасы, Асайынова Балхия – қарапайым еңбеккер, қадірлі ана, Қазақстандық миллиардқа қосқан үлесі үшін Құрмет Белгісі орденіне ие болды. Мұхаметжанов Тілеубек – «Құрмет Белгісі» орденді механизатор, Нұрғалиев Қабдолла – «Құрмет Белгісі» орденді механизатор. Асайынов Елемес – Қазақ ССР-ның тоғызыншы сайланған Жоғарғы Советінің депутаты.

Ертістің Павлодарлық өңірінің жайылымдықтар мен шабындықтар өнімділігін арттырудың биологиялық негіздері туралы түлектеріміз Төлеубай Болатбаев пен Қаратай Рамазанов шұғылданып ғылым кандидаты атағына ие болды. Мұстафина Тасқын медицина ғылымының кандидаты деген атақты қорғап, ғылым докторы атағын алу үшін еңбек етуде. Тасқынның әкесі Құрақ ауданымызда Совет өкіметін орнату үшін белсене қатысқан алғашқы коммунистердің бірі, ардагер мұғалім. Мұстафиндердің мұғалімдік әулеті одан әрі жалғасуда. Қызы Тасқын физкультура институтының кафедра меңгерушісі, Салтанат – шет тілдер институтында аға оқытушы, ұлы Бегежан облыстық оқу бөлімінің инспекторы.

СССР спорт мастері Жылқайдаров Сағындық бұл күндері ғылым кандидаты атағын алу үшін еңбек етуде. Ол Польша, Монғолия, Үнді палуандарымен өткен жолдастық кездесулерге қатысып жеңіске жеткен тәжірибелі, сенімді, әрі үлгілі спортшы.

Смаилов Қазбек, Арыстанғұлов Сембі, Молдахметов Шектібай, Жұматов Сайлаубай, Серікбаев Қасқырбай, Қайыржанов Жексен аспирантураны аяқтап, кіші ғылым қызметкерлері, кандидаттықты қорғау үшін еңбек етуде.

Қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясында кафедра меңгерушісі Алма Қожахметова Иса атасының жолын ұстаған түлегіміздің бірі.

Астанамыз Алматыда қазақтың мемлекеттік концерт-гастроль бірлестігі бар (қазақ концерті). Ол қазақтың, СССР халықтарының музыкалық мұрасы мен совет мәдениетінің озық үлгісін, демократиялық елдер мен прогресшіл шетелдердің музыкалық мәдениетін насихаттайды. Одақ бойынша, шетелдерде қазақ музыкасының озық үлгісін насихаттаушы түлегіміз Құрмет Белгісі орденді әртіс Қапиза Абуғалиева.

Сакижанов Әскербек оқушы кезінен бастап сурет өнеріне икемділігін көрсеткен еді, ал бүгінгі күні республикамыз бойынша белді суретшінің бірі.

Жасөспірімдерге адамгершіліктің асыл қасиеттерін қалыптастырып, өмірден өз орнын таба білуге бағыт-бағдар беру ісінде ұстаздардың еңбегін ерекше атағым келеді. Өйткені ұстаз деген ұлы сөз. Ұстаз деген есім мәңгі ұмытыла ма? Жоқ, ұмытылмайды. Осындай ұстаздар Әпенов Ә., Бақаев М., Жиенбеков Ш., Акшатина В.И., Садыкова М., Байғанова Ф., Орынбаева С., Жиенбекова Д., Маженова Б., Қабылдина Қ., Абдрахманова К., Қалиақпарова Т., Выборнова В.С., Карменова Б., Соловьева М.А., Веселова Т.И., Ужгин Е.П., Адильханов Б., Мұқатова Е., Альжекеева Ү., Исабекова Г., Арғынова К., Омарова Р., Апенова Р., Рахметуллина, Ламашарипов Қ., Бақтыбаев С., Тәңірбергенов Т., Асқаров Х.

Сіздердің өмір жолдарыңызды басушы жас ұстаздар ұмытпақ емес. Сіздерге сіздерден тәрбие алған түлектеріңіздің атынан көптен-көп алғыс айтқым келеді.

Тың игеру қазақ даласының тіршілігін құлпыртып, аудан бейнесін түбегейлі өзгертті. Тың игеру көптеген түлектерімізге өмірлік жолдама беріп, бас мамандар партия-совет қызметкерлері болып өсті. Олардың қатарында С. Молдақасов пен Е. Солтанов сынды түлектеріміз совхоз директоры болды, осы дәстүрді жалғастырушы жас түлектеріміз Қ. Шабенов, Қ. Сердалин, Е. Қасеновтар.

Ауданымыз бойынша ауылшаруашылығының басты буындарында Смағұлов Талғат, Зейнішев Хамза, Айнабеков Байзекеш, Садықов Төлеген, Бултықов Елтас, Игберлинов Зейнулла, Мұқанов Аманжол, Мұнайдаров Аманкелді, Өміржанов, Байкаримов Тасен, Икрамов Еркінжас, Сраилов Кеңес, Серғазинов Құрманғали, Жамалиев Аманжол, Дауленбаев Ермек, Мұқашев Самат, Ахметов Тоқтас, Нығыманов Кәрібай, Камаров Ғалы, Бакиров Ғазиз жемісті еңбек етуде. Олардың қатарына мектепті **«Алтын»** медальмен бітірген Ә. Ламашарипова (1977 жылы) және Дариға Исабекова (1978 жылы) қосылды.



*Мұқатова Елемес*



*Жаманбалинов Мұбарак*



*Ағымбетов Тұяқ*



*Смаилов*
*Қазбек*



*Арыстанғұлов*
*Сембі*



*Жұматов*
*Сайлаубай*



*Акшатина*
*Варвара*



*Садықова*
*Мүнзия*



*Орынбаева*
*Сара*



*Выборнова*
*Варвара*



*Исабекова*
*Ғалия*



*Апенова*
*Роза*



*Ламашарипов Қайырбек*



*Бақтыбаев Сағит*



*Тәңірбергенов Т.*



*Асқаров Ханафия*



*Солтанов Егел*



*Карменова Балташ*



*Сердалин Қияш*



*Зейнішев Хамза*



*Бултықов Елтас*



*Игберлинов Зейнулла*



*Байкаримов Тасен*



*Шабенов Қайыржан*



*Камаров Ғалы*



*Бакиров Ғазиз*



*Арғынова Күлан*



*Веселова Тамара*



*Ужгин Евгений Павлович*



*Икрамов Еркінжас*

1980 жылғы 15 майда мектеп оқушыларының 20 жылдан кейінгі кездесуі өтті. Ол жөнінде СССР Журналистер одағының мүшесі Ғалия Оспанованың «Қызыл Ту» газетінің 2 июльдегі нөмірінде жазған мақаласынан үзінді алсақ та жеткілікті.

«Жиырма жылдан кейінгі кездесуден алған әсерімізді айтып жеткізу қиын. Бұл дәстүр адамды бауырмалдылыққа, үлкен – кішіні сыйлауға, яғни адамгершілікке тәрбиелейді. Көп жыл өткен соң ұшқан ұямызда бас қосып, шәкірт кезімізді еске түсіріп, өткен – кеткенді әңгімелеп, бір жасап қалдық. Бізді шын ықылас, жарқын жүзбен қарсы алып, құрмет көрсеткен жерлестерімізге көп–көп рахмет айтамыз.

Социалистік мемлекет – бүкіл халықтың денсаулығын сақтап, оны үнемі жақсарту жөніндегі қамқорлықты өз міндетіне алып отырған бірден –бір мемлекет. Өмір жолдарын халықтың денсаулығын сақтауға жолдаған түлектеріміз аз емес. Олар Айман Қайырсқақова, Нақтай Садыкова, Тыныштық Жолдыбаев, Мәдениет Махамбетов, Алма Нұржанова, Гүльнар Көпеева, Дәметкен Аманбаева, Орынбасар және Райхан Ауталиповалар.

Мектебіміздің бала тәрбиелеуде қолжеткен табыстарына ата–аналар қауымының қосқан үлестері де аз емес. Олардың мектеп қабырғасында өтетін тәрбие жұмыстарының барлығына қатысып, өз үлестерін қосуы осының айғағы бола алады. Жалғыз мектеп жұмыстарына қатысып қоймай, семьяда бала тәрбиелеудің үлгісі бола алатын да ата-аналар баршылық. Атап айтқанда Ауталиповтар, Қайырсқақовтар, Байкаримовтар, Ламашариповтар, Сарсенбаевтар, Жұматовтар, Арыстанғұловтар, Махиндер, Исабековтар, Ахметовтар т.б. семьялары.


Әлімсүре Әутәліп отбасы
Қабыкен
Шаймұхан
Әутәліп
Диас
Малика
Жәмилә
Орынбасар
Райхан


Ауталиповтар отбасы
Нұрболат
Қабыкен
Шәкен
Темірболат
Нұрлан
Шарбану
Гаухар
Жәнике
Даурен

## Қайырсқақовтар отбасы



*Солдан оңға қарай: Эльназия (немере, Тұрсын жеңгей, Гульмира немере, Тельман, Арман немере, Әни әже, Мүбарак ата, Динара немере, Амина ана, Шолпан, Аселья, Ережепкүйеубала, Вера, Шарипа, Шарбану, Жанат немере, Шарбан, Айман, Әлібек, Әділбек, Данияр немере, Серікхан күйеубала, Ғалымбек, Хайдулла.*


БАЙКӘРІМОВТЕР ОТБАСЫ
Ыдырыс-ата (1905-1965)
Айман-апа (1922-1995)
Есмұқан (1951-1979)
Тасен (1946)
Бекмұқан (1953-2010)
Есен (1949-1995)
Айтмұқан (1956)


Сарсенбаевтар отбасы
Қалымқұл
Құбайла
Бибану
Марат Ғалия
Болат Емберген Гүлбану
Шаймардан




*Жұматов Сағымбай, Жұматов Ғалымбек,*
*Жұматов Ермек, Жұматов Сайлаубай,*
*Жұматова Мария, Жұматова Орынбасар,*
*Жұматова Зайда.*







*Әбілжан, Гүлнар, Әділзаң, Әлия*

Соңғы жылдары жасөспірімдерге коммунистік тәрбие беруге арналған патриоттық қозғалыс кең өріс алып, оған мектеп, еңбек коллективтері және жұртшылық ат салысуда. Мектеп істерінен шет қалмай, балалар мен жастарды оқыту мен тәрбиелеуге қамқорлық көрсететін аудандық тұтынушылар одағының (Миллер В.А), сүт заводының, байланыс бөлімінің (Слямов Ш.) автотранстың (Егоров В.Н) және ішкі істер бөлімінің (Қуанышев О.) коллективтерін атап кеткен де жөн болады.

Ауданымыздың еңбеккерлері КПСС Орталық Комитетінің май (1982 ж.) Пленумы шешімдерін жүзеге асыру жолында еселі еңбек етуде. Аудан шаруашылықтары астық өндіруде, мал шаруашылығы өнімдерін молайтуда елеулі жұмыстар атқарып, нәтижелі табыстарға жетіп келеді. Ауданымыздың болашағы зор, ол болашағына сенеміз. Мектеп түлектерін болашаққа сай етіп тәрбиелеуде біздер барлық күш жігерімізді жұмсаймыз.

Ертіс қазақ орта мектебінің торқалы тойына ерекше назар аударып отырған аудандық партия комитеті мен атқару комитетіне өзіміздің алғысымызды салтанатқа жиналғандар атынан айтқым келеді.

Мектебімізде қалыптасқан оқу–тәрбие жұмыстары бойынша мектеп 1969, 1970, 1981 жылдары республикалық педагогикалық оқуларға қатысты. 50 жылдық төл мерекемізді атай отырып, алдағы уақытта да өзінің бай тарихын, жақсы іс, игі дәстүрлермен толықтыра бермек.

Ертіс қазақ орта мектебінің елу жыл ішінде едәуір жұмыс тындырғанын төмендегі фактілерден көруге болады.

1946 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін 1137 оқушы орта дәрежелі білімге ие болды. 345 адам ордендер мен медальдермен наградталды, оның ішінде сегіз адам Ленин ордені-

мен, 18 адам – Еңбек Қызыл Ту, 20 адам – Құрмет Белгісі, 1 адам – Халықтар достығы, 1 адам – II дәрежелі Еңбек Даңқы, 2 адам – III дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерімен наградталды. 60 адам – халық шаруашылығының бас мамандары, 30 адам – партия –совет қызметкері, 2 – адам СССР денсаулық сақтау ісінің озаттары, 25 адам халық ағарту ісінің озаттары, 5 адам – ғылым кандидаттары, 6 адам – аспирант, 6 адам – журналист, 1 адам – Бүкілодақтық мұғалімдер съезінің делегаты, 2 адам – Қазақстан комсомолы сьезінің делегаты, 1 адам – Бүкілодақтық комсомол съезінің делегаты, 2 адам – Қазақстан мұғалімдер съезінің делегаты. Ұлы Отан соғысына 200 – ден астам адам қатысты.

Оқушылардың белсенді өмірлік позициясын айқындайтын коммунистік тәрбие міндеттері қазір айрықша мәнге ие. Бұл жұмыс бастауыш класстардан басталады. Бастауыш класс мұғалімдері Ш. Алдабергенова, М. Салихзянова сабақ үстінде шәкірттерімен тіл табысып, ортақ күй кеше біледі.

Оқушылардың идеялық беріктігін, белсенді өмірлік позициясын тәрбиелеуде Байболова Д., Жұмажанова Ж., Халиуллин М., Көбешова Б, Безруков И.Г., Махамбетова Ж., Ильясов К. өздерінің тиісті үлестерін қосуда.

Оқыту методикасын шебер меңгерген, шәкірттеріне ғылым негіздерін берік игертіп өздерінің творчестволық күш жігерін сарқа пайдаланған Г. Шарипованы, Ж. Мұсабаевты, Г. Бейсекенованы, Д. Құсайынбекованы, Қ. Көпбергенованы, Ж. Абильдинованы ерекше атауға болады.

Соңғы бір жылға толмайтын уақыт ішінде Б. Қоқымбаева мен Б. Бекжигирова домбыра оркестрін ұйымдастырып, тыңдаушы қауымдарды сүйсіндіруде.





*Оспанова Ғалия*



*Махамбетов Мәдениет*



*Ауталипова Орынбасар*



*Ауталипова Райхан*



*Алдабергенова Шайза*



*Салихзянова Магафируз*



*Байболова Дәметкен*



*Жұмажанова Жамал*



*Халиуллин Мұхаметқали*



*Көбешова Бахыт*



*Безруков И.Г.*



*Махамбетова Жібек*



*Ильясов Каирбек*



*Шарипова Гүлжамал*



*Мұсабаев Жармағамбет*



*Бейсекенова Гүлжан*

Ертіс қазақ орта мектебінің мұғалімдер коллективі КПСС XXIII съезі мен Қазақстан Коммунистік партиясының XV съезінің Халық ағарту ісінің алдына қойған міндеттерді абыройлы шешіп, оқу-тәрбие процесін одан әрі жетілдіру мақсатына барлық резервтерді барынша пайдаланып, шәкірттерді оқыту мен тәрбиелеуде жаңа табыстарға жетеді деп сендіруге рұқсат етіңіздер.

Ұстаздар мен түлектер, сүйікті Отанымыздың даңқын асыратын тамаша, асқақ істер асырылып жатқан жерлердің

бәрінде де әрқашан және барлық істе белсенді өкілдері болыңыздар!

Солқылдата соғыңдар
Бесжылдықтың балғасын!
Арқырасын асаудай
Өндірістің арнасы!

Мектебіміздің 50 жылдық мерейтойы барлығымызға құтты болсын!

1983 жылы қараша айында Қ. Ауталипов зейнеткерлікке шығып, 1988 жылға дейін тарих пәнінен мектепте сабақ берді. Ауданымыз бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлері туралы мәліметтер жинап, аудандық «Иртыш» газетінде мақалалар жазды. 1983-1985 жылдары К. Карменов, 1985-1988 жылдары Қ. Қуанышев мектепті басқарды. Мектептің бұрыннан келе жатқан дәстүрлері сақталып, оқу-тәрбие жұмысы өз деңгейінде өткізіліп жатты. 1988 жылы Г. Шарипова мектепті **Алтын медальмен** бітіріп, мектеп мәртебесін асқақтатты.



**1987 жыл 25 мамыр 10 сынып оқушысы Ә.Тойғамбаева 9 сынып оқушысы Г.Шариповаға мектеп туын тапсыруда**

1989 жылы Республикамызда «Тілдер туралы» заңның қабылдануы ауданымыздағы қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятып, ата-аналар балаларын қазақ мектептеріне оқуға жаппай бере бастады. Осы жылы 1 сыныпқа 50 оқушы қабылданды. Бастауыш және орта буынға орыс мектептерінен қазақ балалары көптеп ауыса бастады. 1989 жылы Әлия Қалиақпарова болашақ мұғалім факультетін бітіріп, аттестатпен бірге Павлодар педагогикалық институтына емтихансыз қабылданғаны туралы анықтама алды. 1990 жылы Жанаргүл Әлжанова (мұғалімі М. Халиуллин) Қызылорда қаласында өткен республикалық пән олимпиадасында қазақ тілі пәнінен, ал 1992 жылы Руслан Әлжанов (мұғалімі Д. Байболова) Ақтөбе қаласында өткен республикалық пән олимпиадасында орыс тілі және әдебиет пәнінен, Раушан Орынбаева, Гүлнар Сағынтаева жүлделі II, III орындарға ие болды. Ал Нүрсеитова Ғалия Алматы қаласындағы физика-математика мектебіне қабылданды.

Осы жылдары оқушыларға сапалы білім беруде М. Халиуллин, Г. Бейсекенова, Д. Рахметова, М. Салихзянова, Г. Шарипова, Б. Көбешова, Ж. Жұмажанова, М. Сарсенбаева, З. Рахметжанова, М. Уалиева, Ж. Ахметжанов табысты еңбек етті.

1992 жылы Искакова Анар мектепті **Күміс медальмен** бітірді. 1990 жылы мектеп ауданда бірінші болып Наурыз мерекесін тойлады. Бұл ата-аналар мен оқушыларға тәрбиелік мәні зор іс-шара болды.



Оқу-тәрбие жұмысында мектептің тәжірибесі облыстық деңгейде ескеріліп, 1989 жылы қараша айында облыстық қазақ мектептері директорларының «Өз тіліңді сақтай біл» атты тақырыпта семинар өткізіліп, облыс білім бөлімінің жоғарғы бағасына ие болды. 1990 жылдары мектеп ұжымы Нұрболат Ауталиповтың басшылығымен мектепке жаңа ғимарат салуды аудандық және облыстық деңгейге көтеріп, М. Жаманбалинов және Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесінің депутаты, мектеп түлегі Қайыржан Шабеновтың, аудандық атқару комитетінің төрағасы Қ. Шакировтың қолдауларымен 1991 жылы сәуір айында мектеп ғимараты құрылысының басталуына қол жеткізді. Ал мектеп ғимаратының салынуын облыс әкімінің орынбасары А.Б. Аубакиров өз бақылауына алды. 1993 жылы 1 желтоқсанда жаңа ғимаратты М. Мерғалымов қабылдап алды.



Бұл оқу-тәрбие жұмысын жаңа деңгейге көтеруге өз ықпалын тигізді. Оған дәлел, 1998 жылы Аралбаева Қымбат, Нурсултанова Айгерім, Жұмажанова Әсем, 1999 жылы Кудерина Шолпан, Айкенова Әсемгүл, Бейсенбаев Әсет, Сұраганов Ақтан, Темірханова Еркеш, 2000 жылы Ахметжанов Рустам, Жұмажанова Самал, Айтуарова Әлия, Акимова Гүлнар, Жаналина Жанар, Исина Әсел, 2001 жылы Баязова Сания, Қалиақпарова Мадина, Қуанышева Әсел, Сүлбаева Динара, 2002 жылы Ламашарипов Руслан, 2003 жылы Сакижанова Сандуғаш, Сүлбаева Анара, Темірбаева Жаннар, Махамбетова Жанар мектепті «Үздік» аттестаттармен бітірді. 2003 жылы 19 маусымда мектеп ұжымы А. Айтыбаевтың басшылығымен және аудан әкімі А. Адамовтың қолдауымен салтанатты түрде мектептің 70 жылдық мерейтойын өткізді.

2003 жылы тамыз айында мектепке директор болып Н. Ауталипов тағайындалып, оқу-тәрбие жүйесіне жаңа бастамалар алып келді. Жас бүлдіршіндердің қазақша сөйлеу және ойлау қабілеттерін дамыту үшін бастауыш сыныптарда «Мүбәрактану» арнайы курсы енгізілді. Оның оқулығын бас-

тауыш сынып мұғалімдері Қ. Жапенова және Н. Бейсенбаева жазып шықты. 2004 жылдан мектепшілік және 2011 жылдан аудандық «Мүбәрак» оқулары өткізілуде.




Сонымен қатар бастауыш сыныптарға ағылшын тілі және информатика пәндері енгізілді. 5 сыныпта Ғ. Тұрсынов қазақ тілі және әдебиет пәнін тереңдетіп оқыту бағдарламасын жасап, іске асырды. Бұл жұмысты қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімдері Ә. Көпеева, З. Батабаева, географиядан Ә. Махметов, информатикадан Г. Шарипова жалғастырды. Г. Мамбетова физикадан, Г. Қалым химиядан өз пәндерін алдын-ала оқытуды қолға алды. 2007 жылы облыстық «Үздік ауыл мектебі» байқауында мектеп оқу-тәрбие жұмысындағы жетістіктері үшін II орынға ие болды. 2011 оқу жылынан бастап аудан әкімінің қаулысымен 4 лицей сыныптары ашылды.

Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Сарсенбаеваның басшылығымен оқушылардың ғылыми қоғамы құрылып, нәтижелі жұмыс істей бастады. 2005 жылы Ә. Көпееваның жетекшілігімен 11 сынып оқушысы Ж. Айкенова ауданда бірінші болып облыстық ғылыми жобалар сайысына қатысып, «М. Жаманбалинов – қоғам қайраткері» ғылыми жұмысы «Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференция материалдары жинағына енді. 2009 жылы облыстық ғылыми жобалар сайысында Жусупбаев Саят (жетекшісі Ү. Досмағамбетова) Инновациялық Еуразиялық университеті ректорының оқу грантын жеңіп алды. Сол жылы облыстық ғылыми жобалар сайысында «Павлодар өңірі үшін ең маңызды жоба» номинациясын 9 сынып оқушысы Қабыкен Мағжан (жетекшісі Г. Шарипова) иеленді. 2011 жылы Ә. Махметовтың жетекшілігімен «Ертіс дарыны» облыстық сырттай оқу мектебінің шағын олимпиадасында география пәнінен Қабыкен Данара, Ибрагимова Мадина, Жагипарова Анар, Баянбаев Расул, Жүркешов Мейрам жүлделі орындарға ие болды. 2013 жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық, республикалық ғылыми жобалар сайысында 11 сынып оқушысы Ибрагимова Мадина III жүлделі орынды иеленді, Байқоңыр қаласында өткен VIII Халықаралық ғылыми жобалар сайысында сертификатпен марапатталды, Кипр Республикасында өткен Халықаралық ғылыми жобалар сайысының қатысушысы, жоғары оқу орнының грант иегері атанды. 2013 жылы Қабыкен Данара (мұғалімі А. Бекниязова) ПМПИ өткізген облыстық 11 сыныптар арасындағы пәндер олимпиадасында математика пәнінен жеңімпазы атанып, институт ректоры тағайындаған грантқа ие болды. Ән-күй пәні мұғалімі Иманберлинова Гүлсаранның жетекшілігімен Карибаева Махаббат, Нұр тобы, Мирас дуэті,

Айналайын вокал тобы, Шабыт квартеті, Камилов Сәкен, Ахметжан Дина, Талап Шыңғыс, Нұрыш Наргүл облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпаздары және жүлделі орын иегерлері атанды. Оқушыларды әскери-патриоттық бағытта тәрбиелеуде мектептің алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі М. Иманжапаровтың еңбегін ерекше айтуға болады.

Ұлы Отан соғысы ардагері И. Безруковтың 80 жылдық мерейтойы, мектептің аса қадірлі ұстазы М. Салихзянованың 70 жылдық мерейтойы, зейнеткерлікке шыққан мұғалімдер: Г. Шарипова, Ж. Жұмажанова, Г. Жұмажанованың мерейтойлары мектеп оқушылары мен ұстаздарына ерекше әсер қалдырды.

Мектептің материалдық базасы соңғы үлгідегі оқу құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіле бастады. 2007 жылдан бастап мектепте тарих, ағылшын тілі, математика, қазақ тілі кабинеттері интерактивті тақталармен, ал химия, биология, физика кабинеттері интерактивті тақталарға қоса арнайы зертханалық құралдармен, сонымен қатар информатика және мультимедия кабинеттері соңғы үлгідегі компьютерлермен жабдықталды.






2010 жылы Қалым Айпара, Жұмабаева Айгерім, 2011 жылы Какеева Алтынгүл, Айтуарова Айгерім, Жұмагелдинова Меруерт, 2014 жылы Баянбаев Расул мектепті **«Алтын белгімен»** бітіріп, еліміздің белді жоғарғы оқу орындарында оқиды.

2012 жылы 1 желтоқсанда мектебімізде тұңғыш президент кабинетін аудан әкімі Ж. Шұғаев және 11 сынып оқушысы А. Алқамбек салтанатты түрде ашты.



*11 сынып оқушысы А. Алқамбек,*
*мектеп директоры Н. Ауталипов, аудан әкімі Ж. Шұғаев*



*Аудан әкімі оқушылардың арасында*

Оқушыларды тәрбиелеуде мектеппен қоса ата-аналардың да үлестері зор. Олардың ішінде ерекше атап өтетін отбасылар: Ауталиповтар, Жаналиндер, Қалым отбасы, Секербаевтар, Бекпауовтар, Жаманбалиновтар.

## Ауталиповтар отбасы




*Мағжан, Данара, Гүлжамал, Нұрболат*

**Жаналиндер отбасы**



*Баян, Жанар, Ұлболсын, Бақыт, Гүлназ, Рамазан, Мөлдір*

## Қалым отбасы



*Гүлжазира, Емберген, Айпара, Тоғжан, Кәусар*

## Бекпауовтар отбасы



*1 қатар Төлеш, Шолпан, Нұрислам, Фархат, Бисұлтан*
*2 қатар Толғанай, Айлана, Азамат, Асхат, Айнұр, Нұрлыбек, Ғалия*

## Жаманбалиновтар отбасы



*Ұмсынған, Талап, Дариға, Алмагүл,*
*Әсем, Камшат, Қанат*

## Секербаевтар отбасы



2013 жылы орта буын оқушылары Қозыбаева Қымбат, Айтжанова Саяжан, Ибрагимов Әділ, Сапарбек Айдар, 2014 жылы Беспаев Мәдениет, Жаманбалинов Қанат, 2015 жылы Таласов Ерқанат химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебіне оқуға түсті.



*Қозыбаева*
*Қымбат*



*Айтжанова*
*Саяжан*



*Ибрагимов*
*Әділ*



*Сапарбек*
*Айдар*



*Беспаев*
*Мәдениет*



*Жаманбалинов*
*Қанат*



*Таласов*
*Ерқанат*

Оқушылардың бойына адамгершілік құндылықтары сіңіруге өз үлестерін қосқан ұстаздар: Н. Апенов, Қ. Жапенова, Б. Сарсенбаева, А. Айтыбаев, Ғ. Тұрсынов, М. Сарсенбаева, Ә. Көпеева, Ү. Досмағамбетова, Г. Қалым, Г. Мамбетова, З. Әбілдинова, А. Бекниязова, О. Сакижанов, Г. Ауталипова, М. Орумбаева, Б. Жакупова, Ж. Камалова, Н. Бейсенбаева, Қ. Малдыбаева, М. Қалиақпарова, Ж. Аманжолов, А. Аманжолова, К. Әбеуова, Г. Иманберлинова, З. Батабаева, Т. Аленов, М. Иманжапаров, М. Көшербаева, Ж. Шыңғысова, Ы. Исамалинова, М. Қияшова, Г. Омарованы атап өтуге болады.

«Мың жылдығыңды ойласың, ұрпақ тәрбиеле», - деген қазақ халқының даналық сөзі бар. Жеке тұлғаны тәрбиелеуде ұстаздар жас ұрпақ бойына білім ғана емес, ізгілік нұрын себеді. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстыратын, ұлт мақсаттарына жетелейтін идея бар. Ол – «Мәңгілік ел» идеясы. «Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асырудың бір жолы – ұлттық салт-дәстүрімізді сақтап қана қоймай, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу. Олай болса, қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналсын деп тілейміз.



*Мұғалімдер ұжымы*



*1930 жылдағы түлектер*



*1930 жылғы мұғалімдер*



*1940 жылдарғы түлектер*



*1941–1942 жылдардағы мұғалімдер ұжымы*



*Алғашқы пионерлер*



*1948 жылғы пионерлер*



*Көкеш Смағұлова шәкірттерімен бірге*



*Майдандастар*



# Мерейтойлар

***25 жыл***
***20 жылдан кейінгі кездесу***
***50 жыл***
***70 жыл***



## Мектептің 25 жылдық мерейтойы (21 мамыр 1965 жыл)

Қаңтардың бір суық, аязды күні еді. Оқушылар қысқы каникулдан келіп, мектепте үшінші тоқсандық программасы бойынша сабақтар өтіліп жатқан кез. Мектеп директоры қолындағы кезекті мәжіліс бұрынғыдай емес, − осы жолы бүкіл мұғалімдер ұжымы қатыстырылып отыр. Мектеп директоры каникулдың өтуі туралы және алдағы оқу–тәрбие жұмысының негізгі міндеттеріне қысқаша тоқталып өтті де, мұғалімдерге өзінің айтайын деген негізгі ойы – «мектебіміздің 25 жылдық мерейтойын мамыр айының ақырына қарай өткізсек қалай болар еді», - деген пікірін айтты.

«Оқу жылы басталғаннан бергі уақыттың тегересінде – деді ол, − көптеген мектеп бітірушілерімізден 9×12 фотолары мен «келеміз» деген жауап хаттарын алып отырмыз. Қысқы демалыс кезеңінде өткізуімізге Отанымыздың әр түкпірінде еңбек етіп жүрген мектеп бітірушілеріміздің көпшілігі бұл кезеңде келе алмайтын болғандықтан, бұл мерекені мамырдың қай күнінде өткізген жөн болады?». Ұйғарым – 21 мамыр сенбі, жексенбі күндері, оқу жылының аяқталар кезеңі. Мәжілісте мерейтойға дайындықты өткізу жөніндегі комиссияның құрамын және әр істерді орындауға жауапты адамдарды тағайындады. Комиссияның мүшелері 7 адамнан тағайындалды, ұйымдастыру комитетінің төрағасы – мектеп директоры Қабыкен Ауталипов.

Істелетін істер жоспары қысқаша мынандай болды:

1. Мерейтойға арналған баяндаманы және жоғарғы класс оқушылары мен мектеп бітірушілердің кездесуін өткізу – Ауталиповке;

2. Концерттік номерлерді дайындау – 11 класс оқушылары және мұғалімдер: Қасенова А., Халиуллин М., Салихзянова Мағафирузға;
3. Мерейтойлық газет шығару – Халиуллин М. және Мәмиленовке;
4. Мектептің салтанатты мерейтойына пано және ескерткіш эмблема – фотолар жасау – Безруков И.Г., Дәуленбаевқа;
5. Ескерткіш жұлдызша значоктар дайындау – комсомол комитетіне;
6. Класс бөлмелерін безендіру және оқушылардың күшімен жасалған көрнекі құралдарды орналастыру, класс газеттерін шығару – әр класқа және класс жетекшілеріне;
7. Мектеп залына түрлі стендтер ілу және қосымша, жаңа стендтер дайындау: а) «Ұлы Отан соғысының ардагерлері»; ә) «Мектебіміздің түлектері»; б) Мектеп жаңалықтары: 1) «Оқу озаттары»; 2) «Спорт жетістіктері»; 3) «Химия жаңалықтары» атты стендтер 9–11 класс оқушыларына және мұғалімдер Ламашарипов, Абуов, Сарбасовқа;
8. Әр кластың жетістіктері туралы класс шежірелерін толықтыру – класс жетекшілеріне және әр класқа жүктелді.
9. Кластан тыс өткізілген жұмыстар туралы альбомдар дайындау – мұғалімдерге;
10. Ұлттық киім мен әр ұлттық киімдер дайындау 1-11 класс оқушыларына және класс жетекшілеріне жүктелді.
11. Кезекшілерді тағайындау – комсомол комитетіне.

12. Мектеп сыртына ұрандар, плакаттар жазу, ілу – Ламашарипов, Безруков, Мәмиленов, Дәуленбаевқа тапсырылды.
13. Комсомолдардың, пионерлердің құттықтау, қарсы алу номерлерін дайындау – комсомол комитетіне, мұғалімдерге, аға пионервожатый Салихзяноваға;
14. Әр кластан құттықтау сөздерге оқушылар дайындау – комсомол комитетіне;
15. Қазақ ССР Мемлекеттік Гимнін және алғашқы мектеп бітірушілердің көп айтқан өлеңі, Т. Жароковтың «Миллион толқын» әнін орындауға дайындық – комсомол комитеті мен мұғалім Халиуллинге тапсырылды.
16. Аудан басшыларын мерейтойға шақыру, салтанатты мәжілісті өткізу орнын тағайындау және буфет ұйымдастыруға жауаптылар: Ауталипов Қ. және Ламашарипов жолдастар болды. 20 мамыр күні осы істердің орындалғандығы жөнінде комиссияның алдында орындаушылар есеп берді.

Міне, көптен күткен 21 мамыр күні де келіп жетті. Бүгін күн бұлтсыз, ашық және тымық. Мерейтойға келушілер саны бірте–бірте арта түсуде. Осыдан бір күн бұрын мектептің ең алғашқы директоры Мұхамедин Қали және ең алғаш мектеп іргесін қаласқан, өз көздерімен көріп, өздері басшылық етіп, істі аяқтаушы жолдастар – сол кездегі аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі А.С. Выборнов, сол кездегі аудандық халық ағарту бөлімінің инспекторы – Асқаров Қанафия, алғашқы мұғалімдердің бірі – Сейітов Көкетай жандарындағы жолдастарымен келіп, мектеп оқытушы және оқушы ұжымдарымен амандасып, мектеп өмірімен танысқан–ды. Міне, бүгін сол жолдастарымен бірге Павлодар облысының әр ау-

данында түрліше мамандықтар мен түрліше қызмет иелері осы мектептің бір кездегі самғап ұшқан түлектері көптеп келіп жатыр.

Ескерту: (1940–1960 жылдар аралығындағы қызмет етуші және мектеп бітірушілер ғана шақырылды).

Мектеп табалдырығын аттар тұсында оларды мектебіміздің Ғани Мұратбаев атындағы дружинаның пионерлері салют беріп қарсы алады да, ішке қарай жөн сілтеп, залда, столдар қасында тосып тұрған комсомолдарға бағыттайды.

Комсомолдар – жоғарғы класс оқушылары, мектеп эмблема – фотосын табыс етіп, 25 жылдық мерейтой значогін қадап тұр.

Бірнеше комсомол әр келушінің тізімін, қайда, не қызмет атқаратыны туралы мәліметтерді жазып алып жатыр. Бұдан соң келушілерді мектеп мұғалімдер коллективі қарсы алып, мектеп жаңалықтарын айтып, класс бөлмелерін, кабинеттерді аралатып таныстырып жүр. Мектеп іші көңілді күлкі, сыңғырлаған дауыстарға толды. Біраздан кейін келушілер мектеп бағының ішінде топталып та, екі–үштен, бесеу–алтаудан да ескерткіш фотоларға түсісті. Бақ ішінде музыка ойналып, би биленді, әндер айтылды. Келушілер саны молайып келеді, 170 адам. (Шақырылушы барлығы 300–ден астам адам болатын).

Сағат 12–нің кезі. Шеткі кең, кездесуге арналған, жабдықталған класс бөлмесінде жоғарғы класс оқушылары мен (10–11 класс оқушылары, мектеп бітірушілер) келушілердің кездесуі басталды. Мектеп директоры Қабыкен Ауталипов салтанатты кездесуді ашып, жиналғандарға арнап құттықтау сөздер айтты. Кездесуде сөйлегендер:

1. Мұхарова Сақан – мұғалім;

2. Смағұлов Сатай – мұғалім;
3. Сейітов Көкетай – мұғалім;
4. Дәуітбаев Балға – аудандық милиция бөлімінің қызметкері;
5. Қапашев Дүйсен – аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі;
6. Ауталипов Диас – инженер;
7. Молдабеков Қасен – мұғалім;
8. Мейірманов Әсен – аудандық ауылшаруашылық басқармасының агрономы;
9. Ахметжанов Кәрім – аудандық милиция бөлімінің қызметкері;

Сағат екі. Тойға жинаушылар әр топқа бөлініп, түскі тамаққа тарасты.

Келушілер әлі толастаған жоқ, тіпті ертең де, оның арғы күні де келетіндер бар көрінеді, келе алмаушылар телеграммамен құттықтаулар жіберіп жатыр. Мысалы, осы мектептің түлектері: Әбуғалиева Қапиза – Қазақ ССР халық артисі, Қарменов Күлтай – Лазов аудандық партия комитетінің екінші секретары.

Сағат $15^{00}$. АТК – 3 клубының маңы қайнаған халық. Клуб ауласындағы көрікті бақ арасында топталып үйір–үйір болып кеңескен, ескерткіш фотоға түсуші адамдар. Бір кезде қоңырау да соғылды. Сырттағы тұрған халық клуб ішіне кіріп, жайғасып орын алысты. Президиумда мектептің алғашқы директоры (қазір Екібастұз совхозының мектебінде мұғалім) Мұхамедиев Қали жолдас. Ол салтанатты мәжілісті (гимн орындалды, «Миллион толқын» әні айтылды) ашып, президиум мүшелерін сайлап беруді сұрады. Президиумға:

1. Ауталипов Қабыкен – мектептің қазіргі директоры.
2. Мұхамедин Қали – мектептің алғашқы директоры.

3. Баймұхаметов Сәту – аудандық партия комитетінің 2-секретары.
4. Дегтярева Т.И. − аудандық партия комитетінің 3-секретары.
5. Лазарев А.И. – аудандық атқару комитетінің председателінің орынбасары.
6. Нуждин В.И. – аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі.
7. Плахотин Г.Г. – аудандық мұғалімдердің кәсіподақ ұйымының председателі.
8. Хачатуров Г.М. – аудандық комсомол комитетінің секретары.
9. Каримова К.У. – мектеп бітіруші (Железинка ауданындағы Комаровка сегізжылдық мектебінің мұғалімі).
10. Жұмағұлова Хорлан – алғашқы мектеп бітіруші.
11. Хамитова Хакимә – мектеп бітіруші (Павлодардың №11 мектебінің мұғалімі).
12. Қапашев Дүйсен – алғашқы мектеп бітіруші (аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі).
13. Ләдінов Сатыбалды – мектеп бітіруші (Железинка аудандық партия комитетінің үгіт–насихат бөлімінің меңгерушісі).
14. Ыбыраева Мәрияш – мұғалімдер анасынан.
15. Оспанова Ғалия – мектеп оқушысы – комсомол ұйымы.
16. Ильяшев Ерғали – мектеп бітіруші (Максим Горький орта мектебінің мұғалімі).
17. Выборнов А.С. – алғашқы халық ағарту бөлімінің меңгерушісі атынан сайланды. Президиум мүшелері орын алғаннан кейін, мәжіліс басқарушы алғашқы сөзді Ауталипов жолдасқа берді.

Баяндамасында Ауталипов жолдас былай деді:

− «Мектебіміз 1940–1941 оқу жылында жұмысқа берілді. Оны салуда сол кездегі аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі Выборнов А.С. пен оқу инспекторы Рудик В.Ф. өздерінің айтарлықтай еңбегін қосты. Мектеп құрылысын ойдағыдай аяқтағаны үшін Қазақ ССР Оқу Комиссариаты Выборновқа алғыс жариялап, бағалы сыйлық берді. Әрине, оған біз де ризалық білдіреміз. Мектептің алғашқы оқу жылы ойдағыдай басталды. 153 оқушы болды. Мектеп директоры Мұхамедин Қали, мұғалімдер: Әдиев Боранбай, Сейітов, Кенжебаев Зәйкен, Аманбаев Жәмәли, Қожимов Қайдар, Кәримова Бәттай.

Отан соғысы жылдарында мектеп оқушылары майдандағы армияға жылы киімдер жинап, көмек көрсеткені үшін Бас командованиенің алғысы жарияланған Грамотамен наградталынды.

Соғыс жылдарында жоғарғы кластардағы жасы толған жастар Отан қорғауға аттанды. Олардың көпшілігі азаматтық борышын аяқтап, фашистік Германияны жеңуге зор үлестерін қосты. Қалин Ш., Макауов Марқа, Алимсуренов Қалиақпар, Дүйсенбинов Шәйкен, Биләлов Қайырбай, Кәрімов Сағадат, Әбуов, Рамазанов Зейніш т.б.

Отан соғысында кейбір жолдастарымыз ерлікпен қаза тапты. Кенжебаев Зәйкен Москва түбінде қаза болды, Әбуов Боранбай, Шәмілов Әутен т.б. Олар мектептің мәңгілік тізіміне жазылды. Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін, 1946 жылы орта мектепті тұңғыш рет 20 оқушы бітіріп шықты. Олар: Қайырсқақова Қайнел, Жылқайдарова Мәрөш, Смағұлова Көкеш, Жұмағұлова Хорлан, Алдабергенова Ш., Шәрімқұлова Зейнеп, Ауталипова Жәмилә т.б.

1946 жылдан 1966 жылға дейін 567 оқушы орта дәрежелі білім алды. Биылғы оқу жылындағы бітіріп шығушыларды есептегенде 20 рет мектеп бітірушілерді шығарды. Мектепті бітірген жастар халық шаруашылығының барлық салаларында еңбек етуде. Олардың ішінен оқуда, қоғам жұмысында үздік болғандар аз емес. Олар: Әкімбеков Иманғали, Зәкәриянов Қоқан, Рахымжанов Қайыржан, Оразғұлов Қабдолла, Бижігітов Әбдіраш, Күміс, Зейнілғабиденов Нәжмиден, Әубәкіров Кеңес, Ауталипова Орынбасар, Болатбаев, Жұмаділов Қайыржан, Молдабеков Қасен, Рамазанов Жанайдар, Ләдінов Сатыбалды, Мұқатова Сақан, Бекболатов Матай, Бекбатыров Смағұл, Ешматов Қайырбай, Ысқақов Жасұлан, Тілегенов Сағынтай, Үсенова Октябрина, Дүйсекенова Шүкетай, Құсайынов Шәкар, Қайырсқақов Тельман, Қасымов Мұрат, Сыздықов Амангелді, Әйкенов Есен, Қасенова Алтын, Ықыласов Мұрат т.б.

Бұдан әрі баяндамашы басқа да бірталай мектебіміздің мақтанышы ғана емес, облысқа, республикаға даңқты түлектер туралы даралап айтып берді.

− «Ширек ғасыр аз мерзім емес», - деді ол, - осынша уақытта мектеп қабырғасынан түлеп ұшқандардың бірқатары аудан емес, облыс, республика мақтанышы. Мысалы, спорт мастері Сағындық Жылқайдаров еркін күрестен республика намысын қорғап жүрсе, «Құрмет Белгісі» орденді әртіс Қапиза Әбуғалиева Қазақстандық бұлбұлдардың бірі. Болатбаев Төлейбай – Қазақ ССР Ғылым Академиясында Ботаника институтының аспиранты, ғылыми қызметкер. (Павлодар облысының шаруашылықтары бойынша) «Павлодар облысындағы мал азығының ресурстары» - деген тақырыпқа жұмыс істеп жүр. Ғылыми еңбектері осы тақырыптарда жарыққа шықты. Павлодар облысының шаруашылықтары

бойынша геоботаникалық карталарын жасап, ғылыми–өндірістік отчёттар жазды. Рамазанов Қаратай – сол институтта ғылыми қызметкер. Жас мамандар Әубәкіров – агроном, Назықбаев, Әкімбеков, Оразғұлов Қабдолла – мектеп директоры. Сарбасов, Әбдірахманов, Смағұлов Жасұлан – зоотехниктер. Совет Армиясында: Ысқақов Жеңіс, Қарабаев, Мұқанов Аманжол т.б. Молдақасов Сатқан, Солтанов Егел – совхоз директорлары. Карменов Күлтай – Лазов аудан парткомының 2–секретары, Ильяшев Қабылқақ – аудандық партия комитетінің үгіт – насихат бөлімінің меңгерушісі. Тілекенов Сағынтай, Дәуітбаев Балға, Ағымбетов – заң қызметкерлері. Мектептің алғашқы жылдарында істеген мұғалімдерді, сол кездегі мектеп бітірушілер қазіргі күндерде де естеріне түсіріп, оларға өздерінің шын жүректен алғыстарын айтады. Ондай алғысқа ие болғандар: Сейітов К., Карюкова Ғ., Оспанова Қ., Тимченко А.Н., Ысқақова К., Тәңірбергенов, Асқаров, Мұхамедин Қ.. Отан соғысы аяқталғаннан кейін мектепке жаңадан көптеген жастар мұғалімдікке қайта оралды. Қапашев Д., Ламашарипов, Байсарин Қ., Рамазанов Зекен, Ауталипов Қ. Олар қоғам жұмысына белсене қатысты. Сонымен бірге қажырлы еңбеккерлер: шофёр Бакиров Сәдір, Мұқарова Сақан – мұғалім, КПСС мүшесі, Жұмаділов – насихатшы, ОК–ның Құрмет Грамотасымен наградталған, Салықова – алтын астық дайындауда үлес қосуда. Смағұлов Сатай – мұғалім, КПСС мүшесі, Қаденов Иманбай, Ахатаев – озат шофёрлар. Ахметов, Нұрғалиев – шабандар.

Қазақ жастары коммунистік партияның басшылығымен байтақ далада социализмнің алғашқы отауын тігісіп, қараңғы елді әлеуметтік жаңа өмірге жұмылдыруға аянбай ат салысты. Біздің ауданда марқұм Ысқақов Сейітахмет – Жоғарғы

Совет депутаты, алғашқы Совдеп председателі. Қазақстан топырағында патшалы Россия кезінде болып көрмеген өнеркәсіпті дамыту, ауылшаруашылығын коллективтендіру, мәдениет майданы т.б. құрылыстарда революциялық жігермен беріле еңбек еткен жастар бұл күндерде қадірлі қарияға айналды, мысалы: Бурин Әмірхан, Өтеубаев Уақит, Жұматов Сағынбай, Төлеубеков Балға – пенсиядағылар.

Бұдан кейін баяндамашы Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің ерлік істерін, қазіргі кездегі Отан игілігіне еңбек етіп құрметті атқа ие болып жүрген бірталай мектеп түлектерінің есімдерін атап, жиналғандарды таныстырып өтті. Ауталипов жолдас бұдан кейін мектебіміздің қазіргі жағдайымен, мектеп оқытушы – коллективімен, оқу–тәрбие жұмысының барысымен таныстырды. Сөзінің соңында баяндамашы келуші жолдастарға мектеп коллективі атынан алғыс айтып, шын жүректен ризалығын білдірді.

Сөйлеушілер:

1. Оразғұлов Қ. – мектеп бітіруші (мектеп директоры).
2. Тілекенов С. – мектеп бітіруші (Краснокутск ауданы, МВД қызметкері, капитан).
3. Сарбасов Жанатай – мектеп бітіруші (аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас зоотехнигі).
4. Жұмаділов Қ. – мұғалім (мектеп бітіруші).
5. Сейітов К. – алғашқы мұғалім (мұғалім).
6. Мұқарова С. - мұғалім (мектеп бітіруші).
7. Ләдінов С. – мектеп бітіруші (Железинка аудандық партия комитетінің үгіт–насихат бөлімінің меңгерушісі).
8. Ләдінов С. өзімен келген бір топ жолдастары атынан құттықтап, фотоаппарат (комплект) тапсырды. Мұқарова С. бірнеше пар ұлттық костюмдер табыс етті.

9. Баймұхаметов Сәту – аудандық партия комитеті аппаратынан «Құттықтау хат», жеңіл кітапхана тапсырды.
10. Нуждин В.И. – аудандық халық ағарту бөлімінің (коллективі) атынан құттықтап, магнитофон тарту етті.
11. Плахотин Г.Г. – аудандық мұғалімдер кәсіподағы ұйымы атынан құттықтап, мектепке, мектеп директорына облыстық, аудандық грамоталар тапсырды және көптеген мұғалімдерге грамоталар тапсырды.
12. Хачатуров Г.М. – аудандық комсомол комитеті атынан құттықтап, баян тарту етті.
13. Мектеп директоры мектеп атынан көптеген қарт мұғалімдерге және кейбір мектеп бітірушілерге грамоталар тапсырды, көпшілік мұғалімдерге (мектебіміздің мұғалімдеріне) алғыс жариялады. Мектеп бітірушілерден келген құттықтау телеграммалары оқылды. Мектеп оқушылары (әр кластан бір оқушыдан) құттықтап, өз класс шежірелерін мектеп атына табыс етті. Демеушілерден де сөйлеушілер – құттықтаушылар шығып, өз сыйлықтарын, тартуларын берісті. Оқушы комсомолдар (мектептің) атынан келушілерді құттықтаған Оспанова Ғалия өз өлеңін оқып берді. Мектептің оқу ісінің меңгерушісі Халиуллин өзінің құттықтау өлеңін оқып берді.

Содан кейін мектеп пионерлерінің (Ғ. Мұратбаев атындағы дружина) құттықтау концерті, гүл тапсырулары болды. Салтанатты мәжіліс аяқталып, Қазақ ССР Мемлекеттік Гимні шырқалды, біраздан соң жоғарғы класс оқушылары мен мектеп оқытушылар коллективінің юбилейлік концерті қойылды. Концертке келуші түлектерден де қатысқандар болды. Жиналған көпшілік концерттен соң мектеп дирекциясына, мұғалімдер коллективіне мектебіміздің 25 жылдық юбилейін

жасап, құрмет көрсеткендіктеріне көптен–көп алғыс айтып, мұндай дәстүрдің жақсы дәстүр екендігін және бұдан былай да мектептеріміз осы бастаманы ілгері дамытып отыруының тәрбиелік мәні аса зор екендігін атап көрсетті. Күн ұясына барған уақытта жиналған көпшілік топ–тобымен қонақ үйлерге тарасты. Келуші топтар өздері ала келген той малдарын әр үйлерде сойғызып дайындатып, бірін–бірі қонақ етісті. Ертең олар сүйікті мектебін тағы көреді де, әрқайсысы өз жерлеріне, тиісті қызметтеріне кетіседі.

Сау болыңыздар, достар!



*Мектептің 25 жылдық мерейтойына қатысушылар Ахметжанов К., Қабышев Н., Ешматов Қ., Сейітов К., Әпенов Ә., Мұхамедин Қ., Выборнов А.С, Орынбаева С.О., Оразғұлов Қ.У., Қапашев Д.А., Бижігітов Ә., Халиуллин М., Ләдінов С.Л., Алдабергенова Ш.Е., Махамбетова Ж., Айтышев Қ., Дауленова, Мұсабаев Ж.М.*



*Отырғандар: Лазарев А.И, Баймұхаметов С.Б,*
*Легтярева Т.Н, Мұхамедиев Қ, Ауталипов Қ.А, Асқаров Қ.А.*
*Тұрғандар: Сейітов К.С., Ламашарипов Қ.Л.,*
*Хачатуров Г.М., Алексеева, Выборнов А.С., Балташев М.Б.,*
*Халиуллин М., Плахотин Г.Г., Ключко И.И., Оспанов А.,*
*Балтабаев Ж., Мақауов М., Қапашев Д.А., Шрамко В.С.,*
*Момынов Б.И., Дорошенко И.И., Сарбасов Б.С., Қаденов И.,*
*Уәлиев А., Абдрақов Қ.*



## Ұшқан ұяда

Маужыраған көктем. Жан-жағын жасыл желек көмкерген ерке Ертіс толқындана ағып жатыр. Көркіне қанша қарасаң көз тоймастай. Жағалауындағы Ертіс қаласы да өзінің әсем үйлері, кең көшелері, жапырақтары жайқалған ағаштары, бау-бақшаларымен осы көрініске жарасым тауып тұр.

Қаладағы №2 қазақ орта мектебі мерекедегідей безендірілген. Көп адам жиналған. Бәрінің де көңіл-күйі көтеріңкі, жүздері жарқын. Бүгінгі салтанат осы мектепті 1960-1962 жылдары бітірген оқушылардың, сол кезде сабақ берген мұғалімдердің кездесуіне арналмақшы.

Мектепте жиырма жыл бойы сақталған папкада былай деп жазылған:

«1980 жылдың құрметті мектеп директоры, мұғалімдер! Осы сөздерді сіздерге арнап отырмыз. Біздер, 1960-1962 жылдары мектепті тәмамдаған оқушылар және оқытушылар, 1980 жылғы 15 майда туған мектебімізде бас қосуға серт байластық. Осыған орай айтылған мерзімде салтанатты кездесуімізді ұйымдастыруға көмектессеңіздер екен».

Сол тілек орындалып, Алматы, Целиноград, Семей, Қарағанды, Маңғышлақ, Павлодар және басқа облыстардан келген қонақтар бас қосты. Бұрынғы шәкірттер, мұғалімдер бір-бірімен қуана қауышып, сонау жылдардан бергі мектеп жаңалықтарымен танысты, сабақтарға кірді. Одан соң өзара әңгіме-дүкен құрып, кім қайда, қандай қызмет атқарып жүргендіктерін айтты. Көңілді ән, биге де кезек келді. Ұстаздар мен бұрынғы шәкірттер, жиналған ата–аналар мен балалар әнге қосылып, би билеп мәз-мейрам болды.

Түстен кейін аудандық мәдениет үйінде салтанатты жиын өтті. Оған партия, совет, комсомол ұйымдарының өкілдері,

оқу-ағарту қызметкерлері, ата-аналар, мектеп оқушылары қатысты.

Кездесуге арналған кешті мектеп директоры, «Ленин» орденді ұстаз Қабыкен Ауталипов ашты. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Гүлжамал Шарипова мектептің елу жылдық тарихына шолу жасады. Республикамыздың түкпір-түкпірінен келген мектептің жиырма жыл бұрынғы шәкірттері, мұғалімдері салтанатты жиынның құрметті қонағы болып отырды.

Өзінің жарты ғасырлық тарихында Ертіс қазақ орта мектебі өз қабырғасынан жүздеген, мыңдаған түлектерін үлкен өмір жолына ұшырды. Солардың арасында ғалым да, инженер де, агроном да, мұғалім де, диқан мен малшы да бар. Бәрін атап өту мүмкін емес. Сөйтсе де ғылым кандидаттары Г. Болатбаев, К. Рамазанов. Б. Мұстафина республика жоғары оқу орындарында сабақ беретін оқытушы-педагогтар Ә. Сакижанов, А. Қожахметова, Ж. Әкімов есімдерін мысалға келтіруге болады.

Бүгінгі Ертіс қазақ орта мектебі оқу және материалдық базасы нығайған, негізінен жоғары дәрежелі білімі бар ұстаздар еңбек ететін кең шаңырақ білім ордасы. 1977-1978 оқу жылында мұнда шәкірттер үлгерімі 98,6 процент болса, биыл ол көрсеткіш 100 процентке жеткен. Көп жыл бұрын осында тәлім-тәрбие, білім алып қияға қанат қаққан шәкірттер туған мектебінің бүгінгісіне қуанып, болашағына мақтаныш сезімін білдірді.

Қайда жүрсек те алтын ұя, қадірменді ұстаздарымыз есімізден кетпек емес, − десті олар.

Қонақтарды құттықтаған 10 класс оқушысы Нұрбике Айтышева былай деді:



Кездесу тамаша өтті. Алған әсеріміз, түйген ойымыз ерекше. Өмірімізде үлгі тұтар ағаларымыз бен аналарымыз көп екен. Біз де сіздердей туған мектебіміздің, ұстаздарымыздың үмітін, сенімін ақтаймыз. Өзіміздің адал еңбегімізбен ел байлығын, Отан даңқын арттыра беруге үлес қосамыз.

Кездесу салтанатында Сілеті совхозы партия ұйымының секретары «Құрмет Белгісі» орденді Қайыржан Шабенов. Алматыдан келген дәрігер Нақтай Садықов. Ертіс қаласынан инженер Ғалы Камаров, қарт ұстаз Сара Орынбаева, Мұхаметқали Халлиулин тағы басқа адамдар қонақтарды қызу құттықтады. Соңынан мектеп өнерпаздарының концерті болды.

Жиырма жылдан кейінгі кездесуден алған әсерімізді айтып жеткізу қиын. Бұл дәстүр адамды бауырмалдылыққа, туысқандыққа, үлкен-кішіні сыйлауға, яғни адамгершілікке тәрбиелейді. Егер осындай кездесулер әр мектепте де ұйымдастырылып тұрса жас жеткіншектер үшін үлкен үлгі–өнеге болары сөзсіз.

Көп жыл өткен соң ұшқан ұямызда бас қосып, шәкірт кезімізді еске түсіріп өткен–кеткенді әңгімелеп, бір жасап қалдық. Біздің шын ықылас, жарқын жүзбен қарсы алып, құрмет көрсеткен жерлестірімізге көп-көп рахмет айтамыз.

***Ғалия Оспанова,***
***СССР Журналистер одағының мүшесі.***
*Алматы қаласы.*

## Мектептің алтын тойында

Жуықта Ертіс ауданының орталығындағы №2 қазақ орта мектебінің құрылғанына 50 жыл толуына арналған алтын тойы болып өтті. Оған осы мектепті әр жылдарда бітіріп шыққан түлектер қазірде республикамыздың түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүрген немесе бүгінде құрметті демалысқа шыққан азаматтар түгел шақырылған болатын.

Бір кезде мектептің оқушысы, омырауға галстук байлаған пионері немесе комсомолеці болғанымен бүгінде қадірменді қонағына айналған жұртшылық мектеп үйіне таңертеңгі сағат тоғыздан бастап ағылып келе бастады. Қонақтардың ішінде мектепті бітіріп кеткеннен кейін кейбір кластастарымен ондаған жылдар бойы кездеспегендері де бар екен. Олардың бір-бірімен амандасу, қайта танысу сәттері де қызық болды. Кейбіреулері қонақтарға жағалай қол ұсынып келіп, бір адамға жеткенде кідіріп, жүзіне қадала қарап қалады:

– Мені танисың ба?

– Жүзіме анықтап қарашы!

– Әлі танымай тұрмысың?

– Жиырма жыл өтті-ау!

Немесе:

Отыз жыл өтті-ау, – деген сөздер естіліп жатты. Осыдан кейін бірімен бірі сүйісіп, құшақтаса кетеді.

Жүзін әжімнің терең іздері қапысыз торлаған қарт ана әдемі киінген жасамыс әйелмен кездескенде екі құшақ қайта жазылмастай болып айқаса кетті. Қарт ана:

− Менің асылым, аяулым, мақтанышым. Жүрегімнің нұр гүлі, еліміздің бұлбұлы, сені де көретін күн бар екен! − деп еміренсе, екіншісі «Менің анашым, ұмытылмас ұстазым!» − деп карияны аймалай түседі.

Бұлардың біреуі жасы биыл 80-ге толған қарт ана, Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері, осы мектептің қазақ оқушыларына орыс тілінен сабақ берген ұстаздардың бірі Варвара Сафроновна Выборнова екен де, екіншісі осы мектепте отызыншы жылдардың орта кезінде оқыған, оқытушы да болған Қапиза Әбуғалиева екен. Бүгінде Алматыда «Қазақконцертінің» әйгілі әншілерінің бірі, «Құрмет Белгісі» ордені мен бірнеше медальдардың иегері астанадан осы тойға шақырумен, арнайы келген екен.

Мектептің кең залы – мектеп тарихына қатысты материалдармен, газет қиындылармен, портретті, сюжетті фотолармен, қабырға газеттерімен, плакаттармен, ұрандармен қапысыз жабдықталған.

Қонақтар үшін мұндағы стендтердің бәрі де қуантарлықтай, тебірентерліктей әсер берді. Газет қиындыларынан құрылған стенд бір қабырғаның жартысына жуық көлемді алып жатыр. Мектептің оқытушылар коллективі мектеп өмірімен жазылған әрбір материалды аудандық, облыстық, республикалық баспасөз беттерінен ондаған жылдар бойы қиып алып, жинастыра берген екен. Жарты ғасыр ішінде мектепте қандай жұмыстар жүргізілді. Соның бәрі баспасөздерде қамтылған. Бәрін жинастыра келгенде мектептің дайын тұрған тарихы деуге болады.

Ал фотосуреттер көрмесі қонақтарды еріксіз топ-топқа бөліп жіберді. Әр топта бір класта оқығандар үйірілген. Олай болу себебі, мектепте жыл сайын кластастар суретке түскенде бір-екі данасы мектепте қалдырылып отырған екен. Солар бүгін қабырғаға ілінген. Қонақтар өздерінің бала кезіндегі бүкіл класс оқушылары болып түскен суреттерін көрісіп мәзмейрам. Фотосуреттерден әрқайсысы өзін және кластас достарын іздестіріп, тауып алысып жатыр.

Мектептің залын, класс бөлмелерін аралап көріп, қазіргі ұстаздармен және өзді-өзі әңгімелесіп болғаннан кейін қонақтарды фотосуретке түсіру басталды. Осы мектепте оқыған Отан соғысының ардагерлері өз алдына бір топ болып суретке түсті. Жалпы орденді өрендер жеке топталды.



*30-40 жылдардың шәкірттері:*
*Ахметов Т., Аманжолов Қ., Асаинов Т.,*
*Ағымбетов Т., Ауталипов Қ.*

Мектептің жарты ғасырлық мүшелді тойының ресми бөлігі аудандық Мәдениет үйінің залында болып өтті. Мәдениет үйінің фойесі де тойға арналып шығарылған қабырға газеттерімен, фотокөрмелермен көркемделген.

Тойға қатысушыларға Мәдениет үйінің 600 орынды залы лық толды.



Салтанатты мәжілісті Ертіс аудандық халық ағарту бөлімінің меңгерушісі Аманбай Шәріпов ашты. Аупартком секретары Т.А. Войтик қысқаша сөз сөйлеп, аудандық партия комитеті мен халық депутаттары аудандық Совет атқару комитеті атынан жазылған құттықтау адресті оқып берді.

Ертіс №2 қазақ орта мектебінің директоры, «Ленин» орденді ұстаз Қабыкен Ауталипов баяндама жасады. Ол әуелі осы мектептің тарихына қысқаша тоқталды. Басында бұл мектеп бастауыш мектеп болып ашылады да, 1937 жылы жеті жылдыққа айналады. Кешікпей орта мектеп болып құрылады. 1946 жылы онжылдықты ең алғашқы түлектері бітіріп шығады.

Баяндамашы бірнеше қызықты деректер келтірді. 1946 жылдан бері осы мектептен 1137 оқушы кәмелеттік аттестат алып шыққан. Осы мектеп түлектерінің екі жүзден астамы Ұлы Отан соғысына қатысқан. Осы мектепте тәрбиеленгендердің ішінде қазіргі уақытқа дейін 7 адам Ленин ор-

денімен, 15 адам Еңбек Қызыл Ту орденімен, барлығы орден-дермен, медальдармен 345 адам наградталған.

Мектеп түлектерінің бүгінде екеуі СССР Денсаулық сақтау үздігі, 25-і Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі, төртеуі ғылым кандидаты, алтауы аспирант.

ВЛКСМ съезіне, Бүкілодақтық мұғалімдер съезіне, ұстаздардың республикалық съезіне делегат болғандардың, жоғары Советтерге депутат болып сайланғандардың, Отан соғысында, еңбекте ерлік көрсеткендердің есімдері аталды.

Мектептің оқу-тәрбие жұмысы жылдан жылға жақсара түсті. 1971 жылы бұл мектепте аудан көлемінде бірінші болып оқытудың кабинеттік жүйесі енгізілді. Мұғалімдердің білім дәрежесі жоғарылай берді. Бүгінде мектептегі 23 мұғалімнің он бесі жоғары білімді, өзгелері жоғары оқу орындарында сырттай оқиды, қалғандарының арнаулы орта дәрежелі білімі барлар.

Осының бәрі оқушылардың білімді молырақ алуына себін тигізді. Бұл пікірді дәлелдеу үшін мысал келтірейік. 1963-73 жылдар арасында мектептің 189 түлегі жоғары оқу орындарын бітірді. 1977-78 жылдар арасында мектеп бойынша сабақ үлгерімі 98,6 процент болса, 1981 жылы бұл цифр жүз процентке жетті.

Мектепте еңбек тәрбиесі жұмысына көп көңіл бөлінеді. Орта мектеп бітірушілердің көпшілігінің өз селосында қалып, ауылшаруашылығына ат салысуы дәстүрге айналдырылды. Ол дәстүр 1969 жылдан басталды.

Сол жылы мектеп түлегі Темірбек Сәдуақасов кәмелеттік аттестат алысымен шопан болды. Кешікпей аудандық газетте оның 10-класс бітірушілерді қой шаруашылығына барып, шопан болуға шақырған мақаласы жарияланды. Келесі жылы

бір топ оқушы орта білім алысымен өз алдына комсомол-жастар бригадасын құрып, қой бақты.

1973-1975 жылдар арасында Қазақстанның X жылдығы атындағы совхозда осы мектептің түлектерінен «Жас қыран», «Дауылпаз» атты екі комсомол-жастар бригадалары құрылды. Олардың қой бағудағы көрсеткіштері де жоғары болды.










*30–40 жылдардың мұғалімдері кездесуде:*
*Асқаров Х., Мұхамедиев Ғ., Қасқырбаев М., Ғаббасов Қ.,*
*Бақтыбаев С., Шакимов С.*

Омырауы наградаларға толы, шашы аппақ қария Саттар Шәкімовтың мінбеге шығып сөйлеген құттықтау сөзі тыңдаушыларды баурап алды. Ол 1932 жылы құрылған осы мектептің ең алғашқы меңгерушісі екен. Сәкең мектептің сол кездегі көрінісін, жағдайы туралы әңгімеледі.

Содан бері 50 жыл өтті, − деді ол. − Осы мектепте бұдан отыз-қырық жыл бұрын бүлдіршін шәкірт болған оқушылардың кейбірін бүгін қартайған шағымда бір-ақ көріп, ертегідегі кереметтерге тап болғандаймын.

Ол осыдан қырық шақты жыл бұрын мектептің қабырға газетінде жазылған бір шумақ өлеңді оқып берді. Қабырға газетіндегі суретте бойы ерекше бір баланың кішірек оқушының қолынан қаламды тартып алып жатқан суреті салынған. Ересектеу баланың аты Аққалаш болатын. Суреттің төменгі жағына былай деп жазылған:

Аққалашты қарашы,
Үзілісте не етеді?
Балалардың қаламын
Тартып алып өтеді.

Залдағылар қол шапалақтап, ду күлді. Өйткені ертістіктердің көпшілігі Аққалаш Біләловты жақсы білетін. Жауапты партия, совет қызметтерін атқарды. Ұстаз да болды. Қазір пенсионер. Ол өзі осы шумақты оқыған сәтте осы мәжіліске қатысып, залда отырған болатын.

Осы мектептің отызыншы, қырқыншы, елуінші, алпысыншы, жетпісінші жылдардағы оқушылары атынан бүгінде еңбектің әр саласында жүргендер Хадиша Оспанова, Қапиза Әбуғалиева, Ғалия Оспанова сөйледі. Бұлардың алғашқысы халық ағарту ісінің үздігі, екіншісі белгілі әртіс, астанамыз Алматыдағы «Қазақконцерт» коллективінің әншісі, соңғысы

республикалық радио және телевизия редакциясының редакторы, журналист.

Қапиза Әбуғалиева өзі мектепте оқып жүрген шағында өзіне зор қамқорлық жасаған ұстаздарды есіне түсірді. Қырқыншы жылдары бұл мектепте орыс кластары да болған. Оқу ісінін жетекшісі Варвара Сафроновна Выборнова екен. Оның жұбайы Александр Сергеевич Выборнов халық ағарту бөлімінің меңгерушісі болыпты.

9 класты қазақ мектебінде үздік бітірген Қапизаны Александр Сергеевич өз кабинетіне шақырып алады.

− Мен сенің өте жақсы оқитыныңды, алғырлығыңды жақсы білемін. Сен туралы Варвара Сафроновна маған айтты, − дейді. Оқи бергенің де жақсы. Бірақ бізде ұстаздар жетіспейді. Өзің оқыған мектепте мұғалім болуға жарайды деп сенеміз.

Халық ағарту бөлімінің меңгерушісі қателеспепті. Бір жылдың ішінде Қ. Әбуғалиева педучилищені де бітіреді. Пединститутқа да түседі. Мектеп қабырғасында жүргенде әнші қыз атанған Қапизаның табиғи дарынына астанада кең өріс ашылады.

Мәжілісте халық депутаттары аудандық Советі атқару комитеті председателінің орынбасары Қ.К. Көпбергенов оқушыларға коммунистік тәрбие берудегі табыстары үшін және мектеп құрылуына 50 жыл толуына байланысты берілген халық депутаттары облыстық Советінің Грамотасын табыс етті.

Осы тойға шақырумен келген қонақтардың бір кездегі мектеп түлектерінен бір топ адам құрметті пионер қатарына қабылданып, мойындарына алқызыл галстук тағылды.



**Қапиза Абуғалиеваны құрметті пионерлерге алу**

Соңында концерт қойылды. Оған негізінен мектептің мұғалімдері мен оқушылар коллективі қатысты. «Қазақконцерт» коллективінің әншісі, «Құрмет Белгісі» орденінің кавалері Қапиза Әбуғалиева бірнеше ән шырқап, оның әнін сағынған жерлестерін тағы да бір сүйсіндірді.

***М. Жаманбалинов***

*«Қызыл Ту» газеті, 29 қараша 1982 жыл*

## Мектептің 70 жылдық мерейтойы

## 1. МЕКТЕП ЗАЛЫНДА

Аудан орталығындағы №2 қазақ орта мектебінің 70 жылдық мерейтойы маусымның 21 күні таңертең басталды. Мектептің ауласының іші мен сырты жеңіл машиналар мен шақырылған қонақтарға лық толды. Мектепті осыдан он, жиырма, отыз, қырық жыл бұрын бітіргендер, бұл күнде еліміздің шартарабында жүрген мектептестер, сыныптастар ұзақ жылдардан бері бірін-бірі көрмей сағынысқандар құшақтасып, сүйісіп жатты. Олар үшін тек осылай қауышудың өзі − үлкен қуаныш еді.

Бір кезде осы ұядан бірге ұшқан жастардың кейбірі бұл күнде зейнет жасында, көбі әр саланың білікті мамандары, арасында ғалымдар да, жоғары лауазымдылар да бар.

Мектеп мерейтойына облыс әкімдігі тарапынан да зор мән берілген. Облыс әкімінің орынбасары Рысты Жұмабекованың қатысуы осының белгісі.



Жиналған қонақтар әуелі мектеп залына жайғасты. Той рәсімін жүргізушілер − мектеп мұғалімдері Ғаждамбек Тұрсынов пен Кенжегүл Әбеуова жиналғандарды тақпақты сөздермен құттықтады. Мерейтой шағын концерпен ашылды. Мектептің көркемөнерпаздары Құрманғазының «Балбырауын» күйін  орындады. Көрермендер төменгі сынып оқушыларының биін тамашалады. Сөз аудандық білім бөлімі кәсіподақ комитетінің төрағасы А. Богачевке берілді. Қысқаша құттықтау сөзінен кейін мектепке кәсіподақ атынан музыка орталығын сыйға тартты.




ТҮЛЕК 2003


ЕРТІС ҚАЗАҚ
ОРТА МЕКТЕБІ

Аудандық мәдениет бөлімінің қызметкері Бақыт Ысқақованың әкесі Кәркен кезінде осы мектепте оқып, аяқтай алмай, Отан соғысына аттанып кеткен. Енді осы мектепті Кәркеннің төрт баласы оқып бітірді. Сондықтан бұл мектеп оған ыстық, қымбат. Осы той құрметіне бұл мектепке Бақыт та өз атынан музыкалық орталық табыс етті.

Мектеп оқушылары хормен «Менің Қазақстаным» өлеңін орындады. Содан кейін шақырылған қонақтарды аудандық білім бөлімінің меңгерушісі Нұрболат Ауталипов құттықтады. Ал мектеп директоры Азнағұл Айтыбаев қадірлі үш қонақтың, атап айтқанда облыс әкімінің орынбасары Р. Жұмабекованың, облыстық білім департаменті бастығының орынбасары Н.С. Силкиннің, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры О. Жармакиннің омырауына мектеп эмблемасы белгісін қадады.



## 2. МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ

Мектеп залындағы рәсім аяқталғаннан кейін шақырылған қонақтар мен ертістік жерлестеріміз мәдениет үйіне беттеді. Мәдениет үйінің фойесіндегі мерекелік безендірулер, мектеп тарихына қатысты фотосуреттер, әр жылғы жетістіктерін көрсететін деректер назар аударарлықтай еді. Оларды аудан әкімі Абызбай Адамов бастаған топ, облыс әкімінің орынбасары Р. Жұмабекова да көріп, ризалығын білдірді.

Залға жайғасқан жұртшылықтың алдында әуелі белгілі әншіміз Бекболат Мұхамединов Иса Байзақовтың желдірмесін орындауы тойбастар іспетті әсер қалдырды. Алдымен жиналған қонақтар мен жерлестерімізді мектептің мерейтойымен аудан әкімі Абызбай Адамов құттықтады. Құттықтау сөзінде былай деді:

«Бүгінгі сіздер мен біздер ауданымыздың қара шаңырағы аудан халқының мақтанышы №2 қазақ орта мектебінің 70 жылдық мерейтойын атап өтуге жиналып отырмыз. Ұлы даналардың сөзінде «Мектеп − жеткіншек ұрпақтың ойын қалыптастыратын шеберхана, егер болашақты қолдан шығарып алғың келмесе, оны қолда берік ұстау керек, халыққа наннан кейінгі ең қажетті – мектеп», − деген.

Осы нақылдарды еске тұтып мектебіміздің өткен тарихына үңіліп атқарған міндетіне карасақ, ол үлкен теңіз.

70 жыл тарихы бар мектепте бірнеше жүздеген ұстаздар қажырлы еңбек атқарып, шәкірттерін қанаттандырып ұшырып отырды. «Ана сүтін дене үшін табиғат әзірлейді, рух үшін оны біздің мұғалімдеріміз әзірлейді», − деген сөз орынды деп білемін. Бүгінгі салтанатқа қатысып отырған барлық мұғалімдерге, жас ұрпаққа білім беріп тәрбиелеген еңбектері үшін алғысымды айтамын.

Бала − өмірдің жалғасы. Сол өмір жалғастарының қиялына қанат беріп, ғылымның телегей-теңіз молшылығына кенелетін, арманын ұштап, өмір сапарына аттандыратын білім дариясының сарқылмас айнасы − мектеп.

Мектептің атын шығаратындар шәкірттердің білімдері, олардың ерен еңбектері. Бүгінде осы мектеп түлектері кең байтақ Республикамыздың көлемінде Егеменді жас мемлекетіміздің өркендеп өсуіне жан-жақты өз үлестерін қосуда.

Осы мектептің тарихы ауданымыздың тарихына байланысты әр кездерді бастарынан кешті. Биылғы жылы аудан еңбеккерлері ауданымыздың 75 жылдық мерекесін атап өту қарсаңында қажырлы еңбек атқаруда.

Мектеп директорының баяндамасында 70 жыл аралығында 2000-ға жуық шәкірт білім алып шыққаны олардың көпшілігінің лауазымдары аттары мен еңбектегі орындары аталынды. Дегенмен осы уақыттар аралығындағы әр түрлі кезеңде мектеп директоры міндетін атқарған адамдарды атап өтуді жөн көрдім. Олар: 1932 жылғы бірінші мектеп директоры Саттар Шәкімұлы Шәкімов, одан кейін Н. Бұқабаев, А. Ауғанбаев, К. Мұхамедин, А. Әпенов, Ш. Жиенбеков, Қ. Молдабеков, Е.М. Мұқатова, 1963 жылдан ұзақ жылдар бойы Ленин орденінің иегері Қабыкен Ауталипов қызмет атқарды.

Осы мектеп түлектерінің 8-і Ленин орденді, 18 − Еңбек Қызыл Ту орденімен, 1 – КССР «Еңбек сіңірген мұғалімі», 2 − СССР Денсаулық сақтау үздігі, 26-сы «ҚР оқу ағарту үздігі», 3 ғылым докторы, 4 ғылым кандидаты, 6 аспирант, 1 − СССР журналистер одағының мүшесі, 1 − ҚР суретшілер одағының мүшесі және 1 түлек Республика Президентінің стипендианты.

Құрметті қауым, мектеп түлектерінің жолдары осындай.

Қазақстан Республикасының Президенті ел халқына «Барлық қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы еліміздің 2030 жылға қарай Қазақстан Орталық Азия Барысына айналады және өзге дамушы елдер үшін үлгі болады деп сенемін», – деген.

Міне, осы міндеттерді жүзеге асыру үшін бүгінгі жас ұрпаққа әсіресе осы күнгі мектеп оқушыларына зор талаптар қойылады. Өйткені еліміздің 2030 жылға дейінгі өсіп өркендеуі осылардың білімі мен тәрбиесіне, ғылым мен мәдениетті қаншалықты игеруіне байланысты болмақ.

Қадірменді ағайын! Қара шаңырақтың алғашқы және кейінгі түлектері, шақырылған қонақтар, ұстаздар қауымы, мектепті биыл бітіретін өрендер, оқушылар! Барлығыңызды да Ертістегі білімнің қара шаңырағы аталған №2 қазақ орта мектебінің 70 жылдық торқалы тойымен шын жүректен құттықтаймын. Барлығыңыздың отбасыларыңызға аманшылық пен бақыт тілеймін. Ықылас қойып тыңдағандарыңызға рахмет».

Одан кейін мектеп директоры А. Айтыбаев баяндама жасады.

Облыс әкімінің орынбасары Р. Жұмабекова облыс әкімінің құттықтау хатын оқыды.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры О. Жармакин өзінің құттықтау сөзінен кейін ертістік мектеп бітірушілерді өз университетіне оқуға түсуге шақырды.

Аудандық мәслихат хатшысы Х. Зейнешев №2 орта мектептің үш ұстазына, атап айтқанда Жамал Қайдарқызы Жұмажановаға (оқу ісінің меңгерушісі), Ғаждамбек Тұрсыновқа, Әлия Көпееваға аудандық мәслихат атынан Грамоталар табыс етті.

Ауданның «Құрметті Азаматы» жазушы М. Жаманбалинов «Әйгілі аудан – Ертісім» кітабының 2 томын бастырып шығарды. Онда №2 қазақ орта мектебінің тарихы да қамтылған. Автор өзінің құттықтау сөзінен кейін осы кітаптың бір данасын облыс әкімінің орынбасары Рысты Жұмабековаға табыс етті.

Павлодар облыстық радио компаниясының бастығы Ғалия Балтабаева осы мектепті бұдан отыз жылдан астам бұрын бітіріп кеткен екен. Мектептің сол кездегі директоры Қабыкен Ауталиповты (Ленин орденінің иегері) жоғары бағалайды, құрметтейді. Мектепке осы директордың есімін беру жөніндегі ұсыныстың аяқсыз қалғанына реніш білдіреді. Осы мәселені қайта көтеру керек деген пікірін білдірді. Залдағылар бұл ұсынысқа қошемет білдіріп, ду қол шапалақтады.

Павлодар облыстық халық банкінің өкілі Л. Байболова тойға айтарлықтай сый-сияпатымен келген екен. Ол мектепке, тойға шақырылған кейбір қонақтарға әкелген сыйлықтарын үлестірді.

Аудан әкімі Абызбай Адамов қарт ұстаз Қанафия Асқаровтың, Жармағамбет Мұсабаевтың, Мұхаметқали Халиуллиннің т.б. иығына шапан жапты, осы мектепте сабақ берген ардагерлер Г. Бейсекеноваға, М. Салихзяноваға, С. Орынбаеваға, Д. Рахметоваға, Ш. Алдабергеноваға, Е. Мұқатоваға зерлі камзол кигізді. Сыйлы қонақтардың біразына домбыра сыйлады.











*К. Мүбәракқызы*
*«Ертіс нұры» газеті, 26 маусым 2003 жыл*

**Қабыкен Ауталипов**

# Балаға жүрек жылуы

***Өмірдерек***
***Пікірлер***

## Өмірдерек



**Қабыкен Ауталипов** Ертіс ауданының Северный селолық округінде 1922 жылы 15 ақпанда дүниеге келді. 1938 жылы Ертіс қазақ жетіжылдық мектебін бітіріп, 1938– 1941 жылдары Семей қаласындағы №11 орта мектепті бітірді.

1941 жылдан 1942 жылдың қаңтар айына дейін Ертіс ауданындағы Максим Горький атындағы орта мектепте мұғалімдік қызмет атқарды. 1942-1945 жылдары әскер қатарында болып, еліміздің Қиыр шығыстағы шекарасын жаулардан күзетіп, әскери қызмет атқарды.

Медальдармен және ордендермен марапатталды: «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдары және II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені. Соғыстан кейінгі жылдары 1946–1949 жылдары Ертіс қазақ орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі, ал 1949–1957 жылдары Октябрь, Кутузов атындағы мектептердің директоры болып қызмет атқарды. 1957–1958 жылдары Ертіс аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, 1958–1962 жылдары Ертіс қазақ орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, ал 1962 жылдан 1983 жылдар аралығында зейнеткерлікке шыққанға дейін мектеп директоры болды.



*Қ.А. Ауталипов 4 сынып оқушыларымен (1949 жыл)*

Ұстаздық 40 жылғы еңбегінің 25 жылын №2 Ертіс қазақ орта мектебін басқарып, бүкіл ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған, аудан мен облыс халқына аты мәлім, «Ленин» орденінің иегері, «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі», «Ертіс ауданының Құрметті азаматы» Қабыкен Ауталипов − жүздеген шәкірттердің бойына адамгершілік пен отаншылдық қасиеттерін сіңіріп, білім дәнін себе білген, оқушылары мен ата–аналардың құрметіне ие болған, ұстаздардың да ұстазы.



*Қ. Ауталипов оқушылармен ардагерлер туралы әңгімелесуде*



*Қабыкен Ауталипов 60 жаста*
*(туған-туысқандары мен әріптестері арасында)*

Кеңес дәуірінде қазақ мектептерінің көбі жабылып, мүшкіл халде болғанда, мектепті жабылудан сақтап қана қоймай, оқу-тәрбие жұмыстарының дәрежесі аудан мектептерінің көш басында болып, тірек мектебі аталуына Қабыкен Ауталипов зор үлесін қосты. Мектеп өмірін, аудан тарихымен тығыз байланыстырып, оқушыларды аға ұрпақтың үлгісінде тәрбиелеуді дұрыс жолға қойып, талай тамаша, бұрын-соңды басқа мектептерде болмаған игі дәстүрлерді қалыптастырды.

**1969, 1970 және 1981 жылдары** Р*еспубликалық педагогикалық конференцияларда мектептің оқу–тәрбие жұмысындағы оқушыларды аға ұрпақ үлгісінде тәрбиелеу туралы озық іс-тәжірибесі талқыланып, республика көлемінде таратылды.*

Қабыкен Ауталипов ұстаздардың ұстазы бола білген адам, себебі өзі осы мектептің директоры болған жылдары 17 мұғалім Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталған екен. Ұстаз − ата өмірінің соңына дейін жас ұрпақты тәрбиелеу жолында қажымай, талмай еңбек етті. Қабыкен Ауталиповтың ұстаздық болмысы, болашақ ұрпақ үшін ештеңеден аянбай, ел мүддесін өз мүддесінен жоғары қоя білуі, ауданның, облыстың білім саласына қосқан мол рухани үлесі, мектеп тарихына, аудан тарихына аяулы адам ретінде алтын әріптермен жазылды.

Ол шәкірттерді Отанды сүюге тәрбиелеуде: туған елді, жерді, ауданымыздың әйгілі азаматтарын, ерлерін, ата-бабаларын білуді негіз етіп алды. Оқушылар үшін арнайы ұлттық киім тіккізіп, мектепте өтетін мерекелер мен салтанатты кештер ұлттық нақышта өтетін. Ұлттық тәрбие сол кездің өзінде қолға алынған. Қазақ мектебі мектептердің көш басында болды. «Болашақ мектебі» деген атқа ие болды. Көп

балалы ата-аналардың бала тәрбиесіндегі тәжірибелерін жиналыстарда үнемі насихаттап отыратын.

80 жылдық тарихында мектеп талай саңлақтарды самғата ұшырып, туған өңір атағын асқақтатып, көк байрағын желбіретуде. Қилы-қилы заманды басынан өткерсе де, қара шаңырақтың аяулы ұстаздарының аялы алақанынан асыл азаматтардың білім алғандығы дәл бүгін мақтануға әбден тұрады.

Мектебіміз еліне, шет елдерге аты танымал ғалымдар, «Отаным деп, жерім деп» халқына бар өмірін сарп еткен ардақты азаматтар тәрбиеленген орда. Ел үшін еңбек етіп, мемлекетіміздің өсуі мен өркендеуіне өз үлестерін сіңіре еңбек еткен Қабыкен Ауталиповтың шәкірттері Қазақстанның халық шаруашылығының сан–саласында еңбек етуде.



## Құрдасымның қуанышына

/Қабыкеннің Ленин орденін алғанына арнаймын/

Шырқаған шебер ақын болмасам да,
Жазатын кезім келді осы жолда.
Жүректі жарып шыққан ыстық сәлем,
Шарлай ұш Алматыдан, көкке самға.

Қабыкен, бірге өстік, бірге ойнадық,
Ер жетіп, жігіт болсақ деп ойладық.
Көз тастап, сұлуларға қырындайтын,
Ол бір кез келер ме еді бір айналып.

Ойласам өткен өмір, қиындықты,
Айтуға сөз жетпейтін қиын тіпті.
Отыз жыл ұстаз болған еңбегіңді,
Бағалап Отан бүгін сыйын тікті.

Әркімдер өз әлінше талап қылған,
Не жақсы сол талаптан барып туған.
Білім мен еңбек қатар жүрген жерде,
Орнамақ шаттық өмір, бақыт думан.

Еңбекті ел жоғары бағалайды,
Ерлерді дұшпан ғана табалайды.
Сан жетпес шәкірттерің ортаға алды,
Жаңа өскен жас ормандай қарағайлы.

***Темірханов Олжабай,***
*милиция полковнигі*



Qaz. S.S.R.

OQU QALЬQ KOMJSSARJATЬ

KUOUJK.

1922 Çьlь tuƣan Əлtalijev Qalikur
Pavladar Oвьlьsь Ertjs audanь Ertjs Qazaq ortalau Mektebjnde oqьp sol Mekteptjn VII- klasьn ʙjtjrjp şьƣƣandьƣьna osь kyəljk berjldj.
Tərtjptjljgj Otlicno.

OQЬLƢAN PƏNDERDEN ВJLЈMJ МЬNADAJ

| | |
|---|---|
| Ana tjlj | Otlicno |
| Qazaq ədeвjetj | Otlicno |
| Orьs tjlj | Corosho |
| Orьs ədeвjetj | Otlicno |
| S.S.S.R. Tarjqь | Otlicno |
| Konjstjtutsja | Cоmаlь. |
| Geografja | Otlicno |
| Algeвra | Corosho |
| Fjzjka | Otlicno |
| Xjmja | Corosho |
| Zoologja | Otlicno |
| Cet tjl./Nemjs tjlj / | Corosho |
| Sьzu | Corosho |
| Dene şьnьqtьru | Corosho |
| geometrie. | otlicno. |

"19" Jun 1938- çьl.

Djrektor:

Qamqlendor:

Шорбетива
Сатыбалдина.



Ертіс аудандық мәслихаты сесссиясының
26 шілде 2001 ж. шешімімен
Әутәліпов
Қабыкен
Әутәліпұлына
"Ертіс ауданының құрметті азаматы"
атағы берілді

Ертіс ауданының
әкімі
Р. Шөкеев

Аудандық мәслихаттың
хатшысы
Х. Зейнішев

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ | ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ | ПАВЛОДАРСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МАСЛИХАТ | АКИМАТ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

ШЕШІМ МЕН ҚАУЛЫ | РЕШЕНИЕ И ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№

**(IV сайланған II сессия)**
**№ 28/2**

Павлодар қаласы | город Павлодар

Павлодар қаласы | 2007 жылғы 19 қазан

**№ 2 Ертіс орта қазақ мектебіне**
**Қабыкен Әутәліповтың атын беру туралы**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Казақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" № 281 қаулысына, Ертіс аудандық мәслихаты мен Ертіс ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 18 тамыздағы № 150-30-3/12, № 150-30-3/13 (III сайланған XXX сессиясы) бірлескен шешімдеріне, облыстық ономастика комиссиясының 2007 жылғы 12 наурыздағы қорытындысына, облыс әкімдігінің 2007 жылғы 11 мамырдағы № 136/5 қаулысына сәйкес және Ертіс орта қазақ мектебінің педагогикалық ұжымының пікірін ескере отырып, облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ертіс ауданының өкілдікті және атқарушы органдарының № 2 Ертіс орта қазақ мектебіне Қабыкен Әутәліповтың атын беру туралы ұсыныстары келісілсін.

2. Облыс тілдерді дамыту басқармасы осы мәселені Қазақстан Республикасы Үкіметінәң жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясыныың карауына енгізсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданыска енгізіледі.

**Сессия төрағасы** **Ю. Әлекпаров**

**Облыс әкімі** **Қ. Нұрпейісов**

**Облыстық мәслихаттың**
**хатшысы** **Р. Гафуров**

## Жүзі жарқын жан еді



Халық арасында «жақсының есімі мәңгі жасайды» деген аталы сөз бар. Сондай ізгі азаматтардың бірі – ұлағатты ұстаз, ұлтының жанашыры, жастардың қамқоршысы Қабыкен Әутәліпұлы.

Бірде жұмыс іздеп №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебіне бардым. Сол тұста мектеп директоры Қабыкен Әутәліпұлы болатын. Қабыкен аға мені жылы жүзбен қарсы алды. Жарты сағатта әңгімелесіп, бірнеше сұрақ қойды. «Болашағыңнан зор үміт күтемін. Жақсы ұстаз болатын қабілетің бар көрінеді. Ұрпақ тәрбиесіне елеулі үлес қосасың деп ойлаймын», − деді де жұмысқа қабылданғанымды айтты. Сөйтіп 1964 жылы №2 мектептің ұстазы атанып, ширек ғасыр Қабыкен Әутәліпұлымен бірге қызмет атқардым.

Қабыкен Әутәліпұлы ұстаздықты бастауыш сынып мұғалімі болып бастаған екен. Кейін тарих пәнінен сабақ берді. Тәжірибесі мол, жаңашылдыққа ұмтылатын. Білім беру жүйесіндегі жаңа әдістемелермен ұстаздарды таныстырып бөлісетін.

Оның іскерлігі мен кәсіби шеберлігі қандай жоғары болса, азаматтық ұстанымы, адамгершілігі соншалықты жоғары болатын. Директор мектепке кірген кезде оқушылар да, мұғалімдер де тік тұрып қарсы алатынбыз. Ағаның не мұғалімдерге, не балаларға дауыс көтергенін естіген емеспін. Ренжісе, көзілдірігінің үстінен қарайтын. Сол бір көзқарасынан-ақ барлығын түсінуге болады. Бірақ талапшыл болды. «Дәптер – ұстаздың айнасы» деп, әр оқушы дәптерінің таза болуы, жазуларының әдемі болуын қадағалайтын. Ал мұғалімнің са-

бағына қатысқан соң жақсы жақтарын көрсе ерекшелеп, баса назар аударып айтады да, кемшілігін байыппен түсіндіретін. Мұның өзі – үлкен бір тәрбие.

Қабыкен аға мектеп тек білімнің ғана емес, тәрбиенің, мәдениеттің, тарихтың қара шаңырағы дегенді жиі айтушы еді. Балаларға саналы тәрбие берілуін назардан тыс қалдырған емес. Мектеп басқаруда баланың білімі мен тәрбиесін бір деңгейде қойып, өз елін сүйетін, ана тілін еркін меңгерген азаматтарды тәрбиелеуді басты мақсат етті. «Қазақ мектебіне келген оқушыларды өз ұлтын сүйетін, өз тілін жоғары бағалайтын, қазақтың жанашыры болатын, қазақ үшін отқа да, суға да түсуге дайын азаматтар тәрбиелеуіміз керек» деген міндет әр ұстаздың алдына қойылды. «Менің Қазақстаным», «Ұлы Отан соғысы», «Еңбек ерлері» және тағы басқа тақырыптарда өтетін жиындарда қатысушылар келелі ойларды ортаға салып, қызу пікірталастар да пайда болатын-ды.

Бірде оқушым «Мұғалім, орыс мектептері екі қабат ғимаратта орналасқан. Сырты мен іші әдемі, көз тартады. Ал біздің мектептің жай-күйі нашар. Мен орыс мектептерінде оқитын балаларға қызыға қараймын», − деді. Сондай зәулім мектепте қазақ балалары білім алу үшін сендер сапалы білім алып, ел игілігі үшін еңбек етер азамат болыңдар. Мектеп салуға ат салысыңдар дедім. Кейін болған жайтты мектеп директорына айттым.

Ол кісі біраз үнсіз отырды да, «дұрыс айтқан екенсіз», − деп қайырды. Балалар да мектептің мүшкіл халі жайлы үйлеріне айтып барса керек, бір күні ата-аналар келіп, ақылдасып, сөйлесіп, бірінші хатшының атына «Ертіс ауылында, аудан орталығында қазақ мектебін салу керек», − деген өтініш жіберілді.

1970-1980 жылдары қазақ мектебіне келетін балалар саны азая бастады. Осындай қиын тұста мектеп директоры білім ордасының жабылуына жол бермей, жүйелі жұмыстарды қолға алды. Ата-аналар арасында үгіт-насихат жүргізіп, балаларын қазақ мектебіне беру қажеттілігін баса айтты. Мұғалімдер әр үйге барып, мән-жайды түсіндіретін болдық. Тіпті, Қабыкен аға да әр үйді аралап, балаларды қазақ мектебіне беруін сұрайтын. Оның халық арасындағы беделі болар, әлде ұстазға көрсетілген сый-құрмет пе, білмедім, бірақ Қабыкен аға барған үйдің балалары міндетті түрде біздің мектепке келетін.

Қабыкен Әутәліпұлының басқаруымен мектебі егемендік жылдарына дейін жабылмай қалды.

Сол жылдары мектептің жетістіктері де бір төбе болғанын айтпасқа болмас. Түрлі сайыста ұстаздар мен оқушылар алдыңғы қатардан көрінді. Мектептің оқу-тәрбие тәжірибесі 1979 жылы республикалық мұғалімдер конференциясында жоғары баға алды.

Мектеп директорының еңбегі де ескерусіз қалмады. ҚР Халық ағарту ісінің үздігі белгісімен, 1971 жылы екінің біріне бұйыра бермейтін «Ленин» орденімен марапатталды.

1942-1945 жылдары әскер қатарында, қиыр шығыста шекарада қызмет етті. «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарының және екінші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденінің иегері. Еліміз егемендік алғаннан кейін «Ертіс ауданының Құрметті азаматы» атағын бірінші болып алды.

Қабыкен Әутәліпұлы жұбайы Шәкен апаймен жеті бала тәрбиелеп өсірді. Балаларының барлығы да жоғары білім алып, бүгінде әр салада еңбек етеді. Қабыкен ағаның үлкен баласы Нұрболат Қабыкенұлы әкесінің жолын жалғастырып,

әкесі істеген мектептің директоры болды. Қазіргі кезде құрметті демалыста. Нұрлан Қабыкенұлы – Павлодар ауданының әкімі. Даурен − кәсіпкер. Қыздары Гаухар мен Шарбану, ұлы Темірболат та әкесінің жолын қуып, ұстаздық қызмет атқаруда. Жәнике – медицина саласының қызметкері.

Артында қалған ұрпағы әкесінің өмірін жалғастырып, халқына адал қызмет етуде. Шәкен апай сол бала-шағасы мен немерелерінің қызығын көріп отыр.

Елінің болашағы үшін аянбай тер төккен, талай оқушыға білім беріп, отансүйгіштікке тәрбиелеген ағаның жарқын бейнесі есімізде мәңгі сақталады.

***Магафируз Салихзянова***
*ҚР Халық ағарту ісінің үздігі, еңбек ардагері.*

## Алып тұлға



Мектеп − тәрбиенің орталығы, мұғалім болса ең маңызды тұлға болып бағаланады.

«Кімде–кім оқытамын десе, ол оқушы талабына, оның ішкі сырына көз салу керек», − деп Ушинский айтқан болатын.

Мен ұстаздық жолымды осы өзімнің сүйікті мектебім Ертіс қазақ орта мектебінде бастадым. Ал менің көз алдымда өзіме ұстаздық жолдың қыр-сырын үйретіп, тәрбиелеу теориясын, мұғалімдерге қойылатын талаптар сияқты педагогиканың күрделі мәселелерін ұғындырып, тәжірибемнің өсуіне

мектептің сол кездегі директоры, ұлағатты ұстаз Ауталипов Қабыкен ағайдың ықпалы өте зор болды. Қабыкен ағаның сол кездегі ұстаздардың алдына қойған талаптары, қарап тұрсам, осы қазіргі уақыттың оқу-үрдісіне сәйкес келіп тұрғанына таң қаласың. Қабыкен аға оқушыны өз баландай тәрбиелі, білімді болуға тәрбиелеуді бізден өте қатты талап ететін.

Келешекте қазақ тіліміз, ана тіліміз өзіміздің мемлекеттік тіліміз болуға тиісті дейтін. Ағаның осы сөздері біз ұстаздарының жүрегінде мәңгі сақталып қалды.

«Жақсыдан жақсы туар жарқылдаған», − дегендей осы күндері ұстазымның ұрпақ– балалары тәрбиелі ошақ иелері.

Ұлы Нұрболат көп жыл әкесінің мектебінің директоры қызметін атқарды. Ұлы Нұрлан облысымыздың бір ауданын басқарып отыр, ұлы Темірболат, қыздары Шарбану, Гаухар − ұстаздар, Жәникесі − дәрігер, Даурен − бизнеспен шұғылданады.

Немере–шөбелерінің алды шет елден оқу бітіріп, ғылыми атақтар алуда.

Мен өзімді бақыттымын деп есептеймін, өйткені мен өмірімде екі алып тұлғалардан дәріс алдым.

Мектеп жасымда қазақ тілі мен әдебиет сабақтарын оқытқан мұғалімім Әзілхан Қасымбеков болды. Ал ұстаздық жолымды бастағанда маған әрі әріптесім, әрі ақылшым болған Ауталипов Қабыкен ағай болды.

Осы екі ұстаздар сол замандағы мемлекеттің ең жоғары сыйлығының иегерлері «Ленин» орденді ұстаздар еді.

Мен осы ұстаздарыма, алып тұлғаларға басымды иемін.

***Дәметкен Рахметова***
*Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі*

## Өнегелі ұстаз



Мен Семейдің мемлекеттік педагогикалық институтын бітіріп, жолдамамен №2 Ертіс қазақ орта мектебіне математика пәнінің мұғалімі болып келдім. Мені сол мектептің директоры Ауталипов Қабыкен аға қарсы алды. Біраз сөйлескеннен кейін 10-класстарға математикадан, физикадан, астрономиядан сабақ беретінімді айтты. Мінезі жайсаң, елге елеулі, халқына қалаулы адам еді. Аз сөйлейтін, бірақ баппен тауып айтатын. Өте кішіпейіл, бізбен жас болсақ та − үнемі «сіз» деп сөйлесетін. Осы мектепте қатардағы мұғалімнен − директорлыққа дейін көтерілдім.

Мен 1969 жылы мектеп директорынын оқу ісі жөніндегі орынбасары болып тағайындалдым. Мұғалімдердің сабағына қатысқанда, олардың сабақ үстінде жіберген кемшіліктерін баса айтып, өзімді көрсеткім келіп, білгірсіп, дауысымды көтеріп, кейде орынсыз сын айтқанымды Қабыкен аға байқап қалса керек. Мені өз кабинетіне шақырып алып, мынадай ақыл айтты:

− Сіз сабақты алдымен өзіңіз талдамаңыз, бірінші сөзді мұғалімнің өзіне беріңіз. Содан соң басқаларды тыңдаңыз, өзіңіз соларға төреші болыңыз. Мұғалімдермен бет жыртыспаңыз, тек пікір қосыңыз, − деді.

Сөйтіп Қабыкен аға маған биікті көрсетті, ұсақшылдықтың ұнамды іс емес екенін түсіндірді. Осынысымен Қабыкен аға менің өмірлік жолымда ұстаз ретінде көз алдымда тұрады. Аға іскерлігі маған үлгі болды, әлі күнге дейін сол ұстаныммен келемін.

Ұстаздық – аспандағы темірқазық тәрізді мамандық. Ол үнемі жарқырап тұрады. Адамды адастырмайды. Соған қарап жолаушылар бағдар алады. Қабыкен аға еркін ойдың, ұшқыр істің, өжет бастаудың адамы.

1972 жылы Ертіс ауданы бойынша 1-ші болып кабинеттік жүйеге біздің №2 қазақ орта мектебі ғана көшті. Кабинеттік жүйенің соншалықты пайдалы екенін сол кезде түсіндік.

Жас ұрпақтың келешегін ойлап, солардың білімді, білікті, іскер болып өсуі үшін мектебімізде жыл сайын тәрбиелік мәні бар әртүрлі тақырыптар бойынша мектепшілік жалпы оқушылар конференциясы өткізілетін. 1965 жылдың желтоқсан айында «Біз революционерлер ұрпағымыз» атты тақырыпқа өткізілген конференцияның мәні өте зор болды. Аудан бойынша революцияға қатысы бар қарт адамдар, Еңбек Ерлері, Еңбек үздіктері шақырылды. Олар жас ұрпаққа үлкен тәлім-тәрбие берді. Аға үнемі бірінші орынға тәрбиені қоятын. Тәрбиесіз алған білім бір жақты болады дейтін. Өнегелі ісімен көпшілікке танылған өнегелі ұстаз Ленин орденімен марапатталды. Артына өшпейтін із қалдырды.

***Елемес Мұқатова,***
*ардагер ұстаз*

**Кемеңгер ұстаз**



Қабыкен Әутәліпұлы Ертіс ауданының №2 қазақ орта мектебінде көп жылдар бойы мектеп директоры болып қызмет етті. Ертіс аудан орталығындағы жалғыз қазақ мектебі, сол жылдары мектеп директоры болған Қабыкен ағайдың

тынымсыз да табанды еңбегінің арқасында сақталып қалды. 1970 жылдардың өзінде қазақ отбасыларына балаларын қазақ мектебіне берулері туралы ақыл-кеңес беріп, мұғалімдерді әр үйге жалықпай барып, түсіндіріп кеңес беруге, балаларын қазақ мектебіне тартуға жұмылдыра жұмыс жасатты. Ағай сол кездің өзінде бізге Қазақстанда қазақ тіліне деген мұқтаждық туатынын, заман өзгеріп қазақ мектептерінің қатары көбейетіні туралы біздің жетемізге жеткізе айтушы еді, шіркін кейін ойладық Қабыкен ағай не деген көреген адам еді деп. Ол кездегі жас мұғалімдер, Кеңес дәуірінің ағымына бағынып балаларымызды қазақша оқытпағанымызға кейін қатты өкіндік. Қарап отырсақ, ағаның сол кездегі педагогикалық тұрғыдан айтқан ақыл сөздері қазіргі уақыт талабының күн тәртібінде тұрғандай көрінеді.

Қабыкен ағай 20 ғасырдың табиғи болмысымен, жүріс-тұрысымен, құдайдың қалауымен нағыз педагог, ол кісімен әңгімелесіп, жақын қарым-қатынаста болудың өзі бір ғанибет, жас мұғалімдермен ұлым, қызым, - деп сөйлесуші еді. Қабыкен ағайдың оқушылармен қарым-қатынасын кейін мен бірде бір мұғалімдерден көре алмағандаймын, себебі оқушыларды бір құрметті қонақ ретінде қарсы алып, оларға бір үлкен үмітпен қарайтын еді, ешқашан оқушыларға дауыс көтермейтін, өзінің бір жағымды қалжыңдарымен адамның жан-дүниесін баурап алушы еді. Қабыкен ағай істеген жылдары мектепте тәрбие жұмысы жоғары деңгейде болды десем, артық айтпас едім, өйткені аға алдымен тәрбиеге көп көңіл бөлді, тәрбиесіз бала сапалы білім ала алмайды деген қағиданы сол кезде біздің жадымызға жаттататын еді. Қабыкен аға КПСС-тың әр съезіне, тарихи деректерге байланысты мерейтойдың тарихи мазмұнын ашатын, қоғамның дамуын жаңа қырынан көрсете білетін тарихқа байланысты өткізетін

ғылыми практикалық конференциясы мектепте, облыс, республика көлемінде тәрбиелік мәні зор болды. Бұл конференцияны өткізу мектеп үшін бір қызықты үлкен науқан болатын.

Мен өзім Қабыкен ағаймен қызметтес болғаныма ризамын, мұғалім болудың, ұжыммен жұмыс істей білуді, нәтижелі еңбекке жетудің қыр-сырын, сол кісіден үйрендім. Ленин орденінің иегері Қабыкен Әутәліпұлының білікті басшы, кемеңгер ұстаз, жан-жағына жан жылуын шаша білетін мейірімді жан ретінде үлкен ілтипатпен еске аламын.

***Бахыт Көбешова,***
*ардагер ұстаз*

## Ұстаздықтың үлгісі



Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, - деген Абай сөзін өзінің өмірлік қағидасы еткен ұстаз әрдайым құрметті. Ол өзінің бойындағы бар мейірімін, білімін, тәжірибесін алдындағы шәкірттеріне беріп, олардың рухани дүниесін байытып, өмірде неғұрлым адаспай, дұрыс жолмен жүруге дайындайды. Халықтың «Ұстазыңды атаңнан да әзіз тұт», - дейтіні де сондықтан. Шәкірт – ұстаздан дәріс қана емес, өмірлік ұлағат, тәрбие алады.

Жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек. Сондай ұстаздардың бірі емес, бірегейі, өткен ға-

сырдың 60–шы жылдары Ертіс ауданындағы жалғыз қазақ орта мектебінің директоры болған Қабыкен Ауталипов. Ол кісі жаңашылдықтың бастаушысы, жүрегі – жылы, көңілі – дарқан адам еді. Ұстаздық қызметте, шәкірттермен қарым–қатынаста ізгі ниеттілік, кішіпейілділік және мәдениеттілік бірінші кезекте тұру керектігіне Қабыкен ағаға қарап көзім жетті.

Қабыкен ағаның мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі болып 16 жылдай бірге қызмет істедім. Ол кісі ешқашан, бала түгіл ұстаздарға дауыс көтергенін естіген емеспін. Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет үлгісін көрсете білген, ұжымда адамгершілік қасиеттерді, бір-бірін сыйлау, құрметтеу сияқты адами қасиеттерді қалыптастырған жан еді. Біз ол кісіні сыртынан «Біздің Сухомлинский» деп ерекше бір мейіріммен атаушы едік. Мектебіміздің мұғалімдерінің нағыз «Ұстаз» деген атқа лайық болуы үшін, оларға көмегін аямай, жанын салып тәрбиеледі.

Қабыкен Ауталипов ұстаздардың ұстазы бола білген адам, себебі өзі осы мектептің директоры болған жылдары 17 мұғалім Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталды. Ол жұмыс барысында жеке бастың уақытымен санаспайтын, сабақта жанын салып жұмыс істейтін. Ұстаз болумен бірге шәкіртіне мейірімді «әке» бола алған жанның жеке басына деген осыншама ықылас-ниетін күнде көріп біле тұрып оған ілеспеу, оның талаптарын күнделікті орындамау деген біз үшін болмайтын. Алдымен адам болып, кейін маман болып қалыптасуымыз, және бүгінгі азды-көпті жеткен биіктеріміз осы кісінің сол кездегі көрсеткен өнегесі, жолы болатын. Алғаш көрген сәттен күні бүгінге дейін қалыптасқан осындай пікір мен үшін көп өзгеріске түспей, бір қалпынан тайған жоқ.

Артында елі айта жүрерлік сөзі, ізгілік нұрын себетін ұлағаты, жасаған жақсы істері бар ерекше тұлға, жайсаң жан, ұстаз, Ұлы Отан соғысының ардагері, «Ленин» орденінің иегері, Қаз ССР-нің Халық ағарту ісінің үздігі, Ертіс ауданының «Құрметті азаматы» – Қабыкен Ауталипов. Ол кісі жайлы пікір айту, Ертіс ауданының сол кездегі білім саласы жайлы айтумен парапар.

1969, 1970 және 1981 жылдары Республикалық педагогикалық конференцияларда мектептің оқу–тәрбие жұмысындағы оқушыларды аға ұрпақ үлгісінде тәрбиелеу туралы озық іс-тәжірибесі талқыланып, республика көлемінде таратылды.

«Шәкіртсіз – ұстаз тұл» деген дана халқымыз, бұл күндері сіздің ізіңізді алдыңыздан түлеп ұшқан қаншама шәкіртіңіз жалғастыруда. Олар барда – сіз де барсыз, ұмытылмайсыз! Сіздің адами болмысыңыз, дегдар тұлғаңыз ешқашан аласармай, рухыңыз мәңгі биікте болады, асыл жан, аяулы ұстаз! Қабыкен ағаның ұстаздық болмысы, болашақ ұрпақ үшін ештеңеден аянбай, ел мүддесін өз мүддесінен жоғары қоя білуі, ауданның, облыстың білім саласына қосқан мол рухани үлесі, мектеп тарихына, аудан тарихына аяулы адам ретінде алтын әріптермен жазылып қалуы керек деп ойлаймын.

***Гүлжамал Шарипова***
*ҚР Білім Беру ісінің үздігі, ардагер ұстаз*

## Ұлағатты ұстазымыздың өмірі өнеге



Әр заманда тарихқа өзіндік үлес қосатын ұмытылмас адамдар болады. Олардың мұндай жарқын істері бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ғана емес, ол ғасырдан - ғасырға ұмытылмас бейне болып сақталып қалады. Менің балалық шағымда, мектепте оқып жүргенде еліктеген адамдарым көп болды. Солардың бірі және бірегейі Ертіс қазақ орта мектебінің директоры, Ленин орденінің иегері **Қабыкен Ауталипов** дер едім.

Ұлы ұстазым Қабыкен ағадан 9-11 сыныптарда білім алдым. 1964 жылдың қыркүйегінде 9 сыныпқа келгенде ол кісінің бірінші сабағында-ақ ол маған үлкен әсер қалдырды. Ыбырай Алтынсарин тегін айтпаған ғой: «Мұғалім-мектептің жүрегі» - деп. Қабыкен аға дәл сондай адам еді. Ол кісінің бір қараған қарасынан-ақ оқушылары, бізге не айтайын деп отырғанын түсінетінбіз. Қабыкен ұстазымыздың ұлағатты өнегесі талай шәкірттердің бойына жылылық ұялатты десем артық айтпаған болар едім.

Міне қаншама жылдар өтсе де ол кісінің бейнесі менің әлі күнге дейін көз алдымда. Бірде ол кісі мені кабинетіне шақырып алып, сабақтан тыс көп кітап оқу жайлы кеңес берді. Тарихи кітаптарды көп оқып, өзіміздің елден шыққан Иса ақын жайлы деректер жинастыруды тапсырды. Қазірден бастап, осы істермен айналыссаң, алдағы уақытта кім болуың жайлы ойланатын боласың деп кеңес берді де, қолыма бір топ кітапты ұстатып, ақыл-кеңесін беріп, маған қамқорлық көрсетті. Міне, ол кісі сол кезде-ақ менің болашағымды болжап қойған екен. Шынында да ардақты ұстазымыз Қабы-

кен аға дарынды балаларды бірден танитын. Олардың әркайсысымен жеке-жеке сөйлесіп, бағыт-бағдар беріп отыратын. Әрі Қабыкен аға өзінің оқушыларының мінез-құлқын бірден түсінетін және оны үнемі жадында сақтайтын. Керемет суреткер кісі еді. Ешнәрсені ұмытпайтын, алғыр да аңғарымпаз, өзгелердің ар-намысын аяққа баспайтын, қолынан келгенше көмектесіп, қол ұшын беретін. Жақындарына да жат адамдарына бірдей қарайтын адал жан болды. Қандай істе де үнемі дұрыс шешім жасайтын. Соған мысал келтіре кетейін.

Біздің 9 «а» сыныбында 14 қыз, 14 ұл бала оқыдық. Сыныбымыздың тәртібі де, сабағы да жақсы болды. Әрі ұйымшыл еді. Бір-бір қыз, бір-бір балаға ие болып, оларды өз уысымыздан шығартпайтынбыз. Ер балалар да бізді өте сыйлады. Бірде отырып, бір шешімге келдік. Апта сайын ең жақсы сынып деген ауыспалы қызыл туды біздің сынып жеңіп алатын болғандықтан, біз сынып жетекшісіз де жұмыс істеп, оқуымызға болады екен деген ой келді. Директорымыз Қабыкен аға мен сол кездегі сынып жетекшіміз Бейсенбаев Зәйкен мұғалімді шақырып алып, осы ойымызды айттық. Сынып жетекшіміз Зәйкен мұғалім бұл ойымызды естігенде жақтыра қоймады, тіпті өңі бұзылып, не айтарын білмей қалды. Керісінше, директорымыз Қабыкен Ауталипов: «Бұларың дұрыс екен, бұл бастама ғой, оны қолдауымыз керек, сендердің кластарың мұндай бастамаға лайық. Бүгінде мектептің ең алдында жүрген сынып. Басқаларға сендерді үлгі етеміз»,- деп бірден біздің ойымызды қолдай кетті. Міне, Қабыкен ағаның жаңа бастаманы қолдайтын жаңа заманның мұғалімі екенін осыдан көреміз. Ол кісі астарлы да аңдатпа лебізімен өзімізде жоқ қайсыбір жақсы қасиеттердің бар екенін айтып бізді бір көтеріп тастады. Сол күннен бастап, біз үш жыл қатарынан сынып жетекшісіз 11-ші сыныпты бітіріп шықтық. Жай ғана

бітірген жоқпыз, біздің класс үнемі мектептің алды болып отырды.

Қабыкен ағаның тағы бір ерекше қасиеті қолынан іс келетін, жақсы оқитын балаларға үнемі қамқор болатын. Тоғызыншы сыныпты бастаған алғашқы күні-ақ менің ұйымдастырушылық қабілетімді аңғарып, жалпы мектептің комсомол ұйымы хатшысының орынбасарлығына ұсынып, бір жылдан кейін Дәулет Шабенов мектепті бітіргеннен кейін жалпы мектеп комсомолдарының қолдауымен әрі сайлау нәтижесі бойынша Ертіс қазақ мектебі комсомол ұйымының хатшысы болдым. Міне осы жұмыстың жақсы жүруіне де мектеп директоры Қабыкен Ауталипов ақыл-кеңесін беріп отырды. Сол жылдары біздің мектеп талай жақсы істердің ұйытқысы болып, тамаша жұмыстар атқарып, басқа білім ордаларына үлгі боларлық жарқын бастамалардың бастамашысы болды. Солардың қасында біздің Ленин орденін кеудесіне таққан, құрметті ұстазымыз Қабыкен Ауталипов жүрді. Ол өз сөзінде үнемі мектеп тек қана білім берумен шектелмеу керек, балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу ісі де біздің ұстаздардың міндеті деп айтып отыратын. Оқушының өз бетінше білім алу мен тәрбие алуын үйретпеген мұғалім оқушыдан түпкі нәтиже ала алмайды дейтін. Ең бастысы,- дейтін Қабыкен мұғалім: - Ағаш түзу болып өсу үшін, оған көшет кезінде күтіп баптау керек. Сол сияқты оқушыны да жас кезінен адамгершілік пен ізгілікке, мейірімділік пен қарапайымдылыққа тәрбиелеу − ұстаздардың міндеті деп түсіндіретін. Иә, шынында да оқушының өмірге белсенді көзқарасы үлкендер арқылы келеді. Олар сондай білікті де парасатты адамға еліктейді. Сондықтан да болар Қабыкен ұстазымыз алдында тұрған ұлы мақсат-міндеті деп саналы ұрпақ тәрбиелеуді алдына қойды. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғамның саналы

азаматын тәрбиелеу деп өзінің бүкіл өмірін осыған арнады. Еңбек жолын 1941 жылы Максим-Горький мектебінен бастаған ол, кейін 1957 жылы Ертіс қазақ мектебіне ауысады. 1963 жылы осы мектептің директоры болып тағайындалды. Ал біздер мектепті 1966 жылы бітіріп, жан-жаққа оқуға кетер алдында Қабыкен аға мені тағы да әдеттегідей кабинетіне шақырып алып: «Ғалия айналайын, тарих пәнінің мұғалімі болсаң қайтеді. Қызылорда педагогикалық институтына түсуіңе болады, арнайы мектептен өтініш хат жазып береміз, бұл ойыма қалай қарайсың тарих пәніне бейімің бар, әлде журналистиканы қалап отырсың ба, -деді. Мен өз ойымды айттым, негізі журналистика мамандығын таңдадым, Алматыға бармақшымын,- дедім.

- Дұрыс, алған бетіңнен қайтпа, оқуға түсіп кететініңе күмәнданбаймын деп сенімін білдірді. Содан құрметті ұстазымның сенімін ақтап, журналистика факультетіне түсіп кеттім. Мектеп бітірсек те жыл сайын мектебімізге келіп, құрметті ұстаздарымызбен кездесіп жүрдік. Келген сайын ардақты ұстазымыз Қабыкен аға бізді құшағына алып, мейірім шуағын төгіп, мектеп оқушыларына бізді мақтан етіп үлгі тұтты. Ал біз болсақ, осындай ұлағатты ұстаздың жылы сөзінен ерекше бір нәр алатынбыз. Мақтаныш сезімге бөленетінбіз.

Біздің дана халық қашанда дұрыс айтқан ғой: «Мектеп – білім тірегі, ұстаз – оның жүрегі» - дегендей, туған мектебімізге келгенде біз осы қасиетті сөздің мағынасын түсіне бастадық. Шынында да, біздің болашағымыз, жас балалардың келешегі осы ұстаздардың қолында екен. Тіпті олардың аузынан шыққан қасиетті де киелі, мағыналы, парасатты сөздері оқушыға қашанда аналық, әкелік ыстық сезім ұялатады.

Мектепке бір келгенімде ол кісі Алматыда Райхан деген қарындасының тұратынын, оның дәрігер екенін айтып, адресін берді. Мен Алматыға келісімен оны тауып алдым. Біздер Райханмен Алматыдан көшіп кеткенше ұзақ жылдар араласып тұрдық. Жолдасы Күнтуған да бір керемет адам. Менің кішкентай ұлым Мадияр жиі ауыра берді. Сонда Райхан Ауталипова жыл сайын кішкентай ұлымды өзінің ауруханасына жатқызып, емдеп тұрды. Керемет, өз ісін білетін жақсы дәрігер. Біздер кейін Павлодарға көшіп кеттік те, осындай керемет адамдардан алыстап қалдық. Қазірде біз Астанада, олар Алматыда. Бірақ, ішкі сезім, оларға деген сағыныш бар. Қайда жүрсек те аман болайық.

Тағы да құрметті ұстазым жайлы... Болашақтың басшысын да, ғалымын да, майталман еңбек адамын да, өнер қарлығаштары мен ақын-жазушыларын да ұстаз тәрбиелейді деп ашық айта аламыз. Міне Қабыкен ұстаздың қолынан да мыңдаған шәкірттер білім алып, ғалым да, тілінен бал тамған ақын да, ел қорғаған сарбаз да, басқа да мамандық иелері тәрбиеленіп шыққанын тілге тиек етеміз. Қабыкен Ауталиповтың Ертіс қазақ мектебінен 8 түлек – Ленин орденін алса, 18-і «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. 27 мұғалім – Қазақстан Республикасының оқу ағарту ісінің үздігі атанса, 1 мұғалім Қазақ ССР-на еңбегі сіңген мұғалім атағын алды. Осы мектептен 5 - ғылым докторы, 10 – ғылым кандидаты, 3 - СССР журналистер Одағының мүшесі әрі жазушы атанса, 2 - Қазақстан Республикасы Суретшілер Одағының мүшесі. 1 оқушы Қазақстан Республикасы Президентінің степендианты, 1 оқушы Сенат депутаты болды. Қазақстан Республикасының, облыстың, ауданның депутаттары атанып, халық қалаулылары бар.

Кейде біздер дүниеден өткен адам жайлы «Тірісінде қадірін білмеппіз»,- деген сөздерді жиі айтып жатамыз. Оның да әртүрлі себебі бар. Бірі – көңіл жұбату болса, бірі қимас адамыңды іздеу, немесе өткен кезеңге көңіл толмаудан айтылатын ойлар. Менің осыған қосылар ойымның бірі Қабыкен ағаны қимай отырып, әттең 42 жыл тапжылмастан ұстаздық еткен, баршамызға білім нәрін сепкен, адамгершілікке тәрбиелеген осы ұстазымызға құрмет көрсете алмадық қой деген ой мазалайды. Қабыкен ұстаздың есімімен Ертіс ауылындағы №2-ші мектепті атаймыз деп ұсыныс жасағанымызға да қаншама жыл өтті. Осы шаруаны бітіре алмағанымызға өкінемін. Қолымыздан бұл іс неге келмеді деп жанымды жеймін. Бұл талай жылдан бері жоғары жақта жатқанмен жабулы қазан әлі жабулы жатыр. Бірақ, ұлағатты ұстазымыз Қабыкен Ауталиповты еш жадымыздан шығарған емеспіз. Бүкіл өмірін ұстаздыққа арнап, талай қайраткерлерді алтын ұясынан ұшырған Қабыкен мұғалімiміздің жаны жанатта, өзі жұмақта болсын! – деп жылы сөзімізді арнаймыз.

***Ғалия Балтабай***
*ҚР-ның мәдениет қайраткері, құрметті журналисі*
*Мектептің комсомол ұйымының хатшысы*



**Көреген ұстаз**

Мен №2 Ертіс қазақ орта мектебіне 1963 жылдың қыркүйегінде 9 сыныпқа келіп түстім. Бірден қоғамдық жұмысқа белсенділігімді көрсетіп, мектеп комсомол комитетінің мүшесі болып сайландым. Сол жылы мектепте екі 11сынып

және екі 10 сынып оқушылары болды. Оқушылардың тәртібін талқылау, спорт шараларын ұйымдастыру жұмыстарын толығымен мектеп старостасы қадағалайтын, ал комсомол комитеті пионерлер ұйымының қамқоршысы, саяси және мәдени шараларды ұйымдастырып, ұстаздарға көмекші болатын. 1964–65 оқу жылы мектеп комсомол ұйымының хатшысының міндеті маған жүктелді. Негізгі жұмыс комсомол қатарына өтем деуші оқушыларды дайындап, оларға Бүкілодақтық Ленин комсомол ұйымының тарихын, жетістіктерін, міндеттерін түсіндіру болды. Үміткерлерді аудандық комсомол комитетінің сынағына апарып, олар қойылған сұрақтарға дұрыс жауап бергенше қобалжып, соңынан комсомолға қабылданғанда қуанып, мектеп дәрежесін кемітпегенімізге мәз болатынбыз. Комсомол комитетінің отырыстарына мектеп басшылары да қатысатын. Әсіресе мектеп директоры Ауталипов Қабыкен аға берген кеңестер, ол кісінің кез келген мәселеге ерекше көзқарасы біздің қоғамдық жұмысқа деген ынтамызды арттыра түсетін. Бұл тек әдемі сөз емес, шынында солай болған, мүмкін қазіргі жастарға өтірік көрінетін шығар деп те күмәнданамын, бірақ сол кезде бізге атқарған істеріміз өте маңызды көрінетін және міндетімізге зор жауапкершілікпен қарайтынбыз. Оның дәлелі – тәртіп бұзушы оқушылар комитеттің отырысына шақырылып, оқу үлгерімі, тәртібі талқыланып, осы жағдайды қалай жөндеуге болатыны туралы кеңес беріліп, белгілі мерзімде қайтадан жауап бермек болып шығатын. Бұндай отырыстарға ұстаздар қатыспайтын. Тағы да бір айта кететін жағдай − бұл оқушылардың мектеп туына деген қатынасы. Мерекелік шаралар кезінде мектеп туы сапқа шығарылатын. Осы кезде ерекше бір сезім бәріміздің бойымызды кернейтін. Соңғы қоңырау мерекесі кезінде туды комсомол ұйымының хатшысы келер ұрпаққа салтанатты

түрде табыс ететін. 1965 жылдың мамырында мен де тумен қоштасып, жаңадан сайланған хатшы Мәншүк Мамбетоваға табыс еткенім ешқашан ойымнан кетер емес. Қабыкен ағаның көптеген қасиеттері әлі күнге дейін мені таңқалдырады. Ол кісінің ешкімге, ешқашан дауыс көтергенін естімедік. Аға көзәйнегінің жоғары жағынан қараса - істеген ісіңнің ол кісіге ұнамағандығының белгісі. Мен мектеп бітіретін жылы дәрігер болуды армандап жүретінмін. Бірде аға өз кабинетіне шақырып алып менің болашақта кім болғым келетінін сұрады да, өзіне тән биязы үнмен:

– Мені тыңдасаң сен педагогикалық институтқа түс, сенің болашағың ұстаздық жол, – деген. Ағаның көрегендігінің дәлелі – мен 40 жыл ұстаздық еттім, Құдайға шүкір, тағдырыма ризамын! Ертіс қазақ орта мектебі біз үшін нағыз Қара шаңырақ, мектепте алған біліміміз әлі күнге дейін қажетімізге жарап келеді, ал ұстаздардан алған тәлім-тәрбиеміз – өмірлік азығымызға айналды.

***Гаухар Касенова,***
*мектептің комсомол ұйымының хатшысы*

## Қажырлы ұстаз



1977-79 жылдары Ертіс қазақ орта мектебінде оқыған кезімде, мектеп директоры болып Ауталипов Қабыкен Әутәліпұлы қызмет етті. Сол кезде ұстазымыз облысымыздың бетке ұстар ұстаздарының бірі болатын. Адал еңбегі бағаланып, «Ленин» орденімен марапатталған ұстаз болатын. Ағамыздың жүріс-

тұрысы, ұстанымы біздерге үлкен үлгі болды. Мен мектептің комсомол комитетінің секретары болып сайландым. Комсомол жұмысы, мектептің қоғамдық жұмыстарымен айналысып жүріп Қабыкен мұғаліммен тығыз жұмыс жасадық. Мұғалімнің берген ақылы мен кеңесі әрдайым алға жетелеуші еді. Қабыкен мұғалімнен аз уақыт ішінде көп өнеге алдық. Мұғалім қоғамтану пәнінен сабақ берді, сол кезде аптасына екі-ақ сағат дәріс оқылатын. Соның өзінде, түсінігі бар оқушыға соның өзі жеткілікті болушы еді. Мен өзім осындай ұлы ұстаздан білім алғаныма қатты ризамын. Кезінде осы ұстаздан білім алып, қазіргі кезде лауазымды қызмет атқарып жүрген азаматтар бар болатын болса, соның бірімін деп өзімді санаймын. Қайратты да, қажырлы ұстаздың еңбегі ұмытылмайды!

***Ләззат Байболова,***
*«Kaspi bank» АҚ Екібастұз филиалының директоры*

**Қалдырған ізің мәңгілік...**



Әр адамның өмірінде, әр баланың өскен сайын қандай мамандық иесі болам деген ой ешқашан кетпейді. Бұған көбіне септігін тигізетін алтын ұя мектебің, қоршаған орта, туған-туысқандар әсер етеді.

Алғашқы еңбек жолымды тарихы терең, киелі шаңырақ №2 Ертіс қазақ орта мектебінде бастадым. Бұл оқу орны талай жылдан бері қаншама түлектерін сапалы біліммен қаруландырып, түлеткен киелі орын. Әрбір оқу орнының негізгі тірегі – ұстаз қауымы болып келеді. А.

Байтұрсынов: «Бала – балғын тал, ұстаз – бағбан», – деп айтпақшы, маған осы қиын жолды таңдауға мұрындық болған менің мектептегі ұлағатты ұстаздарым. Мұндай ұлағатты ұстаздарымның қатарында Ауталипов Қ.А., Шарипова Г.С., Бейсекенова Г.Ш., Халиуллин М.Х., Махамбетова Ж.Қ., Безруков И.Г., Мусабаев Ж.М., Салихзянова М.С., Ламашарипова О.Қ., Ауталипов Н.Қ., Жұмажанова Ж.Қ., Көбешева Б.Т., Ильясов Қ.Қ. Олар оқушылардың ойын жетілдіріп, арман қанатына ілестіріп, оларға жөн-жоба көрсетіп, мейірім шуағына бөлейтін, балалықтан болашағымызға жол ашты.

Көп жылдары осы шаңырақта директор болған және менің тарих пен қоғамтану пәнінен сабақ берген Қабыкен Әутәліпұлының дәріс беру тәсілі, білімі, қарым-қатынасы әлі күнге дейін көз алдымда тұр. Ұстаз бізге жоғарғы сыныптарда сабақ берді, сол кезде бірнеше баланы жинап, топ құрып, мектептен тыс өтетін іс-шараларға қатыстыратын. Топтың негізгі мақсаты партия және комсомол съездеріне, мектептің мерейтойларына өтетін конференцияларға тақырып дайындап, буклеттер мен мандаттар жасап, (ол кезде ғаламтор деген жоқ) осы материалдарды газет-журнал, кітапхана, мұражайлардан іздеп толықтыратынбыз. Жыл сайын облыс көлемінде ұйымдастырылатын конференциялар біздің қара шаңырағымызда ғана өтетін. Осыны дәстүрге айналдырған ұстазымыз – Қабыкен Әутәліпұлы. Мектепті бітіргелі жатқанда Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының 250 жылдық мерекесіне арналған «Елдескен еркімен, серттескен сертімен, Біргеміз мәңгіге, Россия, сенімен!», – деген ұранмен өткен конференция ерекше әсер қалдырды .

Әр конференцияларға ұстаздар, оқушылар 5-6 ай бұрын жоспар жасап, дайындыққа көшетін. Оған аудандық партия

және комсомол хатшылары, аудандық мектеп директорлары, соғыс ардагерлері, көп балалы аналар, Ертістің Құрметті азаматтары қатысып, өте ауқымды өтетін. Сондықтан осындай іс-шаралар оқушыларға мәліметтік деректер, тарихи, тәрбиелік әсері мол, рухани байлық беретін.

Ұстазымыздың тағы бір қасиеті ешқашанда дауыс көтеріп сөйлеген емес, атымызды атамай, «балам», «қызым» деп біздің еңсемізді көтеретін. Оқушы кезімізде «балам» деп жүрсе, осы мектепке мұғалім боп келгенде, Емберген Қалымұлы дегенде, өзімді бір түрлі сезініп, қысылған кезімде:

− Балам, қысылма. Сіз енді осы мектептің бір мүшесісіз, мектебіміздің қалыптасқан дәстүрімен жүресіз, − деді.

Осы ұстаздарым мені өз қатарларына қосып, тәлім-тәрбие беріп, үйретіп үлкен белестерге жетуіме көп септігін тигізді деп ойлаймын. Қабыкен Әутәліпұлымен бірге ұжымда істеп жүргенде, «Ұстаз бақыты» не дегенде, кідірместен, оқушыларың сені көргенде «Сәлеметсіз бе, мұғалім» десе, содан асқан ұстазға бақыт жоқ, − деді.

Ұстазымыздың айтатындай бойындағы жақсы қасиеттері өте көп болатын. Өмірге берген жолдамасымен, айтқан нақыл сөздерімен, ата-анамен, балалармен жұмыс істеу методикасымен, өмірге, Отанға сүйіспеншілікпен, ұстаздарды дәріптеумен, ата-анаға құрметпен, жолдастарға сеніммен қарауды әрқашан өмірімізден тастамаймыз. Ұстазымыз дүниеден өтіп кетсе де, қалдырған ізі мәңгіге есте қалады.

Осы қара шаңырақты совет заманы кезінде сыныпта 3-5 балалармен оқытып, жабылуына жол бермей, сақтап қалғаны үшін ұстазыма ерекше басымды иемін.

Осы қара шаңыраққа «Ұстазымыздың» атын берсе деген ой ешқашан кетер емес, әрине, бұл бірнеше рет қозғалған мә-

селе, осы мәселені барлық мектепті бітірген түлектер, ұстаздар қолдайтынына кәміл сенемін.

*Мектептің түлегі*
***Қалым Емберген Қалымұлы***

## Ертістің ерек ұстазы



Бұл да – тарих. Біздің балалық шағымыз. Біз өскен Ынтымақ ауылы ол шақта басқаша болатын. Сарыарқаның кеудесін тіліп өсіп, Ресейге жақындаған тұсында Ертіс ауданында жергілікті елден гөрі жат жұрт мол еді. Қазақ тілінің қылтасы қиылып, сіңірі созылып жатқан уақыт. Егемендіктің ауылы алыс. Ел болам деген бір елес. Азаттық – арман. Қазақтың сөзі үйішілік, дастархан басындағы қатынас құралындай көрінетін.

Өзге тіл өктем болса да әке-шешеміз аудан орталығындағы «Қабыкен мектебінде» оқитындарымызды айтатын.

Неге ауылда оқи бермейміз деген сауалға сендер бармасаңдар қазақ мектебі жабылып қалады деген жауап алатынбыз.

Ата–анамыз өзіне ыңғайлы таңертең келіп, түсте кетер үй іргесіндегі білім алар отау емес, біз үшін тым алыс, беймәлім Ертіс ауданы орталығына жіберетін.

Әлі буыны қатпаған, оң-солын танымаған қазақ баласы сағынышын жүрекке түйіп, анасын мұңайтып, туысын жүдетіп алысқа аттанатын.

Қазақ тілінің қарауылшысы, ұлт күзетшісі Қабыкен Ауталипов атамызды алыстан көріп қалатынбыз. Атпен, арбамен жүріп болашақ оқушыларын жинайтын.

Әр бала үшін мылтықсыз майдан, оқсыз ұрыс жүргізетін.

Болашақ ұлт ұлдары, алаш аналары тағдырына бәс тігетін. Қосымша ақысыз, сұраулы сыйсыз, мадақ мағынасыз қазақ шаңырағының есігін қағатын.

Егер осы Қабыкен ағалар болмағанда талайымыз өзге ұлттың тілінде сөйлеп кетер едік. Сөзінен айырылған миллат өзінен-өзі жойылады. Бұл – дәлел сұрамас шындық.

XX ғасыр басындағы Алаш көсемдерінің Ертіс ауданындағы іздері Қабыкен ағалар екен. Мұны мен бүгінгі байыпты жасымда ғана ұғындым. Қабыкен ағалармен сұхбаттасу бақыты бұйырмапты.

Бүгінгі жасап жүрген ісімде, ел таныр журналист шағымда әр сөзімнің бояуында Қабыкендей ұстаздардың нәрі бар екені анық. Еңбегі ерен ұлт ұстазы Қабыкен аға еңбектері бүгінгі егемен елде шын бағасын алуы заңды.

Бейнеңіз жүректе, пейіште нұрыңыз шалқысын!

***Болат Аманбаев***
*«Қазақстан» Ұлттық телеарнасының Павлодар облысындағы меншікті тілшісі*

# Отан қорғаушылар. Тәртіп сақшылары





**Шакимов Саттар Шәкімұлы** 1912 жылы туды. 1929 жылы Ақсу ауданында жетіжылдық мектепті бітірді. 1930 жылы мұғалімдерге арналған 5 айлық курсты аяқтап, Ертіс ауылының бастауыш қазақ мектебіне мұғалім, меңгеруші болып тағайындалды. Сталин, Ынтымақ, Победа колхоздарында бастауыш мектеп меңгерушісі, М.Горький мектебінде мұғалім. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында Белоруссия майданында Отанын ерлікпен қорғады. 1945 жылы Беловод МТС партия ұйымының хатшысы. 1947 жылы Ертіс МТС директорының саяси жұмыс бойынша орынбасары. 1957 жылы Кайманачиха кеңшарында директордың орынбасары. 1958 жылы Ертіс аудандық партия комитетінің нұсқаушысы. Немерелері Әсел, Жалғасбек, Азамат 2007-2008 жылдары Ертіс қазақ мектебін бітірді.

**Марапаттары**: «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Тыңды игергені үшін», Ұлы Отан соғысының мерейтойларына арналған медальдар. Партия, Совет ұйымдарының Құрмет Грамоталары.



**Мұхамедиев Ғали** 1912 жылы туды. Семейде педучилищені тәмамдады. 1938-1940 жылдары Ертіс ауданының Октябрь жетіжылдық мектебінде математика, физика пәндерінің мұғалімі. 1940 жылы Ертіс қазақ орта мектебінің алғашқы директоры. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысты. 1945-1949 жылдары облкомның нұсқаушысы. 1949-1954 жылдары Бесқарағай ауданы Беген орта мек-

тебінің директоры. 1954-1960 жылдары Кривин орта мектебінің директоры. 1960-1972 жылдары Актоғай ауданы Тіленшин орта мектебінің директоры.

**Марапаттары:** «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдары.



**Әпенов Әміржан Әпенұлы** 01.02.1912 жылы туды. 1934 жылы Семей қаласының педагогикалық интитутын тәмамдады. 1938 жылы РОНО–да инспектор және мұғалім. 1938 жылы әскер қатарына шақырылды. 1941–1944 жылдары 25 гвардиялық дивизияның 22 бөлімінде барлау ротасының командирі. 1945–1946 жылдары Су-7697 гвардиялық дивизиясының 5-гвардиясында әскери қызмет атқарды. 1946 жылдан аудан мектептерінде мұғалім. 1949-1953 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінің директоры.

**Марапаттары:** Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталды.



**Нығметжанов Ғалымбек Нығметжанұлы** 1908 жылы туды. 1941 жылы Абай атындағы ҚазПИ-ді математика мамандығы бойынша бітірді. 1941-1944 жылдары Ұлы Отан соғысы майданында ерлікпен шайқасты. 1944-1949 жылдары Майқайың кентінде мектеп директоры. 1949-1954 жылдары Қашыр ауданында мектеп директоры. 1954-1959 жылдары Ертіс қазақ орта мек-

тебінің директоры. 1959-1969 жылдары Екібастұз қаласында мектеп директоры, білім бөлімінің басшысы.

**Марапаттары:** Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен ерліктері үшін «Германияны жеңгені үшін»медалімен марапатталды. «Қазақ ССР Оқу ісінің үздігі» белгісі.



**Сеитов Көкетай Сейітұлы** 1916 жылдың маусым айында туды. 1938 жылы Максим Горький орталау мектебін бітіріп, Жұмысшы жастар мектебін аяқтады. 1940 жылы Семей мұғалімдер институтын қазақ тілі мұғалімі мамандығы бойынша үздік бітірді. 1940 жылы Ертіс қазақ орта мектебінде қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы майданына аттанды. Калинин, Курск, Ленинград майдандарында ерлікпен шайқасты. 1943 жылы М. Горький мектебінде, 1945 жылы Ертіс қазақ орта мектебінде, 1946 жылы Қызылжар бастауыш мектебінің меңгерушісі. 1949 жылы М. Горький мектебінде, 1954-1978 жылдар Қызылжар бастауыш мектептерінің директоры, Қызылжар орта мектебінде қазақ тілі және әдебиет пәндерінің мұғалімі.

**Марапаттары:** Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Германияны жеңгені үшін», «Маршал Жуков» медальдарымен марапатталды. «Құрмет Белгісі» ордені, «Қазақ ССР Оқу ісінің үздігі» белгісі.



**Асқаров Қанафия Асқарұлы**

*Ертіс Ауданының Құрметті Азаматы, Жазушылар Одағының мүшесі, Әлем қазақтары құрылтайының делегаты*

24.04.1917 жылы туды. 1934 жылы жастар комсомол мектебін бітірді. 1936 жылы Алматы қаласындағы мұғалімдердің 2 жылдық курсын тәмамдады. 1938 жылы Алматы мұғалімдер институтын бітірді. 1938 жылы Талдықорған облысы, Алакөл ауылында мұғалім. 1938 жылы әскер қатарына шақырылып, 1939 жылы Фин соғысына қатысты. 1940 жылы ауыр жарақат алды. 1940 жылы Ертіс қазақ орта мектебінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, 1941 жылы мектеп директоры. 1943 жылы әскер қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысы майданында ерлікпен шайқасты. 1945 жылы Жапон соғысына қатысты. 1945 жылы аудандық білім бөлімінде инспектор. 1947 жылы Ақтоғай аудандық білім бөлімінде инспектор. 1948 жылы Ақтоғай ауданында мектеп директоры, білім бөлімінің меңгерушісі. 1954 жылы Суворов мектебінде оқу ісінің меңгерушісі. 1956-1960 жылдары М. Горький мектебінде оқу ісінің меңгерушісі. 1960-1964 жылдары денсаулығына байланысты демалыста болды. 1964 жылы Рассвет мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. 1977 жылдан зейнеткер. «Сарыарқа самалы», «Шалқар», «Қазақ тілі», «Дауа», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» газеттерінің, «Түркістан», «Абай» журналдарының тілшісі.

**Марапаттары:** «ІІ дәрежелі Отан соғысы» ордені, «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» және мерейтойлық медальдар. «Қазақ ССР Оқу ісінің үздігі»

белгісі. Аудандық, облыстық білім басқармаларының Құрмет Грамоталары.



**Ламашарипов Қайырбек** 10.07.1917 жылы туды. 1939 жылы Семей педагогикалық институтының екінші курсында Қызыл Армия қатарына шақырылды, Фин соғысына қатысты. 1941 жылы 21 шілдеде Ұлы Отан соғысына қатысты. 1942 жылы артиллериялық училищеге оқуға жіберілді. 1943 жылы дивизиондық байланыс зводының командирі, батарея командирі. Ұлы Отан соғысын капитан шенінде Берлинде аяқтады. 1945-1946 жылдары Подольск қаласында әскери комиссар. 1947 жылы Семей мұғалімдер институтын география және тарих мамандығы бойынша тәмамдады. 1947 жылы Ұйымшыл бастауыш мектебінің меңгерушсі. 1954 жылы Октябрь жетіжылдық мектебінің директоры. 1957 жылы М. Горький орта мектебінің директоры, №2 Ертіс қазақ орта мектебінің жанындағы интернат меңгерушісі, география пәнінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

**Марапаттары:** Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен ерліктері үшін «Қызыл Ту», «Қызыл жұлдыз», «І және ІІ дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды. Қаз ССР «Білім беру ісінің үздігі белгісі». Аудандық, облыстық білім бөлімдерінің Құрмет Грамоталары.



**Билялов Аққалаш** 15.09.1918 жылы туды. 1934 жылы №2 Ертіс қазақ бастауыш мектебінің алғашқы оқушыларының бірі. 1940–1942 жылдары Сілеті орта мектебінде тарих, география пәндерінің мұғалімі. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына қатысты. 1942–1943 жылдары Қарақұдық орта мектебінің директоры. 1943–1946 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысты. 1946–1964 жылдары Пушкин орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі. 1964–1971 жылдары Пушкин ауылдық советінің төрағасы. 1974–1978 жылдары Пушкин ауылдық советінің хатшысы.

**Марапаттары:** «Германияны жеңгені үшін», «Ұлы Отан соғысы Жеңісінің мерейтойлары», «Еңбек ардагері» медальдары.



**Сәрсембаев Ғабдолла** 20.12.1920 жылы туды. 1937 жылы Ертіс орталау мектебін бітірді. Тамбов артиллерия училищесінде оқыды. 1951 жылы Алматы қаласындағы милиция мектебін тәмамдады. Еңбек жолын 1939 жылы Урлютюб ауданының Еңбек жолы негізгі мектебінен бастады. 1942 жылы Кайманачиха мектебінің директоры. 1941-1943 жылдары Ұлы Отан соғысында ерлікпен шайқасты. 1951 жылдан Железинка ауданында учаскелік милиционер, аудандық милиция бөлімі бастығының орынбасары, Михайловка аудандық милиция бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды. Ертіс ауданында ширек ғасырға таяу уақыт БХСС бөлімін басқарды. Ертіс ауданының ауылшаруашылық басқармасында Құ-

қық қорғау бөлімін басқарды. 1989 жылы құрметті демалысқа шықты.

**Марапаттары:** «ІІ дәрежелі Отан соғысы» ордені. «Германияны жеңгені үшін», «Әскери ерлігі үшін» медальдары. Облыс маслихатының, ауылшаруашылығы басқармасының, кәсіподақ ұжымының Грамоталары.



**Ахметов Қаркен** 20.12.1920 жылы туды. 1938 жылы Ертіс қазақ мектебін бітірді. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы майданына аттанды. Неміс тұтқынынан қашып, Югославия партизандар қатарында ерлікпен шайқасты. 1946 жылы елге оралды. 1946 жылы қаржы бөлімінде бас бухгалтер. 1948 жылы репрессияға ұшырап, 1955 жылы ақталды. Демесинов Қабидың көмегімен банкке инспектор болып қызметке тұрып, Алматыда 8 айлық арнайы курста білімін жетілдірді. 1959 жылы аудандық сақтандыру бөлімінің бастығы, горпромкомбинатта жабдықтаушы, Пристаньда қойма меңгерушісі.

**Марапаттары:** Югославияның «Ерлігі үшін» ордені.



**Абдрахманов Ғаббас Абдрахманұлы**

*«Халық ағарту ісінің үздігі»*

1921 жылы туды. 1938 жылы Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1938 жылдан Октябрь орталау мектебінде, Грабово орталау мектебінде мұғалім. 1941 жылы Ертіс қазақ орта мектебінде мұғалім. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы майданында ерлікпен шайқасты. 1945-

1983 жылдары ҚазССР 10 жылдығы мектебінде бастауыш сынып мұғалімі.

**Марапаттары:** Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен ерліктері үшін III дәрежелі «Даңқ», «II дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Кавказды қорғағаны үшін», «Будапештті алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды.



**Макауов Марқа Жанайұлы** 07.11.1923 жылы туды. 1941 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылды. Станлинград, Орталық және Ленинград, Курск шайқастарына қатысты. Соғыстан оралғаннан кейін жол–құрылыс шебері, тігін цехында шебер, №2 Ертіс қазақ орта мектебі жанындағы интернаттың шаруашылық ісінің меңгерушісі. 1995 жылы зейнеткерлікке шықты.

**Марапаттары:** Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен ерліктері үшін II, III дәрежелі «Даңқ», «Отан соғысы», «Қызыл жұлдыз» ордендерімен және «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды.



**Карменов Күлтай** 19.12.1923 жылы туды. 1938 жылы Грабово жетіжылдық мектебін бітірді. 1941 жылы Семей мұғалімдер институтын тәмамдады. 1941 жылы Северный мектебінде мұғалім. 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы майданында ерлікпен шайқасты. 1945 жылы Ертіс қазақ орта мектебінде биология пәнінің мұғалімі. 1947 жылы

Панфилов бастауыш мектебінің меңгерушісі, Ертіс қазақ орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі, аудандық білім бөлімінің инспекторы. 1948 жылы аудандық комсомол комитетінің І хатшысы. 1953-1954 жылдары Май аудандық партия комсомол ұйымдары бөлімінің меңгерушісі. 1954 жылы Ертіс аудандық партия комсомол ұйымдары бөлімінің меңгерушісі. 1957 жылы Баянауыл аудандық партия комитетінің хатшысы. 1960 жылы Ертіс аудандық партия комитетінің кадрлар және ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, аудандық хатшының орынбасары. 1964-1965 жылдары Алматы қаласындағы жоғарғы партия мектебінде оқыды. 1965 жылы Успен аудандық партия комитетінің ІІ хатшысы. 1970 жылдан Чапаев сегізжылдық мектебінің директоры. 1983 жылы Ертіс аудандық білім бөлімінің инспекторы. 1983-1985 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінің директоры.

**Марапаттары:** Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз», «ІІ дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен, «Германияны жеңгені үшін»медалімен марапатталды. Аудандық, облыстық білім бөлімдерінің Құрмет Грамоталары.



**Асайынов Нөгербек Асайынұлы** 15.12.1923 жылы туды. 1938 жылы Ертіс қазақ жетіжылдық мектебін бітірді. Ұлы Отан соғысы кезінде 246 гвардия атқыштар полкында 45 мм. Артиллерия зеңбірегінің командирі. 1944 жылы арнайы офицерлер курсын бітіріп, кіші лейтенант шенінде соғыс майданында әскери борышын жалғастырды. Станлинград, Днепр өзенін, Одесса, Берлинге дейін шайқастарға қатысты. Соғыстан кейін ауылшаруашылық саласында қызмет атқарды.

**Марапаттары:** Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен ерліктері үшін ІІ дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Германияны жеңгені үшін» және т.б. медальдармен марапатталды.



**Әділханов Сұлтанбек Әділханұлы** 03.03.1924 жылы туды. 1940 жылы Ертіс қазақ жетіжылдық мектебін бітірді. 1940 жылы ФЗО-да тракторшы оқуын бітірді. Кайманачиха кеңшарында тракторшы болып жұмыс істеді. 1942 жылы сержанттар курсын бітіріп майданға аттанды. Майданда барлаушы болып Украина, Прибалтиканы азат етуге қатысты. 1948 жылы комбайнер, тракторшы, автокөлік жүргізушісі.

**Марапаттары:** Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен ерліктері «Қызыл жұлдыз», «ІІ дәрежелі Отан соғысы» ордендері, «Праганы азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды. 1967 жылы ауылшаруашылығындағы қажырлы еңбегі үшін «Ленин» орденімен марапатталды.



**Безруков Иван Гаврилович** 1925 жылы туды. Ұлы Отан соғысының ардагері. Белоруссия, Прибалтика майдандарында шайқасқа қатысты. 1958-1986 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінде еңбек, сурет, сызу пәндерінің мұғалімі.

**Марапаттары:** Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен ерліктері үшін

«Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «Гвардия белгісі», «Кенигсбергті алғаны үшін», «Маршал Жуковтың 100 жылдығына арналған», «Ұлы Отан соғысына қатысушы», КСРО Қарулы Күштерінің 50, 60, 70 жылдықтарына арналған, Ұлы Жеңістің әрбір он жылдығына арналған медальдармен марапатталды. Гвардия капитаны. «Еңбек Ардагері» медалінің иегері, «ҚазССР Халық ағарту ісінің үздігі».



**Алехин Яков Георгиевич** 14.04.1914 жылы туды. 1939 жылы Қызыл армия қатарына шақырылып, 9 әуе–десанттық дивизия қатарында майданға аттанды. Неміс тілін жетік меңгергеніне байланысты бірнеше рет неміс тылдарында арнайы тапсырмамен барлау және немістерді жоюға жіберілді. Москвадан Эльбаға дейін жетті. Кенигсберг қаласын алуда ерлік көрсетті. Берлин қаласын алуға қатысты. Соғыстан кейін 1952–1963 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінде шаруашылық ісінің меңгеруші қызметін атқарды.

**Марапаттары:** Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен ерліктері үшін «ІІ дәрежелі Отан соғысы», «Қызыл жұлдыз», «ІІІ дәрежелі Даңқ» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Кенигсбергты алғаны үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды.



**Кәменов Шәмрен** 1926 жылы туды. 1943 жылы Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1944 жылы әскер қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғыс майданында

ерлікпен шайқасты. 1946 жылдан қаржы саласында қызмет атқарды. Арнайы білім алғаннан кейін су шаруашылығында жұмыс істеді. Оның жетекшілігімен ауданда көптеген су шаруашылық нысандары іске қосылды. Оның ішінде: «Беловод» топтама су құбыр жүйесі іске қосылды.



**Құсайынов Бапан** 26.12.1926 жылы туды. 1936 жылы мектеп табалдырығын аттады. 1944 жылы Ертіс қазақ орта мектебінен Ұлы Отан соғысы майданына аттанды. Белорус майданында 860 атқыштар полкінің танкист–байланысшысы болды. Аға сержант атағымен әскерден 1951 жылы қайтып келді. 1953–1957 жылдары тың игеруде еңбек етті. 1985 жылы зейнеткерлікке шықты.

**Марапаттары:** Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен ерліктері үшін «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды.



**Нұрғалиев Қайрақ Нұрғалиұлы** 25.05.1926 жылы туды. 1952 жылы Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1965 жылы сырттай Семейдің Н.К. Крупская атындағы педагогикалық институтына түсіп, 1970 жылы аталған институттың толық курсын тарих және қоғамтану мамандығы бойынша тәмамдады. 1944 жылы Ұлы Отан соғысы майданына аттанды. Белорус, Польша, Германия жерлерінде ерлікпен шайқасты. Кеңестер Одағының Қарулы күштерінде 1944-1950 жылдары қызмет атқарды. Орудия бағыттаушысы, командирі, сержант.

1951 жылы ЛКСМ кадрлар бөлімінің меңгерушісі және нұсқаушы жұмысының ұйымдастырушысы, 1952 жылы ауылшаруашылық бөлімінің нұсқаушысы. 1963-1988 жылдары Қазақ ССР-ның 8 жылдық, кейін 10 жылдық атындағы мектебінде еңбек пәнінің мұғалімі, ал кейін тарих пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеп, зейнеткерлікке шықты.

**Марапаттары:** Ұлы Отан соғысы майданында көрсеткен ерліктері үшін «Берлинді алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды. Ұлағатты ұстаз қол жеткізген нәтижелерімен ұзақ жылдар бойы адал еңбек еткені үшін «Еңбек ардагері» медалімен марапатталады. Аудандық, облыстық білім басқармаларының Құрмет Грамоталарымен марапатталды.



**Иманберлинов Тұрсын Камиұлы** 1940 жылы туды. 1959 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1959-1963 жылдары әскери борышын Куба мемлекетінде атқарды. Ракета қондырғысының автокөлік жүргізушісі. 1963-1971 жылдар Ертіс №3 автокөлік коллоннасында автокөлік жүргізуші.



**Қайдаров Ерғабыл** 1969 жылы 11 мамырда әскер қатарына алынды. Калуга қаласындағы, «Араб» медальдарымен полк мектебінде оқыды. 1970 жылдың наурыз айында Египеттегі ұлт–азаттық қозғалысқа қатысты.

**Марапаттары:** «Жауынгерлік ерлігі үшін», «ІІ дәрежелі жауынгерлік борыш»,

«Араб» медальдарымен, «Совет Армиясының үздігі» белгісімен марапатталды.



**Мусуров Рамазан Тәуенұлы** 1975–1978 жылдары Солтүстік Әскери Теңіз Қарулы Күштерінде әскери теңізші міндетін атқарды. Солтүстік Әскери Теңіз Қарулы Күштерінің кораблінде болып, Ангола Халық Республикасының азаттық қозғалысына қатысты.



**Құсайынов Өтеу Бапанұлы** 1959 жылы туды. 1977 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1978 жылы әскер қатарына шақырылып, Семей қаласында дайындықтан өтті. Ауғанстанның Герат қаласында әуе–қорғаныс полкында бөлімше командирі болды. 1980 жылдан ауылшаруашылығында, кеден қызметкері.

**Марапаттары:** Ауғанстанда көрсеткен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.



**Айдарбаев Алмасбек Рахымқұлұлы** 05.05.1966 жылы туды. 1984 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1984 жылы Семей ауылшаруашылық өнімдерін дайындау техникумына түсті. 1985 жылы Ауғанстанда арнайы барлаушылар бөлімшесінде әскери барлау машинасының аға механик жүргізуші бол-

ды. 1985 жылы жарақат алып, еліне қайтты. Техникумдағы оқуын бітіріп, 1995 жылға дейін Кайманачиха кеңшарында тұтынушылар бөлімшесінде жұмыс істеді. 1995-2002 жылдары жеке кәсіпкер. 2002 жылдан Алматыдағы Ауған соғысы ардагерлері ұйымының белсенді мүшесі. Панджшер.kz вокалды инструменталды топтың сологитаро вокал. Жасөспірімдерді әскери патриоттық тәрбиелеуде өз үлесін қосып жүр.

**Марапаттары:** «КСРО Президентінің Грамотасы», «Әскери ерлігі үшін», «Совет армиясын Ауғанстаннан шығарғанына 25 жыл» медельдары.



**Нәжікенов Сабыржан, Мелкүбаев Тілеу, Махин Ботабай** − офицерлер



**Байкаримов Есмұқан Ыдырысұлы** 01.04.1951 жылы туды. 1968 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітіріп, бір жыл құрылыста істеді. 1969–1974 жылдары Омбының ауылшаруашылық институтында ғалым–зоотехник мамандығын алды. 1974–1976 жылдары Беловод кеңшарында зоотехник–селекционер. 1976–1978 жылдары Ертіс аудандық комсомол комитетінде ІІ хатшы. 1978 жылы әскер қатарына шақырылып, замполит роты қызметін 1979 жылға дейін атқарды.



**Шайдуллин Ермек Бекенұлы** 09.08.1980 жылы туды. 1997 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2001 жылы Ақтөбе жоғарғы авиация училищесін командалық-тактикалық авиация мамандығы бойынша тәмамдады. 2001-2004 жылдары Балхаш қаласы әскери бөлімінде нұсқаушы-ұшқыш. 2001 жылы космонавтар тобына сынақтан өтті. 2004-2008 жылдары Астана қаласындағы әскери бөлімде ұшақтарды ұшыру басқарушысы. 2008 жылдан Астана қаласы маңындағы әскери бөлімде кезекші ауысым басшысының аға көмекшісі. Шені – майор.



**Садуақасов Нұрболат Темірбекұлы** 17.12.1980 жылы туды. 1998 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1998-2002 жылдары Алматы қаласының Жоғарғы Әскер Академиясында броне-танк техникасы және қарулы күштер қорға-

нысы мамандығы бойынша оқыды. 2002 жылы Алматы облысы, Қапшағай қаласында №28079 «Броне-танк» әскери бөлімінің басшысы. 2002-2003 жылдары Алматы қаласының лингвистикалық тілдер орталығын бітірді. 2005-2006 жылдары Американың Саванта, оңтүстік Королина штаттарында тіл дайындығы курсынан өтті. 2007 жылы Швециядағы бейбітшілік шеруіне қатысты. Шені–майор.

**Марапаттары: 2009 жылы** «Мінсіз қызмет» медалі. Әр жылдарда «Әскери қарулы күштердің 10, 15, 20 жылдығы», «Аро ұтқыр әскерінің 10 жылдығы» медальдары.



**Камзин Эльдар Амангелдіұлы** 08.09.1987 жылы туды. 2005 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2008 жылы Астана қаласындағы политехникалық колледжді жол қозғалысын ұйымдастыру мамандығы бойынша тәмамдады. 2011 жылы Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру мамандығы бойынша бітірді. 2008 жылы әскер қатарына шақырылды. Қазіргі кезде ҚР Қорғаныс министрлігінің қызметкері.



**Даутбаев Балға**



**Орымбаев Қайыржан Айтпайұлы** 02.03.1939 жылы туды. 1955 жылы Ертіс қазақ орта мектебінде 9 сыныпты бітіріп, жүргізушінің курстарын оқыды. 1965 жылы орта мектепті экстерна тәмамдады. 1969 жылы Алматыдағы милиция мектебін заңгер мамандығы бойынша аяқтады. 1958-1962 жылдары әскери борышын атқарды. 1962 жылдан Ертісте қоғамдық күзеттің қызметкері. Ертіс аудандық ішкі істер бөлімінде 27 жыл қызмет етті.

**Марапаттары:** «Еңбек ардагері» медалі. Ұзақ, адал еңбек еткені үшін Құрметті Мадақтамалармен, Алғыс хаттармен марапатталды.



**Искаков Жеңіс**



**Шахаманов Зәрубай Балуанұлы** 14.03.1943 жылы туды. 1960 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1961-1964 жылдары Ертіс ауылының киномеханик-жүргізушісі. 1964-1968 жылдары Қарағанды облысында киномеханик-жүргізуші. 1968 жылы Қарағанды дене шынықтыру техникумын бітірді. 1968 жылдан

дене шынықтыру пәні мұғалімі. Самбодан КСРО және қазақ күресінен спорт шебері. Ішкі істер органдарында учаскелік инспектор, аңшылық инспектор қызметтерін атқарды. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарабұлақ ауылында шаруа қожалығының басшысы.



**Бәженов Сауыт Әміреұлы** 05.05.1945 жылы туды. 1963 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1968 жылы Павлодар Индустриалды институтын аяқтады. 1968-1974 жылдарында Павлодар трактор зауытында жұмыс атқарды. 1974 жылы Ішкі Істер Министрлігінде еңбекпен түзету мекемесінде жұмыс істеді. 1999 жылы полковник шенінде зейнеркерлікке шықты.

**Марапаттары:** «КСРО Ішкі істер министрлігінің үздік қызметкері» төс белгісі.



**Көшербаев Қанат Баянбайұлы** 05.09.1966 жылы туды. 1983 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1984-1986 жылдары әскери борышын атқарды. 1987-1992 жылдары Семей малдәрігерлік институтында жоғары білім алды. 1993 жылдан Ертіс аудандық ІІБ тергеуші, учаскелік инспектор. Полиция майоры.



**Қабылденов Болат Базарбайұлы** 03.12.1973 жылы туды. 1991 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2012 жылы Павлодар инновациялық колледжін құқықтану мамандығы бойынша сырттай оқып тәмамдады. 1991–1993 жылдары әскери борышын атқарды. 1995 жылдан Ішкі істер органында қызмет етеді.

**Марапаттары:** II, III дәрежелі Ішкі істер органдарында «Мінсіз қызметі үшін» медалі.



**Умарова Әсем Алпамысқызы** 12.04.1979 жылы туды. 1996 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2000 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша тәмамдады. 2000–2001 жылдары №1 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде мұғалім. 2001 жылдан Ертіс ауданының Ішкі істер бөлімінде әйелдерді зорлықтан қорғау тобының инспекторы, полиция капитаны.

**Марапаттары:** Ішкі істер министрлігінің Алғыс хаты, III дәрежелі «Мінсіз адал қызметі үшін» медалі.



**Кудерин Асхат Қайруллаұлы** 1980 жылы туды. 1998 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2012 жылы Павлодар гуманитарлық колледжін құ-

қықтану мамандығы бойынша тәмамдады. 1999–2001 жылдары әскери борышын атқарды. 2003 жылдан Ертіс ауданының Ішкі істер бөлімінде УҰИ-ның полиция кезекшісі. Полиция аға сержанты.

**Марапаттары:** 2011 жылы III дәрежелі «Мінсіз қызмет атқарғаны үшін» медалі.



**Аленов Марат Жақсылықұлы** 04.05.1982 жылы туды. 1999 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2007 жылы Павлодар гуманитарлық колледжін заңгер мамандығы бойынша тәмамдады. 2000 –2002 жылдары әскери борышын атқарды. 2006 жылдан Ертіс аудандық Ішкі істер бөлімінде қызмет етеді. Полиция лейтенанты.



**Бақтыбаев Руслан Саркенұлы** 08.08.1982 жылы туды. 1999 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2005 жылы Инновациялық Еуразия университетін заңгер мамандығы бойынша тәмамдады. 2007–2008 жылдары әскер қатарында қызмет атқарды. 2009 жылдан Ертіс аудандық Ішкі істер министрлігінде кәмелетке толмағандар істері бойынша учаскелік инспектор. Полиция капитаны.



**Нұрсұлтанов Талғат Қайыржанұлы** 01.03.1984 жылы туды. 2000 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2000 жылы әскери борышын атқарды.

2006 жылы экономикалық колледжді тәмамдады. 2009 жылдан Павлодар ішкі істер бөлімінде қызмет атқарады, полиция аға лейтенанты. Қазақстан Республикасының ІІМ Академиясында сырттай білім алуда.

**Марапаттары**: Павлодар облысының, қаласының әкімдерінің Құрмет Грамоталары.



**Жаналина Жанара Рамазанқызы** 24.07.1983 жылы туды. 2000 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін «Үздік» аттестатпен бітірді. 2005 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін тарих және география пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. 2005 жылы арнайы «Күзет» мекемесінде, 2006 жылдан Оқушылар сарайында нұсқаушы, 2007 жылдан Мамандандырылған арнайы күзет басқармасында бөлімше командирі.



**Қанатов Ринат Қанатұлы** 27.10.1984 жылы туды. 2001 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2006 жылы Қостанай заң институтын тәмамдады. 2006 жылдан Ертіс ауданының Ішкі істер бөлімінде полиция учаскелік инспекторы. Полиция капитаны.



**Аралбаев Ханат Шаймұратұлы** 14.11.1981 жылы туды. 1997 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2001 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, спорт жаттықтырушысы мамандығы бойынша, 2008 жылы ҚР ІІМ Қарағанды заң институтының сырттай бөлімін тәмамдады. Еңбек жолын Павлодар қаласының балалар мен жасөспірімдердің спорттық олимпиадалық резерві мектебінің жаттықтырушысы ретінде бастады. 2002 жылы Павлодар қалалық әскери комиссариатымен Алматы қаласының Орталық спорттық клуб армиясына (ЦСКА) әскери қызметке шақырылды. 2003 жылы қатардағы жауынгер атағымен босатылды. 2004 жылы Павлодар қаласының ҚР ІІМ училищесінің алғашқы дайындық курстарынан өтіп, сол жылы Ертіс ауданы Ішкі істер бөлімінің кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі топтың аға инспекторы болып тағайындалды. 2008 жылы Ертіс ауданы ІІБ-нің тергеу бөлімшесінің тергеуші лауазымына тағайындалды. 2010 жылы Ертіс ауданы ІІБ-нің уақытша ұстау изоляторының басшысына тағайындалды. 2014 жылдан Ертіс ауданы ІІБ кезекші бөлімінің басшысы қызметінде. Арнайы атағы-полиция майоры.

**Марапаттары:** Құқық қорғау қызметіндегі адал қызметі үшін «ҚР ІІМ үздік қызметі үшін» медалі, «ҚР ІІМ үздігі» төс белгісі, ҚР ІІМ Алғыс хаты, ҚР ІІМ «Динамо» спорт комитетінің Құрмет Грамотасы, Павлодар облысы ІІД Құрмет Грамоталары. Республика, облыс, аудан шеңберінде өткізілетін спорттық шараларға қатысуда белсенділік таныта отырып, түрлі жүлделерді иеленеді. Павлодар облысы ІІД «Сам-

бо» күресінен құрама командасында бола тұра, 2012 жылы ҚР ІІМ-мен Орал қаласында құқық қорғау қызметкерлерінің арасында Самбодан өткізілген чемпионатта 3 орынды иеленді. ІІБ жаңа қабылданған жас мамандарға тәлімгер ретінде өз тәжірибесімен бөліседі.



**Муканов Ғабит Сабитұлы** 09.10.1984 жылы туды. 2001 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2009 жылы Қаржы және құқық колледжін, 2012 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік Университетін заңгер мамандығы бойынша тәмамдады. 2002–2004 жылдары әскери борышын атқарды. 2005–2013 жылдары Павлодар облыстық УССО–да полиция қызметкері. 2013 жылдың мамыр айынан желтоқсан айына дейін уақытша ұстау изоляторында кезекші. 2013 жылдың желтоқсан айынан Ертіс аудандық Ішкі істер бөлімінің криминалдық бөлімінің полиция лейтенанты.



**Жусупбаев Арман Қамайұлы** 01.12.1992 жылы туды. 2010 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2014 жылы ҚР ІІМ Алматы академиясын тәмамдады. 2014 жылдан Ертіс АІІБ тергеу бөлімінде тергеуші. Полиция лейтенанты.



***Ракишев Арман***
*майор*



***Сейілханов Асхат***
*аға лейтенант*



***Есен Даурен***
*капитан*



***Шайхин Жанболат***
*кәсіби–сержант*



***Баянов Даурен***
*капитан*



***Акимов Тимур***
*алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі*



***Башаров Бахтияр***
*курсант*



***Сарсембаев Мақсат***
*курсант*



***Кенжетаев Батыр***
*курсант*




# Алтын,
# Күміс медальдар,
# Алтын белгі,
# Үздік аттестат иегерлері



**Ғайнел Қайырсқаққызы** 1928 жылы туды. 1946 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін «Күміс медальмен» бітіріп, Алматы қаласындағы Қыздар педагогикалық институтына оқуға қабылданды.

Мектептегі оқушылар Ғайнелді тіл маманы болады деп ойлады. Барған бетте сол факультетке құжаттарын тапсырып, біраз күннен кейін ректор (Тұрсын Мырзабекова) шақырып алып: «Математика мамандығына балалар жетпей жатыр, сонда барсаң қайтеді? Барлық пәннен де бағаң жақсы екен, саған қиындық болмас», – деді. Үлкенді сыйлап өскен Ғайнел, «бармаймын» деп айта алмады. Содан математик болып шыға келді. Институтта жақсы оқып, шыққан ұясына сөз келтірген жоқ. Оқытушылары Керекудің (Павлодардың) балалары математикаға зерек болады деп мақтап отыратын.

Оқуды аяқтағаннан кейін 1950-1956 жылдары Жезқазғанда математика, физика пәндерінің оқытушысы және оқу ісінің меңгерушісі.

1956-1961 жылдары Ермактағы орта мектепте сабақ берді.

1961 жылдан Қарағандыдағы педагогикалық институтта, кейін Қарағанды мемлекеттік университетінде «Жоғарғы геометрия», «Геометрия негіздері» пәндерінен дәріс оқып, осы оқу орнынан құрметті демалысқа шықты.

Жұбайы, Қажыбеков Зада Әкімбекұлы, танымал заңгер, Қарағанды облысы Әділет басқармасын, Адвокаттар коллегиясын басқарған. Қалада бір заң консультация аты және көше аты берілген, арнайы мемориалдық тақта орнатылған ел сыйлайтын құрметті азамат.

Бес бала тәрбиелеп өсірді.

Үлкені Еркін Задаұлы – физик, Москва мемлекеттік университетін (МГУ) бітірісімен біраз жылдар КСРО Ғылымдар Академиясының Физикалық институтында (ФИАН СССР) жұмыс істеді. Еліміз егемендік алған соң Қазақстанға оралып «Аспан технологиялары» («Sky Technologies») компаниясының Бас директоры (Алматы), «Equivalence AG» корпорациясының Директорлар Кеңесінің мүшесі (Zurich, Switzerland – Цюрих, Швейцария), «Азия Орталығы» («Центр Азии») журналының техникалық редакторы (Алматы).

Ерден Қажыбек – Халықаралық Түркітану Орталығының президенті, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік ғылымдар академиясының, Қытай, Түркия, Ресей, АҚШ және Еуропа елдерінің ғылыми академиялары мен ассоциацияларының мүшесі, филология ғылымдарының докторы.

Ерлан Қажыбеков – заңгер, адвокат және нотариалдық кеңсе жетекшісі, Астанада қызметте.

Еркеш Есимова, қызы, адвокат, Қарағандыда.

Айгүл Қажыбекова, кенже қызы, экономист әрі заңгер, Қарағанды облысы «Қазмұнайгазөнімдерінің» мамандармен жұмыс істейтін Бас менеджері қызметін атқарады.



**Будиев Қаһарман Әбікенұлы** 08.10.1944 жылы туды. 1961 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін «Күміс медальмен» бітірді. 1966 жылы Алматы политехникалық институтын тәмамдады. 1966 жылдан Ертіс, Ақсу, Успенка аудандарында құрылыс саласында қызмет етті. 1988 жылы Успенка аудандық партия ко-

митетінің мүшесі, ал 1989 жылы Успенка аудандық Советінің депутаты болып сайланды.

Жұбайы Бекбатырова Қарлығаш 1963 жылғы №2 Ертіс қазақ орта мектебінің түлегі. Төрт бала тәрбиелеп өсірді.

Үлкені Ләззәт – құрылыс маманы Успенка ауданы құрылыс бөлімінде еңбек етеді.

Алмат – Астанада, мрамор – гранит маманы.

Жанар – педагог, орыс тілі мен әдебиеті маманы, Интеллектуалды мектептерде ұстаздар дайындау орталығының басқарушысы.

Жеңіс – педагог, физик–информатик, экономист–аудит. Россияның электротехникалық корпорациясында қызмет атқарады.



**Ламашарипова Әлия Мұратқызы** 12.02.1961 жылы туды. 1977 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін «Алтын медальмен» бітірді. 1977 жылы Алматыдағы В.И. Ленин атындағы (қазір Қ. Сатпаев атындағы) Қазақ политехникалық институттың металлургия факультетінің студенті атанды. 1983 жылы Теміртау қаласындағы Завод – ВТУЗдың қара металлургия факультетін тәмамдады. 1983-1991 жылдары ОҚО Түркістан қаласындағы заводтың техникалық бөлімінде қызмет істеді. 1991 жылдан Түркістанда ашылған Қ.А. Ясауи университетінде кадр бөлімінің басшысы, әдіскер, әкімшілік-бақылау басқармасының бас инспекторы.



**Исабекова Дариға Сарсенбіқызы** 04.04.1962 жылы туды. 1979 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін «Алтын медальмен» бітірді. 1984 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының фармацевтика факультетін «Үздік» дипломмен тәмамдады. 1984 жылы Павлодар облысының Аптекалық Басқармасының бақылау аналитикалық зертханасында провизор аналитик. 1988 жылы бақылау аналитикалық зертханасының меңгерушісінің орынбасары, ал 1997 жылдан меңгерушісі. 2001 жылы Алматы қаласындағы Дәрі-дәрмек Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын дәрілік заттар орталығының маманы. 2003 жылдан басты маман. 2011 жылдан фармацевтикалық ЖШС фирманың директоры.

**Марапаттары: 1984 жылы** ВЛКСМ Орталық Комитетінің және Орта білім беру Министрлігінің «Үздік оқығаны үшін» белгісі. **1987 жылы** ВЛКСМ Орталық Комитетінің «Еңбектегі озаттығы үшін» белгісі. **2005 жылы** кәсіптік білімді жетілдіру мақсатында Болгария елінің София қаласында Техникалық университетінде «Техникалық заңнама және сапалық басқару» курсын өтіп фармация саласында халықаралық эксперт-аудитор дәрежесіне ие болды. **2006 жылы** Дания елінің Хиллерёд қаласында тәжірибе алмасу мақсатымен Бүкіләлемдік Денсаулық сақтау ұйымының арнайы жобасымен ұйымдастырылған «Сапаның тексерісі және зертханалар» оқуында білім алып, арнайы сертификатқа ие болды. **2006 жылы** Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет Грамотасы. Фармацевтикалық салада көп жыл бойы еңбек сіңіргені үшін көптеген Алғыс хаттар, Грамоталар және Белгілермен марапатталды.



**Шарипова Гүлнар Аманбайқызы** 10.09.1971 жылы туды. 1988 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін «Алтын медальмен» бітірді. 1994 жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтын физика–информатика мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 1994 жылдан Успенка №2 мектебінде физика және информатика пәндерінің мұғалімі.

**Марапаттары:** Аудандық және облыстық білім бөлімінің Құрмет Грамоталарымен марапатталды.



**Искакова (Құлахметова) Анар Сағатқызы** 14.02.1976 жылы туды. 1992 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін «Күміс медальмен» бітірді. 1996 жылы ПМПИ–ді қазақ тілі мен әдебиет мамандығы бойынша тәмамдады. 1996 жылдан Қызылқақ орта мектебінде қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі. І санатты маман.

**Марапаттары: 2013 жылы** Білім бөлімінің Құрмет Грамотасы



**Қалым Айпара Ембергенқызы** 03.05.1992 жылы туды. 2010 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін «Алтын белгімен» бітірді. 2014 жылы Астана қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетін экономика және бизнес мамандығы бойынша тәмамдады.



**Жұмабаева Айгерім Ағыбайқызы** 18.08.1992 жылы туды. 2010 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін «Алтын белгімен» бітірді. 2010 жылдан Семей мемлекеттік медицина университетінің студенті.



**Какеева Алтынгүл Тлеубергенқызы** 01.03.1993 жылы туды. 2011 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін «Алтын белгімен» бітірді. 2015 жылы Астана қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетін экономика мамандығы бойында «Үздік» дипломмен тәмамдады.



**Айтуарова Айгерім Манғаздарқызы** 25.03.1993 жылы туды. 2011 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін «Алтын белгімен» бітірді. 2015 жылы Астана қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетін халықаралық құқық мамандығы бойынша «Үздік» дипломмен тәмамдады.



**Жұмагелдинова Меруерт** 02.04.1993 жылы туды. 2011 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін «Алтын белгімен» бітірді. 2015 жылы Алматы қаласындағы Әл–Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетін әлемдік экономика мамандығы бойынша «Үздік» дипломмен тәмамдады.



**Байанбаев Расул Саматұлы** 21.04.1997 жылы туды. 2014 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін «Алтын белгімен» бітірді. 2014 жылдан Астана медицина университетінің студенті.



**Аралбаева Қымбат Құндаққызы** 17.12.1980 жылы туды. 1998 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2000 жылы Павлодар Технологиялық колледжін бухгалтер-экономист мамандығы бойынша тәмамдады. 2002 жылы Қарағанды Экономикалық университетін бухгалтер-экономист мамандығы бойынша бітірді. 2002–2009 жылдары Ертіс аудандық Қазынашылық басқармасында бас маман. 2009 жылы Ертіс ауданы бойынша Салық басқармасында бас маман. 2011 жылдан Павлодар қаласы бойынша салық басқармасында бас маман.

**Марапаттары:** 2006 жылы «Ұлттық валюта – теңге күні» және қаржы жүйесінің 85 жылдығына байланысты, ауданның әлеуметтік экономикалық дамуына жеке қосқан қомақты үлесі үшін Ертіс ауданы әкімінің Құрмет Грамотасы. 2007 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы қызметкерлерінің «Ұлттық валюта – теңге күні» мерекесінің атап өтілуіне байланысты, Қазақстан Республикасының Қазынашылық жүйесін дамытуда қосқан үлесі үшін Қазынашылық бөлім бастығының Алғыс хаты. 2008 жылы 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесінің атап өтілуіне орай қызметтегі нәтижелі және табысты еңбегі үшін аудан әкімінің Алғыс хаты.



**Нурсултанова Айгерім Хайруллақызы** 02.12.1980 жылы туды. 1998 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2003 жылы Шәкәрім атындағы Семей Мемлекеттік Университетін бухгалтер мамандығы бойынша тәмәмдады. 2003 жылдан С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің қаржы және есеп кафедрасының аға оқытушысы.



**Айкенова Асемгүл Есенқызы** 08.09.1982 жылы туды. 1999 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2004 жылы С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың құрылыс-сәулет факультетінде оқыды, 2006 жылы магистратураны тәмамдады. 2004-2007 жылдары ПМУ-да аға оқытушы. 2007-2008 жылдары Астана қаласында ЖШС «Казмостдорстрой» мекемесінде инженер. 2008-

2011 жылдары ЖШС «Унистрой—ПВ» мекемесінде бөлім басшысы. 2011-2012 жылдары ЖШС «Стройкласс» басшысы. 2012-2014 жылдары ЖСШ «Унистрой − ПВ» мекемесінде директордың орынбасары, Астанадағы филиал директорының орынбасары.



**Темирханова Еркеш Сансызбайқызы** 15.07.1982 туды. 1999 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2002 жылы ИнЕУ колледжін, 2005 жылы ПМПИ-ді ағылшын тілі мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. 2005 жылы №3 Ертіс орта мектебінде ағылшын тілі мұғалімі. 2007 жылдан Б. Ахметов атындағы колледжде мұғалім.

**Марапаттары:** 2011 жылы облыстық білім басқармасының Алғыс хаты. 2013 жылы Б. Ахметов атындағы колледждің Алғыс хаты.



**Бейсембаев Әсет Ерболатұлы** 02.01.1983 туды. 1999 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2004 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік Университетінде инженер-жылуэнергетик мамандығын алды. 2004 жылы Екібастұз қаласындағы «СредазЭнергоМонтаж Тресі» МУ ААҚ учаскелік шебер. 2005 жылы «ЕкібастұзЭнергоМонтаж» ЖШС учаскелік шебер, учаске бастығы. 2012 жылы «Karaganga Bi Energy Plus» ЖШС инженер. 2013 жылдан «Екібастұз ГРЕС-2 станциясында» бас инженер.



**Кудерина Шолпан Қайруллақызы** 07.05.1983 жылы туды. 1999 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2002 жылы Павлодар қаласындағы Б. Ахметов атындағы колледжді, 2005 жылы ПМПИ–ді сырттай қазақ тілі мен әдебиет мамандығы бойынша тәмамдады. 2004–2007 жылдары әскери комиссариатта аудармашы. Қазіргі кезде «Майқайын алтын» фабрикасында оператор.



**Жаналина Жанара Рамазанқызы** 24.07.1983 жылы туды. 2000 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2005 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік Университетін тарих және география пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. 2005 жылы арнайы «Күзет» мекемесінде, 2006 жылдан Оқушылар сарайында нұсқаушы, 2007 жылдан Мамандандырылған арнайы күзет басқармасында бөлімше командирі.



**Акимова Гульнара Жоламанқызы** 22.03.1983 жылы туды. 2000 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2003 жылы Қазтұтынушылар Одағының Павлодар Экономикалық колледжін «Есептеу техникасы мен автоматтандырылған жүйелерді бағдарламамен қамту» мамандығы бойынша бітірді,

Ертіс ауданының Қорғаныс істер бөліміне 3-ші бөлімше бастығының аға көмекшісі. Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтында информатика мамандығы бойынша білім алды. 2005 жылдан «Ұлттық тестілеу орталығының» №120 филиалының инженері.



**Ахметжанов Рустам Жадыгерұлы** 04.04.1983 жылы туды. 2000 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітіріп, Қазақстан-Герман бизнес колледжінің қаржы факультетіне түсті.



**Исина Асель Сайлауқызы** 22.01.1983 жылы туды. 2000 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2004 жылы С.Торайғыров атындағы ПМУ-ды математика пәні мұғалімі мамандағы бойынша тәмандады. 2006 жылы Алматы экономика және статистика академиясында қаржы мамандығын алды. 2004-2008 жылдары №4 Ертіс орта мектебінде математика және информатика пәндерінің мұғалімі. 2008-2009 жылдары «Сулпак» ЖШС кассир-есепші. 2010-2013 жылдары ЖШС «Восточный купец» кассир есепші. 2013-2014 жылдары − ИП Сеитова Н.Б. материал тобының бухгалтеры. 2015 жылдан ЖШС «ТИМ и К» есепші.



**Баязова Сания Жастілекқызы** 12.03.1984 жылы туды. 2001 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2003 жылы Павлодар құқық және қаржы колледжін құқықтану мамандығы бойынша, 2008 жылы Қазақ гуманитарлық Заң университетін заңтану мамандығы бойынша тәмамдады. 2005 жылдан Ертіс ауданының әкімдігінде бас маман.

**Марапаттары: 2012 жылы** аудан әкімінің Құрмет Грамотасы.



**Қалиақпарова Мадина Тоқтасынқызы** 13.06.1984 жылы туды. 2001 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2003 жылы ПМУ колледжін есеп және аудит мамандығы бойынша тәмамдады. 2007 жылы Инновациялық Еуразия университетін бітірді. 2006 жылдан Павлодар қаласындағы сүт өндіретін зауытта бухгалтер.



**Қуанышева Асель Қанатқызы** 24.03.1984 жылы туды. 2001 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2005 жылы Павлодар педагогикалык институтын музыкалык білім мамандыгы бойынша толық курсын тәмамдады. 2007 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін экономист мамандағы бойынша

бітірді. 2005-2007 жылдары Павлодар гуманитарлық педагогикалық колледжінде жұмыс істеді.



**Сүлбаева Динара Қабдоллақызы** 17.06.1984 жылы туды. 2001 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2006 жылы Талдықорған қаласындағы Жетісу мемлекеттік университетінің физика-математика факультетін физика-информатика мамандығы бойынша тәмамдады. 2006 жылы №4 Ертіс орта мектебінде информатика пәні мұғалімі. 2007 жылы Ақтөбе қаласындағы кооперативтік колледжде информатика пәнінің мұғалімі. 2009 жылдан Ақтау қаласында физика, информатика пәндерінің мұғалімі



**Ламашарипов Руслан Жұмагелдіұлы** 23.09.1985 жылы туды. 2002 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2006 жылы Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін есеп және статистика мамандығы бойынша тәмамдады. 2007-2008 жылдары ЖШК «VES»-те қаржы тәуекелдер бойынша менеджер. 2008 жылы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агентігінің бас маман-экономисі. 2011 жылдан Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктің Ішкі аудит департаментінде бас маман-экономист. 2012 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының Мемлекеттік қызметкерлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру институтының «Мемле-

кеттік қызметтерді көрсетудің сапасын басқару» бағдарламасын бітірді.



**Махамбетова (Бадыкова) Жанар Ермекқызы** 17.09.1985 жылы туды. 2003 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2007 жылы Қайнар университетінің колледжін үздік тәмамдады. Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетін қаржы мамандығы бойынша бітірді. 2007–2008 жылдары «Тұлпар» ЖШС сақтандыру агенті. 2010 жылы «Шапай» ЖК есепші. 2010–2011 жылдары «Баян Trade Pavlodar» ЖШС есепші. 2011 жылдан «Евросвет Павлодар» TEKSAN есепші.



**Темірбаева Жаннар Ерланқызы** 04.08.1986 жылы туды. 2003 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2007 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін тамақ өнеркәсібінің технологы мамандығы бойынша тәмамдады. 2009 жылы Павлодар қаласындағы Инновациялық Еуразиялық Университетін қаржы мамандығы бойынша бітірді. Еңбек жолын Алматы қаласында ЖШС «Жанар и К» кәсіпорынында шұжық жасау технолыгы болып бастады. 2010-2011 жылдары Павлодар қаласында ЖШС «Унистрой-ПВ» кәсіпорнында технолог. 2012 жылы Ертіс ауылындағы ЖК Малышев наубайханасында технолог. 2013 жылдан Ертіс аграрлық-техникалық колледжінің арнайы пәндер мұғалімі.



**Сакижанова Сандуғаш Оралбекқызы** 27.12.1985 жылы туды. 2003 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2007 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін қазақ филологиясы бакалавры мамандығы бойынша тәмамдады. 2013 жылы Орал қаласындағы Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетін экономика және сауда бакалавры мамандығы бойынша бітірді. Еңбек жолын Орал қаласында ҚАЗИИТУ-нда орыс тілді топтарда қазақ тілі мұғалімі болып бастады. 2011-2013 жылдары Альянс полис сақтандыру компаниясында менеджер.



**Сүлбаева Анара Қабдоллақызы** 08.11.1985 жылы туды. 2003 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін Үздік аттестатпен бітірді. 2007 жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтын физика- информатика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 2013 жылы Алматы экономика және статистика академиясын экономика және сауда бакалавры мамандығы бойынша бітірді. Еңбек жолын Ертіс ауылында АҚ «Қазпошта» кәсіпорынында программист болып бастады. 2011 жылдан Ертіс аграрлық-техникалық колледжінің есепшісі.

Жұмажанова Әсем, Сұрағанов Ақтан, Жұмажанова Самал, Айтуарова Әлия.



# Түлектер

***Сен де бір кірпіш дүниеге,***
***Кетігін тап та бар қалан.***

*Абай*



**Әлімсүренов Қалиақпар** 15.11.1922 жылы туды. 1938 жылы Ертіс орталау мектебін бітірді. 1941-1945 жылдары Қарағанды қаласында шахтада жұмыс істеді. 1948 жылы Қарағанды қаржы техникумын тәмәмдады. 1948-1982 жылдары Ертіс ауданы қаржы бөлімінде мемлекеттік салық бөлімінің аға инспекторы.

**Марапаттары**: «Еңбек ардагері», «Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 30 жылдығы», «Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 40 жылдығы», «Ерен еңбегі үшін» медальдар.



**Жансултанов Талас** 1927 жылы туды. 1942 жылы Ертіс қазақ орта мектебінің жетіжылдық курсын бітірді. 1943 жылы Ертіс мал бордақылау мекемесінің қызметкері, 1969 жылдан сол мекеменің директоры. 1977 жылы Ертіс аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі, жол құрылыс басқармасының бас бухгалтері. 1979-1992 жылдары Аудандық тұтынушылар одағынының қоғамдық тамақтандыру бірлестігінің, қосалқы шаруашылықтарының директоры, «ҚазССР 40 жылдығы» тұтынушылар бірлестігінің төрағасы.

**Марапаттары:** «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 30, 40, 50 жылдығы», «Лениннің туғанына 100 жыл», «Еңбек ардагері» медельдары. «Тұтынушылар одағының үздігі», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғыс ардагері» белгілері.



**Нұрпеисов Кездікпай** 01.01.1926 жылы туды. 1943 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1943–1949 жылдары Қарағанды қаласындағы шахтада жұмыс істеді. 1951 жылы ФЗУ-ды тәмамдады. 1951-1953 жылдары Кайманачиха, М. Горькийде сауда қызметкері. 1953-1957 жылдары сауда меңгерушісі. 1957–1962 жылдары астық қабылдау қоймасының меңгерушісі. 1962 жылы өндіріс бөлімінің басшысы. 1968 жылы Беловод кеңшарында құрылыс бөлімінің шебері. 1969 жылдан М. Горький селолық советінің төрағасы, хатшысы. 1986 жылы зейнеткерлікке шықты.

**Марапаттары:** «В.И. Лениннің 100 жылдығына арналған Ерен еңбегі үшін» медалі, «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің елу жылдығы» мерекелік медалі.



**Ауталипова Малика** 1925 жылы туды. 1943 жылы Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1941 жылы тоғызыншы сыныпта оқуымен бірге, мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істеді. 1947 жылы Суворов жетіжылдық мектебінде бастауыш сынып мұғалімі, зертханашы, ұзартылған топ тәрбиешісі.

**Марапаттары:** «Еңбек ардагері» медалі. Облыстық, аудандық білім бөлімдерінің Құрмет Грамоталары. Облыстық кәсіподақ ұйымының Грамотасы.



**Қайырсқақова Майкен** 01.05.1926 жылы туды. 1943 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1943 жылы Қарақұдық ауылдық округының Ынтымақ елді мекенінде бастауыш сынып мұғалімі. 1946 жылы М. Горький мектебінде бастауыш сынып мұғалімі. 1948 жылдан Кутузов орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі.

**Марапаттары:** «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін» медалі. Оқу бөлімінің Құрмет Грамоталары.



**Арипов Тұрғанбай** 20.10.1928 жылы туды. 1943 жылы Ертіс қазақ орта мектебінде 7 класты бітірді. 1943–1953 жылдары Қызылжар ауылында есепші. 1954–1960 жылдары Үлгілі ауылында есепші. 1960–1974 жылдары Беловод кеңшарында бас есепші. 1963 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтының бас есепшілердің арнайы 3 айлық курсын тәмамдады. 1971 жылы Алматы арнайы бухгалтерлер мектебін үздік бітірді.

**Марапаттары: 1958 жылы** «Тың жерлерді игергені үшін» медалі.



**Шапиев Мағзұм** 1927 жылы туды. 1944 жылы Ертіс қазақ орта мектебінде 7 класты бітірді. 1945–1951 жылдары әскер қатарында болды. 1952 жылы Семейдің ревизорлық оқуын тәмамдады.

1953 жылдан бастап потребсоюзда бухгалтер, ревизор, раб-коптың бастығы болып қызмет істеді.



**Алдажаров Қинаш Алдажарұлы**

*«Қазақ ССР–нің халық ағарту ісінің үздігі» (1976 жыл)*

16.12.1928 жылы туды. 1946 жылы Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1950 жылы Н.К. Крупская атындағы Семей педагогикалық институтын тәмамдады. 1951 жылдан Ертіс қазақ орта мектебінде математика пәні мұғалімі, М. Горький орта мектебінде, Октябрь сегізжылдық орта мектебінде, Қарақұдық орта мектебінде мұғалім. Алдажаров атында облыстық деңгейде шахматтан сайыс өткізіледі.



**Аманжолов Қабиден Аманжолұлы**

15.03.1928 жылы туды. 1946 жылы Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1948 жылдан Үлгілі бастауыш мектебінде мұғалім. Әскер қатарынан келгеннен кейін №2 Сілеті бастауыш мектебінің меңгерушісі. 1958 жылдан Суворов кеңшарында Шевченко атындағы бастауыш мектептің меңгерушісі. 1966 жылы Суворов ауылдық советінің төрағасы. 1972 жылдан Суворов кеңшарының партия ұйымының хатшысы. 1976 жылы Кайманачиха ауылдық советінің төрағасы.

**Марапаттары:** «Еңбек Қызыл Ту» ордені, «Құрмет белгісі», «Еңбек ардагері» медальдары.



**Ауталипова Жәмилә** 1927 жылы туды. 1946 жылы Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1947 жылы Суворов кеңшарында сатушы. №2 бөлімшенің қойма меңгерушісі. Мехтокта есепші.

**Марапаттары:** Кеңшар басқармасының және ауылшаруашылық кәсіподағының Құрмет Грамоталары.



**Халиуллин Мұхаметқали**

*Халық жырауы*

1930 жылы туды. 1949 жылы Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1949–1950 жылдары аға пионервожатый, 1950–1952 жылдары Благовещенко жетіжылдық мектебінде, 1952–1953 жылдары Ертіс қазақ жетіжылдық мектебінде, 1953–1954 жылдары Панфилов жетіжылдық мектебінде, 1954–1957 жылдары Үлгілі жетіжылдық мектебінде, 1957–1964 жылдары Амангелді кеңшарындағы бастауыш мектепте мұғалім. 1964–1965–1995 жылдары Ертістегі №5 сегізжылдық мектепте қызмет жасады. 1965 жылдан №2 Ертіс қазақ орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, мұғалім. 1967–1968 жылдары аудандық оқу бөлімінде инспектор.



**Жансеитов Қошқарымбет** 13.04.1932 жылы туды. 1951 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1954 жылы Семей педагогикалық мұғалімдер институтын математика пәні мұғалімі мамандағы бойынша тәмамдады. 1954 жылы №2 Ертіс

қазақ орта мектебінде математика пәні мұғалімі. 1956 жылы Октябрь, 1958 жылы Үлгілі мектептерінде математика пәні мұғалімі. 1967 жылы Западныйда бастауыш мектеп меңгерушісі. 1970-1992 жылы Кайманачиха №4 мектебінде оқу ісінің меңгерушісі.

**Марапаттары:** «Еңбек ардагері», «Павлодар облысына 75 жыл» медальдары. **1986 жылы** білім бөлімінің Құрмет Грамотасы.



**Көпеев Тлеукен Көпейұлы** 09.05.1931 жылы туды. 1951 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1951 жылы Северный мектебінде қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі. 1954 жылы Октябрь мектебінде физика және математика пәндерінің мұғалімі. 1956 жылы ҚазССР Онжылдық мектебінде математика пәні мұғалімі. 1958 жылы бастауыш мектеп меңгерушісі, сол жылы Онжылдық мектебінде математика пәні мұғалімі. 1977-1992 жылы мектеп қасындағы интернаттың меңгерушісі.

**Марапаттары:** «Еңбек ардагері», «Еңбектегі жетістіктері үшін», «Ұлы Отан соғысы жеңісіне 50 жыл» медальдары. 1977, 1979, 1981, 1986, 1987 жылдары білім бөлімінің Құрмет Грамоталары.



**Сердалин Қияш**

*Ертіс ауданының Құрметті Азаматы (2011 жыл)*

1936 жылы туды. 1953 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1953 жылдан 10 жылдық мектебінде мұғалім. 1954–

1959 жылдары Алматы Зооветеринарлық институтын зоотехник мамандығы бойынша тәмамдады. 1959 жылдан 10 жылдық кеңшарында зоотехник. 1962–1966 жылдары Краснокутск ауданының Рассвет, Карл Маркс кеңшарларында бас зоотехник. 1966–1976 жылдары 10-жылдық, Сілеті кеңшарларында бас зоотехник. 1977–1978 жылдары аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас зоотехнигі. 1978–1985 жылдары Западный кеңшарының директоры. 1985-1999 жылдары Пушкин кеңшарының ауылшаруашылық кооперативінде бас зоотехник.

**Марапаттары: 1968 жылы** Ауылшаруашылық министрінің марапаты. **1970 жылы** «В.И. Лениннің туғанына 100 жыл» мерекелік медалі. **2005 жылы** «Тыңға 50 жыл» мерекелік медалі. **2012 жылы** «Облыс алдында сіңірген еңбегі үшін» белгісі. **2013 жылы** «Павлодар облысына 75 жыл» юбилейлік медалі.



**Ауталипова Орынбасар Ауталипқызы**

*СССР Денсаулық сақтау ісінің озаты*

07.10.1936 жылы туды. 1954 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1960 жылы Семей мемлекеттік медициналық институтын тәмамдады. 1960 жылы 9 тамызда Суворов кеңшарындағы аурухананың бас дәрігері. 1960 жылы Абай учаскелік ауруханасының бас дәрігері. 1961-1969 жылдары Үржар ауданындағы Некрасов учаскелік ауруханасының меңгерушісі. 1969–1974 жылдары Үржар аудандық ауруханасында бас дәрігердің орынбасары және акушер-гинеколог. 1974–1978 жылдары акушер–гинеколог және аурухана меңгерушісі. 1978-1992 жылдары акушер-ги-

неколог. 1992 жылы зейнеткерлікке шықты. Жоғары санатты акушер–гинеколог.

**Марапаттары:** Денсаулық сақтау министрлігінің, облыстық денсаулық сақтау басқармасының Құрмет Грамоталары.



**Аубакиров Кеңес**

*Ертіс ауданының Құрметті Азаматы*

15.10.1934 жылы туды. 1954 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1959 жылы Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтын бітірді. Торғай облысының Октябрь аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, Арқалық аудандық атқару комитетінің төрағасы, Жангелдин аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Торғай облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары. Жамбыл облыстық Атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, облыс әкімінің бірінші орынбасары. 1974 жылы Қазақстан Компартиясының XIV съезінің Орталық комитетіне мүше, 1994 жылы Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды.

**Марапаттары:** 3 «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендері, 8 медаль, Қазақстан жоғары Кеңесінің Құрмет Грамотасы, **2008 жылы** Ресей Федерациясының қоғамдық марапаттау ұлттық комитетінің I дәрежелі «Петр Великий» ордені.



**Бешкенов Муталап** 15.12.1936 жылы туды. 1954 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1954 жылы автокөлік жүргізушілер курсын тәмамдап, Панфилов кеңшарында жұмыс істеді. 1966 жылдан Новоивановка кеңшарында автокөлік жүргізушісі.

**Марапаттары: 1971 жылы** «Құрмет Белгісі» ордені, үш рет «Еңбек Озаты» белгісі.



**Рамазанов Жанайдар Рамазанұлы** 1935 жылы туды. 1954 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін үздік бітірді. 1959 жылы Омбы ауылшаруашылық институтын инженер-гидротехник мамандығы бойынша тәмамдады. 1959 жылы Жобалау мекемесінде инженер, мекеме басшысы. Бүкілодақтық «Союзгипрорис» институты Павлодар филиалының директоры. 1976 жылы облыстық «Облводхоз» кәсіпорнының, «Павлодармелиорация» бірлестігінің, облыстық су ресурстары комитетінің басшысы.

**Марапаттары:** «Құрмет Белгісі» ордені, Қазақ ССР-ы Жоғары Кеңесі Президиумының «Құрмет Грамотасы». «КСРО Өнертапқышы» Құрмет Белгісі.



**Жұмаділов Қайыржан Сейітұлы** 1935 жылы туды. 1954 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1957 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы Қа-

зақ мемлекеттік институтын тарих пәні мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 1957 жылы Чапаев мектебінде мұғалім. 1958 жылы Северный орта мектебінде тарих пәні мұғалімі. 1959 жылдан ҚазССР 10 жылдық мектебінде мұғалім. 1967 жылдан Северный №3 сегізжылдық мектебінің директоры. 1969 жылдан Амангелді кеңшарының партия ұйымының хатшысы. 1973 жылы Амангелді орта мектебінің директоры. 1974 жылдан Северный №1 сегізжылдық мектебінің директоры. 1996 жылдан зейнеткер. Жоғары санатты маман.

**Марапаттары: 1985 жылы** «Еңбек ардагері» медалі. **1964 жылы** Тың аймақтық комсомол комитетінің Құрмет Грамотасы. **1965 жылы** Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Құрмет Грамотасы. **1988 жылы** Павлодар облыстық партия комитетінің Құрмет Грамотасы. **1995 жылы** Облыстық мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру институтының Құрмет Грамотасы.



**Молдабеков Қасен Садуақасұлы** 07.03.1935 жылы туды. 1954 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1959 жылы Семей педагогикалық институтын математика пәні мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. Ертіс қазақ орта мектебіне математика пәні мұғалімі болып орналасты. 1962 жылы Қарақұдық мектебінде мұғалім. 1964 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебінде мұғалім. 1967-1969 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінің директоры. Бірнеше аудан мектептерінің директоры болып және совет қызметкері болып жұмыс атқарды.

**Марапаттары:** Аудандық білім бөлімінің Грамоталарымен марапатталды. **1974 жылы** «Еңбек ардагері» медалі. **2005 жылы** Павлодар облысының Білім департаментінің

облыстың білім саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі және кәсіптік қызметіндегі жоғары көрсеткіштері үшін Құрмет Грамотасымен марапатталды.



**Ильяшев Қабдылқақ** 20.10.1937 жылы туды. 1954 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1959 жылы Н.К. Крупская атындағы Семей мемлекеттік педагогикалық институтын тәмамдады. 1961 жылы Амангелді мектебінің директоры, жаңа мектеп ғимаратын іске қосты. 1965–1970 жылдары аудандық партия комитетінің үгіт–насихат бөлімінің меңгерушісі. 1970–1975 жылдары Сілеті партия ұйымында хатшы. 1975–1980 жылдары Суворов партия ұйымында қызмет атқарды. 1980–1989 жылдары СПТУ–39 директоры. 1989–1995 Ертіс аудандық білім бөлімінің инспекторы. 1995–1997 жылдары Ертіс аудандық әкімдігінде кадрлар бөлімінің меңгерушісі. 1998–2002 жылдары Ертіс аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы. 2003 жылдан облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі.

**Марапаттары:** «Құрмет Белгісі» ордені, «Ерен еңбегі үшін» медалі.



**Абугужинова Дәметай Жанкелдіқызы** 1938 жылы туды. 1955 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. Омбы қаласындағы педучилищені бітірді. Павлодар қаласындағы ауылшаруашылығы саласы бойынша мамандар дайындайтын бір жылдық мектепті есепші мамандығы бойынша тәмамдады. 1955 жылдан

Октябрь ауылының 7 жылдық мектебінде тарих, география пәндерінің мұғалімі., Аманкелді орта мектебінің бастауыш сыныбында сабақ берді. 1959 жылдан Ағашорын (бұрынғы Пушкин совхозында) есепші. 1992 жылы зейнеткерлікке шықты.



**Базенов Марат** 1936 жылы туды. 1955 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. Ауылшаруашылық маманы деген жоғары дәрежелі білім алды. Көп жылдар совхозда агроном, бөлімше басқарушы, партия ұйымының хатшысы болып қызмет істеді. 1997 жылдан зейнеткер.



**Бектұрсынова Қабира** 15.06.1936 жылы туды. 1955 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1955 жылдан типографияда, загот конторада қызмет істеді. 1973 жылы Ертіс ауылында жиһаз комбинатында 20 жыл еңбек етті. 1986 жылы зейнеткерлікке шықты. Құрмет тақтасына енгізілді. Еңбек озаты.



**Ғаббасов Ислям** 1937 жылы туды. 1955 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. Павлодар қаласында есепшілер курсын бітіріп, Тоқта ауылында есепші болып еңбек етті. 1957 жылы Павлодар қаласында экономика-есеп техникумын сырттай бітірді. Омбы қаласында ауылшаруашылық иниститутын экономист-бух-

галтер мамандығы бойынша тәмамдады. Сол жылдары Панфилов кеңшарының директоры, кеңшардың №4 бөлімшесінің есепшісі, 1964 жылы кеңшардың бас бухгалтері. 1981-1991 жылдары аудандық ауылшаруашылық басқармасына бас бухгалтер. 1991 жылы Салық комитетінің алғашқы төрағасы.

**Марапаттары**: Аудандық, облыстық ауылшаруашылық басқармаларының Құрмет Грамоталары.



**Қабылшаитов Сәмет** 25.12.1936 жылы туды. 1955 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1955-1958 жылдары әскери борышын атқарды. 1959 жылы автөкөлік жүргізушілер курсын аяқтады. 1959-1991 жылдары Қарақұдық ауылында автокөлік жүргізушісі. 1991-1998 жылдары Екібастұз «Богатырь» разрезінде автокөлік жүргізуші.

**Марапаттары:** Ауылшаруашылық басқармасының, 10 жылдық кеңшарының Құрмет Грамоталары.



**Темирбулатов Балта Темирбулатұлы** 12.01.1937 жылы туды. 1955 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1956-1957 жылдары Бірлік колхозында қызмет етті. 1957-1963 жылдары Сілеті кеңшарында бухгалтердің көмекшісі, трактор бригадасының есепшісі.

№1 ферма бухгалтеры, еңбек және жалақы бойынша экономист. 1965 жылы бас бухгалтердің орынбасары. 1968-1970 жылдары Павлодар зооветтехникумын бухгалтер мамандығы бойынша тәмамдады. 1973-1995 жылдары Сілеті кеңшарында бас бухгалтер.

**Марапаттары: 1980 жылы** «Үздік бухгалтер» атағы, «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.



**Сағындықов Төлеген Сейсенбайұлы**

*ІІМ құрметті қызметкері*

*милиция полковнигі*

29.07.1938 жылы туды. 1956 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1959 жылы Алматы арнайы милиция мектебін тәмамдады. 1966 жылы ҚазМУ–дың заң факультетін бітірді. 1959 жылдан Екібастұз ішкі істер бөлімінің қызметкері, 1962 жылдан Екібастұз қалалық комсомол комитетінің хатшысы, 1963 жылдан Екібастұз ішкі істер бөлімінің қызметкері. 1964 жылдан Павлодар қаласының ішкі істер бөлімінің қызметкері. 1970 жылдан тергеу бөлімі басшысының орынбасары. 1978 жылдан Павлодар қаласының Индустриалды ауданының ішкі істер бөлімінің басшысы. 1986 жылдан Павлодар ауданының ішкі істер бөлімінің басшысы. 1992 жылдан Павлодар облыстық ішкі істер басқармасының ақпараттық орталықтың басшысы. 1993 жылы зейнеткерлікке шықты.

**Марапаттары: 1965 жылы** «Милиция үздігі» төс белгісі. **1966 жылы** «Үздік тергеуші» атағы.



**Искаков Жасұлан Сайдахметұлы** 08.12.1939 туды. 1956 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1961 жылы Алматы ауылшаруашылық институтын инженер мамандығы бойынша бітірді. 1961 жылы Ертіс ауданының Казсельхоз техникада бас инженер. СПТУ-39 өндіріс саласы бойынша директордың орынбасары.

**Марапаттары:** облыстық кәсіптік техникалық оқыту басқармасының Құрмет Грамоталары.



**Солтанбеков Еркін Иманбайұлы** 22.05.1937 туды. 1956 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1976 жылы Павлодар совхоз-техникумын ветеринар фельдшер мамандығы бойынша тәмамдады. 1956-1957 жылдары Ертіс №16 автобазада, Ленин кеңшарында автокөлік жүргізушісі. 1957 жылы Ленин кеңшарында сатушы. 1959 жылы Ленин кеңшарының Жаңа дәуір ауылында электромонтёр. 1961 жылы Ново-Ивановка кеңшарында трактор бригадаларында есепші. 1962-1968 жылдары Ново-Ивановка кеңшарындағы автодүкен меңгерушісі, кеңшардың орталық қоймасының меңгерушісі. 1968-1973 жылдары Ново-Ивановка кеңшарының кәсіподақ ұйымының төрағасы, кадрлар бөлімінің инспекторы. 1976-1985 жылдары Ново-Ивановка кеңшарының №2 бөлімшесінде ветеринар-техник, ветеринария бөлімшесінің меңгерушісі, бөлімше зоотехнигі. 1985 жылы Ново-Ивановка кеңшарының №1 бөлімшесінде бөлімше меңгерушісі. 1988 жылы Ертіс аудандық тұтынушылар одағының Ново-Ивановка кеңшарындағы бөлімшесінің дайындаушысы. 1992 жылы Ново-Ивановка кеңшарындағы тұтынушылар бөлімшесінде дайындаушы. 1997 жылы зейнеткерлікке шықты. 1968 жылы Грабово ауылдық кеңесінің депутаты.

**Марапаттары: 1968 жылы** «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», 1970 жылы «Ерен еңбегі үшін», **1986 жылы** «Еңбек ардагері» медальдары. **1968 жылы** Ерен еңбегі үшін Ертіс ауданының құрмет кітабына енгізілді.



**Ауталипов Диас Әутәліпұлы** 1938 жылы туды. 1957 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1965–1969 жылдары Алматы ауылшаруашылық институтын инженер–механик мамандығы бойынша тәмамдады. 1965 жылдан ҚазССР 10 жылдық кеңшарында инженер-механик. 1970 жылдан Суворов кеңшарында инженер–механик. 1973–1989 жылдары Екібастұз қаласының ауылшаруашылық техникасы мекемесінде бас инженер.



**Ауталипова Күлтай** 1939 жылы туды. 1957 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1958 жылы Павлодар қаласындағы Сауда кооператив мектебін тәмамдады. 1958–1964 жылдары сауда саласында жұмыс атқарды. 1964–1967 жылдары Қазақ ССР 10 жылдығы атындағы сегізжылдық мектебінде кітапханашы. 1967–1994 жылдары Голубовка, Чапаев, Шұбарат мектептерінде ұзартылған топ тәрбиешісі. 1994 жылы зейнеткерлікке шықты.



**Байдильдинов Қайрулла** 17.12.1935 жылы туды. 1957 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1966 жылы Красноармейка техникумын агроном мамандығы бойынша тәмамдады. 1957-1960 жылдары әскери борышын өтеді. 1960 жылдан Қашыр ауданы, Октябрь кеңшарында көлік жүргізушісі. 1968-

1970 жылдары Октябрь кеңшарының №6 бөлімшесінде агроном, 1970-1972 жылдары №5 бөлімшесінде агроном, 1972-1980 жылдары №4 бөлімшенің меңгерушісі, 1980-1985 жылдары №3 бөлімшенің меңгерушісі. 1990 жылға дейін Октябрь кеңшарында жұмыс істеді. 1991 жылы Павлодар ұн өңдеу зауытында күзетші. 1995 жылдан зейнеткер.

**Марапаттары:** «Еңбек озаты» белгісі. Аудандық ауылшаруашылық басқармасының Құрмет Грамотасы.



**Қайырсқақов Тельман Мүбәрақұлы**

*Шахтинск қаласының Құрметті Азаматы*

03.10.1939 жылы туды. 1957 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін аяқтап, екі жыл жұмыс істеп Қарағанды политехникалық институтының тау-кен факультетіне оқуға түсті. 1963 жылы тау-кен инженері мамандығын алғаннан кейін 1966-1988 жылдары Шахтинск қаласының №14 Степная шахтасына жұмысқа жіберілді. Сол шахтада 22 жыл бойы еңбек етті. Осы жылдардың ішінде дайындық учаскесінің кен шебері, техникалық бөлімнің инженері, жұмыс ұйымдастыру және жалақы бөлімінің басқарушысы, шахта директорының орынбасары, шахтаның кәсіби одағы комитетінің төрағасы, партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарды.

**Марапаттары:** «Құрмет Белгісі» ордені, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» мерекелік медалі. Көптеген ведомстволық медальдармен марапатталды.



**Нұрмағамбетов Рашит Ақметжанұлы** 24.12.1938 жылы туды. 1957 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. Панфилов кеңшарында бухгалтер, мектепте мұғалім. 1963 жылы Н. Крупская атындағы Семей мұғалімдер институтының студенті. 1969 жылы Алматы Ауылшаруашылық институтын агроном-экономист мамандығы бойынша тәмамдады. 1969-1986 жылдары Ленин кеңшарында бас экономист. 1986 жылы Павлодар ауданы ауылшаруашылық басқармасында аға экономист. 1988-1997 жылдары Павлодар облыстық атқару комитеті еңбекпен қамту бөлімінің басшысының орынбасары. 1997 жылдан зейнеткер.

**Марапаттары:** «Еңбек ардагері» медалі. Аудандық, облыстық ауылшаруашылық басқармаларының Құрмет Грамоталары.



**Рамазанов Мұнайдар Рамазанұлы** 1957 жылдың түлегі. Мұнайдар бала кезінен сурет салуды өте ұнататын. Сол қабілетін Ертіс қазақ орта мектебінде оқып жүрген кезде дамытуға үлкен мүмкіншілік туды. Аудандық пионерлер үйі мектептің іргесінде орналасқан еді, сондықтан да сүйікті ісімен айналысуды үйірмеде жалғастырды. Мектепте қабырға газетін шығаруға, мерекелік плакаттар мен үндеу қағаздарын безендіруге келгенде Мұнайдардан асқан суретші болмайтын. Ол тек қана сурет салып қоймай, ағаштан, ермексаздан небір ғажап бейнелерді мүсіндейтін. Мұнайдар өмірден 28 жасында өтті, артында екі қыз, бір ұл қалды. Үлкен қызы

білікті дәрігер, кіші қызы жоғары санаттағы ағылшын тілінің маманы, ал ұлы ауылшаруашылығында жұмыс атқарады.



**Искакова Дина Бариқызы** 12.07.1939 жылы туды. 1957 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1957 жылы Павлодар кооперативтік техникумына түсті, Қарағанды кооперативтік институтын бухгалтер мамандығы бойынша тәмамдады. 1960 жылы Железинка ауданының тұтынушылар одағында бухгалтер. 1961 жылы Ертіс тамақ комбинатында, тұтынушылар одағында бухгалтер. 1974 жылы тұтынушылар одағы және мемлекеттік сауда кәсіподағының төрайымы. Тұтынушылар одағының және мемлекеттік сауда кәсіподағының XI съезінің делегаты.

**Марапаттары:** «Еңбек ардагері» медалі. «Тұтынушылар одағының үздігі».



**Ахметов Тортай Ахметұлы**

*Ертіс ауданының Құрметті Азаматы*

05.03.1941 жылы туды. 1958 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1958 жылы желтоқсан айында автокөлік жүргізуші курсын тәмамдады. 1958 жылы желтоқсан айынан №16 автобазасында (АТП–1912) жүргізуші. 2004 жылы зейнеткерлікке шықты. Еңбек озаты.

**Марапаттары:** II, III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордендері. «Тың жерді игергені үшін» медалі. «Қазақстан Республикасы автотранспортының Құрметті еңбеккері». «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалі.



**Аманжолова Бақыт Біләлқызы** 1939 жылы туды. 1958 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1959 жылы Павлодар кооперативтік училищесінде мамандық алды. Ақтоғай ауданы Аққөл ауылында сатушы, қойма меңгерушісі, экспедитор.

**Марапаттары:** «Еңбек ардагері» медалі, «Үздік сатушы» белгісі.



**Жамалиев Аманжол** 09.01.1942 жылы туды. 1959 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1968 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтын ғалым-зоотехник мамандығы бойынша тәмамдады. 1959-1963 жылдары Қаз ССР-нің 10 жылдығы атындағы кеңшарында малшы болып жұмыс істеді. 1968 жылы Қаз ССР-нің 10 жылдығы атындағы кеңшарының №4 фермасында зоотехник. 1968-1974 жылдары Амангелді кеңшарында бас зоотехник. 1974-1984 жылдары Ленин кеңшарында бас зоотехник. 1984-1986 жылдары Ертіс ауданы ауылшаруашылық басқармасында бас зоотехник. 1986-1989 жылдары Иса Байзақов кеңшарында бас зоотехник. 1989-1992 жылдары Сілеті кеңшарында директор. 1992-1996 жылдары Панфилов кеңшарында директордың орынбасары. 1996-2010 жылдары Ақтоғай ауданы, Ақбидай кеңшарының директоры.

**Марапаттары: 1987 жылы** Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ауылшаруашылық қызметкері. **1998 жылы** «Астана», **2005 жылы** «Ерен еңбегі үшін» медальдары.



**Рузубаев Салим Ихсанұлы** 10.08.1940 жылы туды. 1959 жылы Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1960-1963 жылдары әскери борышын атқарды. 1963 жылы Ертіс №16 автобазасында автокөлік жүргізушісі. 1964 жылы «Трестжилстрой» мекемесінде құрылысшы. Павлодар құрылыс техникумының кешкі бөлімінде оқып, құрылысшы-техник мамандығын игерді. 1969 жылы ЖБИ №2 технолог, цех басшысы. 1989-2003 жылдарда «КазТрансОйл» бас оператор. 2003 жылы құрметті демалысқа шықты.

**Марапаттары:** «Еңбек ардагері» медалі, «Еңбек үздігі» белгісі. **2003 жылы** ҚР энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Құрмет Грамотасы.



**Қасенова Алтын Рамазанқызы** 1960 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін аяқтап, Ертіс ауданының Панфилов мектебінде аға пионервожатый болып жұмыс істеді. 1965 жылы Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтының филология факультетін бітірді. 1965 жылдан №2 Ертіс қазақ орта мектебінде орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары. Кейіннен аудандық комсомол комитетінде, Павлодар ауданының партия комитетінде, Павлодар ауданының атқару комитетінде қызмет еткен жылдары әрдайым халықтың мұң-мұқтажын тыңдай, түсіне біліп, оларға қол үшін беру өмірлік ұстанымына айналды.



**Ешимова (Ауталипова) Любовь** 1939 жылы туды. 1961 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1960 жылдан кассир. 1961 жылдан Ертіс сақтандыру мекемесінде есепші. 1966 жылдан ҚазССР 10 жылдық кеңшарында кадрлар бөлімінің меңгерушісі. 1970 жылдан Суворов кеңшарында кадрлар бөлімінің меңгерушісі. 1972 жылдан Екібастұз қаласының сақтандыру бөлімінің инспекторы. 1992–1994 жылдары Екібастұз қаласының салық комитетінің қызметкері.



**Игберлинов Зейнулла Аделханұлы** 16.02.1943 жылы туды. 1961 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1968 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтын агроном мамандығы бойынша тәмамдады. 1961-1963 жылдары Суворов кеңшарының шеберханасында жұмысшы. 1968-2003 жылдан агроном, бөлімше меңгерушісі.



**Нагуманов Кәрібай** 23.03.1945 жылы туды. 1961 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1968 жылы Павлодар индустриалды институтын инженер-механик мамандығы бойынша тәмамдады. 1961 жылы Карниловка мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. 1969 жылы Маңғыстау мұнай газ барлау экспедициясында моторист, аға моторист, машинист, механик. 1970 жылы мұнара

монтаждау цехында аға инженер, бас механик, 1981 жылы бастығы.1973-1976 жылдары КСРО геология министрлігінің тапсырмасымен Шри-Ланка республикасында мұнара монтаждау цехында механик. 1976 жылы Ақсу, Кендірлі, Қорғанбай, Теңге, Доңға, Ескенсай, Қансу, Солтүстік Бозащы, Қаражамбас, Қаламқас, Арман, Елемес, Сазтөбе кен орындарын ашуға ат салысты. 1987-1991 жылдары Маңғыстау мұнай газ барлау экспедициясында аға механиктің орынбасары. 1992-1997 жылдары «Қазақ газ сервис» фирмасында маркетинг қызметі жөніндегі директоры. 1998 жылдан жеке кәсіпкер.

**Марапаттары: 26.05.1981 жылы** Қаз ССР «Алтын құрмет» кітабына жазылды. 1988 жылы «Еңбек ардагері» медалі. **2013 жылы** Маңғыстау облысының дамуына қосқан үлесі үшін «Маңғыстау облысына 40 жыл» мерейтойлық медалі.



**Тунабеков Күсеміс Баниязұлы** 17.01.1943 жылы туды. 1961 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1961 жылы Ертіс автобазасында токарь. 1962 жылы автокөлік жүргізуші курсын тәмамдады, 1963 жылы слесарь. 1963 жылы ПИИ студенті. 1964 жылы автобазада көлік жүргізуші.

**Марапаттары:** III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордені.



**Абиева Күләш Абиқызы** 02.10.1945 жылы туды. 1963 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1967 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірді (КАЗПИ). 1967-

1972 жылдары Үлгілі сегізжылдық мектебінде математика пәнінің мұғалімі. 1972-1977 жылдары осы мектептің директоры. 1977-1995 жылдары Иса Байзақов атындағы мектепте математика пәні мұғалімі, оқу-тәрбие,музей жұмыстарының меңгерушісі. 1970-1990 жылдары жинаған материалдарды Иса Байзақовтың 90 жылдығына арналған мектеп-музейін ұйымдастырды. 1995-2003 жылдары Павлодар қаласында №39 мектебінде математика пәнінің мұғалімі болып зейнеткерлікке шықты.

**Марапаттары: 1970 жылы** «Ерен еңбегі үшін» медалі. **1985 жылы** «Еңбек ардагері» медалі. **1991 жылы** «Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озат қызметкері» белгісі.



**Ахметова (Ауталипова) Райхан Әутәліпқызы** 1946 жылы туды. 1963 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1969 жылы Алматы медицина институтын педиатр мамандығы бойынша бітірді. 1969 жылдан Алматы №2 балалар емханасында дәрігер, бөлім меңгерушісі, бас дәрігердің орынбасары, бас дәрігер. №1 балалар клиникалық емханасының бас дәрігері. Республикалық Денсаулық сақтау министрлігінің қызметкері. Республикалық аймақтық диагностикалық орталықтың бөлім меңгерушісі. №6 балалар емханасының бас дәрігері. Жоғары санатты педиатр, социал–гигиенист, денсаулық сақтауды ұйымдастырушы. Алматы қаласының аудандық және қалалық маслихаттарының депутаты.

**Марапаттары:** «Ерен еңбегі үшін» медалі. **2001 жылы** «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалі.



**Бекбатырова Қарлығаш Нұрғаликқызы** 1945 жылы туды. 1963 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1967 жылы Алматы қаласындағы Қыздар педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітірді.

Мектепті де институтты да жақсы бітіргеніне өзінің ұстазы Ауталипов Қабыкеннің ықпалы да, материалдық қолдауы да болғанын аса құрметпен еске алады.

Институт бітірген 1967 жылдан 1976 жылға дейін Ертіс ауданы Голубовка мектебінде математика пәні мұғалімі болды. 1978–1980 жылдары Ермак қаласындағы аудандық, қалалық атқару органдарында қызмет атқарды. 1980–1987 жылдары Ермак қаласы Азаматтық Қорғау штабының курстар бөлімі бастығы міндетін атқарып 1982 жылы Азаматтық Қорғаудың Қазақстан бойынша үздігі атағына ие болды. 1987 жылы жұбайының қызмет бабымен Успенка аудандық атқару органында жасөспірім балалар комиссиясының хатшысы болып, 2004 жылға дейін Успенка аудандық әкімшілігінде бөлім меңгерушісі, аға маман қызметтерін атқарды. Зейнетке шықса да 2004–2005 оқу жылдарында Успенка №3 қазақ мектебінде математика сабағы мамандықтары жетіспей 7–9 сынып балаларына математикадан сабақ берді. Успенка ауданы тұрғындары №3 қазақ мектебін ашуда, оған ұстаздар дайындау барысында және «Тіл туралы» заңның ауданда іске асуына үлкен көмегі, белсенділігі болғанын әрдайым айтады. Студент кезінде 1966 жылы отбасын осы №2 қазақ мектебінің және Алматы политехникалық институтының түлегі Будиев Қаһарман Әбікенұлымен құрды. Ол кісі 1991 жылы дүниеден өткен.

Төрт бала тәрбиелеп өсірді. Үлкені Ләззәт – құрылыс маманы Успенка ауданы құрылыс бөлімінде еңбек етеді. Алмат – Астанада, мрамор–гранит маманы. Жанар – педагог, орыс тілі мен әдебиеті маманы, Интеллектуалды мектептерде ұстаздар дайындау орталығының басқарушысы. Жеңіс – педагог, физик–информатик, экономист–аудит. Россияның электротехникалық корпорациясында қызмет атқарады.



**Ауғанбаев Аманжол Аманболұлы** 07.10.1946 жылы туды. 1963 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. Школ-механизацияны (Ертісте) тәмамдады. Автобазада шофер болып істеді, сосын әскери борышын атқарды. Зейнеткерлікке энергетика саласынан шықты.



**Жұматов Ермек Сағымбайұлы** 1945 жылы туды. 1963 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1968 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетін тәмамдады. 1968 жылы М. Горький орта мектебінде тарих пәні мұғалімі. 1970-1975 жылдары Иса Байзақов атындағы мектептің директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары. 1975 жылы Иса Байзақов атындағы мектептің директоры. 1977-1980 жылдары М. Горький селолық советінің атқару комитетінің төрағасы. 1980 жылы Краснокутск ауданының Коминтерн орта мектебінің директоры. 1983 жылы Краснокутск ауданының С. Муткенов атындағы орта мектептің директоры. 1990 жылы Ақтоғай ауданында Қазақ тілі қоға-

мының төрағасы. 1992 жылы Ақтоғай ауданындағы Спартак орта мектебінің директоры. 1992 жылы Ақтоғай ауданының білім бөлімінің меңгерушісі. 1995 жылы Павлодар облысы білім беру басқармасының аға маманы, қазақ мектептері бойынша әдістемелік бөлім меңгерушісі. 1997 жылы Павлодар қаласының Абай атындағы №10 мектептің директоры. 1999 жылдан Заң және финанс колледжінің, С. Торайғыров атындағы университеттің колледжінің оқытушысы.

**Марапаттары: 1984 жылы** Қазақ ССР Оқу–ағарту министрлігінің Құрмет Грамотасы. **1989 жылы «Еңбек ардагері»** медалі. **1995 жылы** «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісі. **2005 жылы** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасы.



**Қайырсқақова (Қорғанбаева) Айман Мүбәраққызы** 05.12.1944 жылы туды. 1963 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1969 жылы Қарағанды медициналық институтының педиатрия факультетін тәмамдады. 1969-1972 жылдары Ертіс аудандық ауруханасында педиатр. 1972 жылдан Семей облысындағы Абай ауданында педиатр, балалар бөлімінің меңгерушісі. Аудандық маслихаттың депутаты болды. Жоғары санаттағы дәрігер.

**Марапаттары:** «Халықтар достығы» ордені, «Еңбек озаты» белгісі, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет Грамотасы. Аудандық, облыстық денсаулық сақтау ұйымдарының Құрмет Грамоталары.



**Шарипов Амангелді Шәріпұлы** 1944 жылы туды. 1963 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1969 жылы ПМПИ-ді физика пәні мамандығы бойынша тәмамдады. 1963 жылы Кутузов мектебінде мұғалім. 1969 жылы Кайманачиха №4 мектебінде мұғалім. 1983 жылы Артемовка мектебінің, 1985 жылы Пушкин, Калинин мектептерінің директоры. Пушкин, Панфилов селолық советтерінің депутаты. 2006-2011 жылы Ертіс аудандық маслихат депутаты.



**Махамбетов Мәдениет Мұқатұлы** 20.03.1945 жылы туды. 1963 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1963-1965 жылдары Ертіс ауданы, Беловодск совхозының, Үлгілі бөлімшесінде, ауылшаруашылық саласында әртүрлі жұмыстар атқарды. 1971 жылы Семей мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетін бітірді. 1971 жылы Беловод селолық ауруханасының бас дәрігері. 1973 жылы Ертіс орталық аудандық ауруханасының хирургы. 1984 жылдан Ертіс орталық аудандық ауруханасының бас дәрігері, онколог–хирургы.

**Марапаттары: 1981, 1996 жылы** Қазақстан Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет Грамоталары. **1986 жылы** КСРО «Денсаулық сақтау үздігі» атағын алды. **2001 жылы** Қазақстан Республикасының Президентінің Алғыс хаты. **2006 жылы** «Шапағат» медалімен марапатталды.



**Өмірәлінов Егінбай Өмірәліұлы** 1946 жылы туды. 1963 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1969 жылы Павлодар индустриалды институтын бітірді. 1969 жылдан Кайманачиха совхозында шеберхана меңгерушісі, бас инженер. 1977 жылдан «Павлодаржилстрой» тресінің құрылыс басқармасында бас механик. 1980 жылдан Павлодар химия зауытында қатардағы цех механигі, зауыт директорының орынбасары. 1988-2001 жылға дейін №4 Павлодар автокәсіпорны директоры. 2001 жылдан Павлодар облысының көліктік бақылау басқармасында бөлім бастығы. Қазіргі уақытта зейнеткер.



**Байкәрімов Тасен Ыдырысұлы**

*Ертіс ауданының Құрметті Азаматы (2013 жыл)*

10.06.1946 жылы туды. 1964 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1965 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі. 1970 жылы Целиноград ауылшаруашылығы институтын бітіріп, ғалым агроном мамандығын игерді. 1970 жылы Новоивановка (Грабово) совхозында тұқым жөнінде агроном. 1978 жылы Ертіс мал бордақылау кеңшарында бас агроном, директордың өндіріс жөніндегі орынбасары. 1983 жылы «Западный» совхозының партия ұйымының хатшысы, директоры. 1990 жылы Ертіс ауылшаруашылығы басқармасында статистика бас маманы. 1991 жылы Ертіс аудандық халықты әлеу-

меттік қамсыздандыру бөлімін басқарды. 2000 жылы Ертіс аудандық статистика бөлімінде еңбек етті. 2001 жылы «Солтанбет» ЖШС бас агрономы. 2002 жылдың наурыз айынан 2010 жылдың қаңтар айына дейін аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің өсімдік шаруашылығы жөніндегі бас маманы. Осы жұмыстан зейнеткерлікке шықты.

**Марапаттары:** «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл», «Павлодар облысына 75 жыл» мерейтойлық медальдары.



**Ауталипов Қайролла Айткеұлы** 17.09.1946 жылы туды. 1964 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. Еңбек жолын Беловод элеваторынан бастады. 1967-1978 жылдары Алматы қаласындағы астық қабылдау кәсіпорын мен элеваторларға Республика мектебінде экономист және есепші басшыларын дайындайтын біржылдық курстарды тәмамдады. 1984 жылы Павлодар қаласындағы есеп экономика техникумының ауылшаруашылар өндірісіндегі есепші мамандығына ие болды. 1966 жылдан бастап Беловод астық қабылдау пунктінде экономист, бас есепші орынбасары, ал 1975 жылдан зейнетке шыққанша дейін бас есепші қызметінде істеді. Көп жылдары комсомол, содан соң партия ұйымдарының хатшысы болды, сонымен қатар сайлау комиссия төрағасының қызметін атқарды. 2011 жылдан Астана қаласындағы ТОО «KazNurCompany» компаниясында директордың орынбасары.



**Жылыспаева Әтима Кәрімқызы** 10.12.1946 жылы туды. 1964 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1968 жылы Павлодар педагогикалық институтының орыс тілі және орыс әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 1968-1969 жылдары Қазақ ССР Онжылдық совхозының мектебінде жұмыс істеді. 1970-1971 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінде мұғалім. 1971-1999 жылдары Ертіс ауданының, Голубовка совхозының мектебінде мұғалім, 1974-1979 жылдары оқу ісінің меңгерушісі. 2000-2005 жылдары №3 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде мұғалім. 2005 жылы зейнеткерлікке шықты.

**Марапаттары:** Аудандық, облыстық деңгейде Құрмет Грамоталармен марапатталды.



**Бакиров Ғазиз Усаұлы** 01.10.1947 жылы туды. 1965 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1970 жылы Жамбыл су шаруашылығы және құрылыс институтын инженер–гидротехник мамандығы бойынша тәмамдады. 1970 жылдан Қалқаман машина–мелиорация станциясында бас инженер. 1972 жылдан Союзгипросис жобалау зерттеу институтында аға инженер, топ жетекшісі, бас маман, жобалау бас инженері. 1995 жылдан ЖШС «Медполимер» зауытында оператор. 2000–2013 жылдары «Қазақстан Алюминийі» АҚ − шебер.



**Зейнішев Хамза**

*Ертіс ауданының Құрметті Азаматы (2014 жыл)*

06.11.1947 жылы туды. 1965 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1970 жылы Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтын агроном мамандығы бойынша тәмамдады. 1970 жылдан Абай кеңшарының бөлімшесінде агроном. 1972 жылдан Қазақтың 10-жылдығы кеңшарында бригадир–агроном. 1976 жылдан Краснокутск ауданының К. Маркс кеңшарында бас агроном. 1979 жылдан Қашыр ауданының ауылшаруашылық басқармасында бас агроном. 1985 жылдан Песчан асыл тұқымды мал зауытында партия комитетінің хатшысы. 1989 жылдан агроөнеркәсіп кешені қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрағасы. 1992 жылы Қазақстанның 10 жылдығы кеңшарының директоры. 1997–1999 жылдары «Тату» шаруа қожалығының басшысы. 1993 жылдан аудан мәслихатының депутаты. 1999–2012 жылдары аудандық маслихаттың хатшысы.

**Марапаттары: 2004 жылы** Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаты. **2005 жылы** «Қазақстан Республикасы Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалі. **2011 жылы** «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалі. **2013 жылы** «Павлодар облысына 75 жыл» мерекелік медалі.



**Қайырсқақова (Юсупова) Шолпан Мүбәраққызы** 17.01.1947 жылы туды. 1965 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1970 жылы Қарағанды пе-

дагогикалық институтының химия-биология факультетін, 2001 жылы қазақ тілі және әдебиеті факультетін тәмамдады. 1970 жылдан №4 мектепте биология пәнінің мұғалімі. 1999 жылдан Қарағанды қаласындағы №1 мектепте қазақ тілі мұғалімі. 2005 жылы зейнеткерлікке шықты.



**Мерғалымов Ермек Әнуарұлы**

*ҚР Білім беру ісінің үздігі*

01.10.1946 жылы туды. 1965 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1983 жылы Петропавл педагогикалық институтының география және жаратылыстану факультетін тәмамдады. 1965 жылы ҚазССР 10 жылдығы атындағы орта мектепте дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. 1965–1969 жылы әскери борышын атқарды. 1969 жылдан ҚазССР 10 жылдығы кеңшарында спорт бойынша әдіскер. 1972 жылдан Пушкин сегізжылдық мектебінде мұғалім. 1981 жылдан Тоғызақ сегізжылдық мектебінің директоры. 1982 жылы Қызылжар ауылдық кеңесінің төрағасы. 1991 жылдан Павлодар облыстық тәжірибе шаруашылығының партия ұйымының хатшысы.1992-1999 жылдары білім бөлімінің меңгерушісі.



**Молдабеков Қасымтай Садуақасұлы** 05.03.1947 жылы туды. 1965 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1976-1979 жылдары Сарань қаласындағы педучилищеде оқып, еңбек және сызу пәнінің мұғалімі мамандығын алды. 1986-1990 жылдары Семей қаласындағы Крупская атындағы пединститутында

оқып, сызу және бейнелеу өнері пәндерінің мұғалімі мамандығын алды. 1966–1997 жылдары Қазақ ССР–нің 10 жылдығы атындағы мектебінде (қазіргі Қарақұдық ОМ) дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. 1967-1970 жылдар аралығында азаматтық борышын Дальний Восток жерінде теңіз флоты қатарында атқарды.



**Молдакельдинов Каирберген** 02.10.1946 жылы туды. 1965 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1965 жылы қырман меңгерушісі. 1965–1968 жылдары әскери борышын атқарды. 1969–1972 жылдары мал шаруашылығында бригадир. 1972–1985 жылдары Железинка кеңшарының екінші бөлімшесінде зоотехник. 1985–1995 жылдары бөлімше меңгерушісі. 1996 жылдан жеке шаруа қожалығының басшысы.

**Марапаттары:** Аудандық және облыстық ауылшаруашылық басқармаларының Құрмет Грамоталары.



**Сакижанов Аскербек Қанатбекұлы**

*ҚР Суретшілер Одағының мүшесі*

08.04.1947 жылы туды. 1965 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1969 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтын мүсіндеу мамандығы бойынша тәмамдады. 1969–1971 жылдары әскери борышын атқарды. 1971–1980 жылдары Қазақ Политехникалық институтында аға оқытушы. 1980-1985 жылдары Қазақ мемлекеттік архитектура және құрылыс инсти-

тутында аға оқытушы. 1985–1996 жылдары Т.К. Жүргенов атындағы Алматы театр және көркемөнер институтының доценті. 1996–1999 жылдары Қазақ мемлекеттік көркемөнер академиясының доценті. 1999-2002 жылдары Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясында оқытушы, доцент. 2002 жылдан Қазақ бас сәулет және құрылыс академиясының профессоры.



**Смаилов Орал Шұғайұлы** 28.05.1947 жылы туды. 1965 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1966–1970 Тынық мұхит флотында әскери борышын өтеді. 1972–1973 жылдары Целиноград қаржы техникумын тәмамдады. 1971 жылдан Ертіс мемлекеттік сақтандыру мекемесінің қызметкері, 1975 жылдан басшысы. 2010 жылдан зейнеткер. Бірнеше мәрте аудандық және облыстық деңгейде Құрмет Грамоталарымен марапатталды.

**Марапаттары: 1963 жыл** оқушылардың өндірістік бригадасындағы белсенді еңбегі үшін, Қаржы министрлігінің Құрмет Грамотасы. **2013 жылы** «Павлодар облысына 75 жыл» мерекелік медалі.



**Шабенов Қайыржан** 1947 жылы туды. 1965 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1965–1966 жылдары Сілеті совхозында жұмысшы. 1970 жылы Алматы халықшаруашылық институтын тәмамдады. 1970–1971 Павлодар педагогикалық институтында оқытушы. 1971–1972 жылдары әскери борышын ат-

қарды. 1972 жылдан Сілеті совхозында экономист, бас экономист, партия ұйымының хатшысы. 1982 жылдан Голубовка совхозының директоры. 1992 жылы Ертіс ауданы әкімінің орынбасары. 1992–2006 жылдары Панфилов совхозының директоры. 2007–2010 жылдары «Аққұдық» шаруа қожалығының басшысы. Бірнеше рет аудан және облыс депутаты. 2000-2005 жылдары Қазақстан Республикасының жоғарғы кеңесінің депутаты.

**Марапаттары: 1980 жылы** «Құрмет Белгісі» ордені. **1994 жылы** «Тың және тыңайған жерлерді игеру» медалі. **2001 жылы** «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалі. **2002 жылы** Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет Грамотасы.



**Разубаева Самиха Ықсанқызы** 09.04.1947 жылы туды. 1965 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1965 жылы бастауыш сынып мұғалімі. 1967 жылы аудандық тұрмыс комбинатында тігінші. 1997 жылдан аудандық емханада қызмет атқарды. Аудандық және облыстық кеңес депутаты.

**Марапаттары:** «Еңбек ардагері» медалі. Бірнеше мәрте аудандық облыстық деңгейлерде Құрмет Грамоталармен марапатталды.



**Арыстанғұлов Сембі Сәлменұлы ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты, профессор, ҚР «ЖОО үздік оқытушы» грантының иегері**

1950 жылы туды. 1966 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1974 жылы Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді ауылшаруашылығы институтының агрономия факультетін тәмәмдады. 1974–1976 жылдары Павлодар облысы Краснокутск ауданының Харьков совхозында бөлімше агрономы, аға және бас агроном қызметтерін атқарды. 1977–1978 жылдары Павлодар облыстық ауылшаруашылығы тәжірибе станциясының аға ғылыми қызметкері. 1979–1991 жылдары Қазақтың шабындық және жайылым ғылыми–зерттеу институтының аспиранты, кіші және аға ғылыми қызметкері (Алматы қаласы). 1986 жылы кандидаттық диссертация қорғады. 1991–2013 жылдары ұстаздық қызметте болды. Сол жылдары Қазақ ауыл шаруашылығы институтының өсімдік шаруашылығы кафедрасының доценті, факультет деканы орынбасары, кафедра меңгерушісі. – 200 таяу ғылыми–әдістемелік жұмыстардың авторы. Оның қатысуымен 17 оқулық және оқу құралдары жарық көрді. 4 ғылым кандидаттары мен 6 магистр ғылыми жұмыстар жүргізіп, диссертацияларын қорғады. – 4 инновациялық патенттер иегері. 2009 жылы Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орнының үздік оқытушы грантын жеңіп алды. 2013 жылдан бастап С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры.



**Ахметов Тоқтас Нұрғабиденұлы** 01.11.1948 жылы туды. 1966 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1975 жылы Павлодар индустриялық институтын инженер-механик мамандығы бойынша тәмамдады. 1966-1967 жылдары Қазақ ССР 10 жылдық кеңшарында трактор жүргізушісі. 1969-1970 жылдары Павлодар трактор зауытында жұмыс-

шы. 1975–1978 жылдары Қалқаман жол машиналарын жасау зауытында технолог, аға мастер, бөлімше бастығы, инженер-конструктор.1978-1981 жылдары Ертіс қалалық өнеркәсіп комбинатында бас инженер. 1981–1988 жылдары Қалқаман жол машиналарын жасау зауытында күрделі құрылыс бөлімінің бастығы. 1988–2004 жылдары Қалқаман элеваторында бас инженер. 2004–2006 жылдары Қалқаман кентінің әкімі. 2006–2011 жылдары Қалқаман ауылы әкімінің аппаратында бас маман. 2011 жылы зейнеткерлікке шықты.



**Балтабай Ғалия Құсайынқызы**

*ҚР-ның мәдениет қайраткері, Құрметті журналисі*

*Железин ауданының Құрметті Азаматы*

1948 жылы туды. 1966 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін тәмәмдап, Әл-Фараби атындағы университеттің журналистика факультетін бітірді. 1966 жылы Аққайың мектебінің мұғалімі. 1967 жылы Алматыдағы Республикалық Қазақ радиосына қызметке алынды. 1983 жылы Павлодар телерадиокомитетіне ауысты. 1987-1997 жылдары Республикалық Қазақ радиосының Павлодар облысы бойынша меншікті тілшісі және Павлодар облыстық телеарнасының қазақ тіліндегі Жаңалықтар редакциясын басқарды. 1997 жылы Астана радиосына қызметке ауысты. Сол жылдары ол талай мәрте Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтан сұхбат алған журналистердің бірі. 2001 жылы Павлодар облыстық радиоға директор болып тағайындалды. Бүгінде ол республикадағы жалғыз қалған облыстық радио.

**Кітаптары: 1**.«Тұғыры биік тұлғалар»; **2**.«Иса ақын және оның ұрпақтары»**; 3**.«Емші құдіреті»; **4.** «Әрбір үйге

радио қажет»; **5**. «Есімдері ел есінде»; **6**. «Ұлы Жеңіс – ұрпаққа ұлағат»; **7**. «Тағдырларды біріктірген – Қазақстан»; **8.** «Ақмола облысы» атты және Железин ауданына арналған екі томдық кітаптары; **9**. «Туған жер перзенттері»; **10.** «Шипасымен шуақ шашқан» атты кітаптардың авторы.

**Марапаттары**: «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздіздігінің 10 жылдығы» мерекелік медалі. ҚР-ның мәдениет қайраткері, ҚР-ның Құрметті журналисі, «Облыс алдында сіңірген еңбегі үшін» төс белгісінің иегері.



**Дощанов Сапарғали Сағадатұлы** 26.08.1947 жылы туды. 1966 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1971 жылы Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтын тарих пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 1971 жылы Ынтымақ негізгі мектебінде тарих және география пәндерінің мұғалімі. 1972 жылдан Кутузов орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі. 1974 жылдан Кутузов орта мектебі директорының оқу–тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. 1981–2011 жылдары Майқоңыр жалпы орта білім беру мектебінің директоры.

**Марапаттары: 1971 жылы** Қарағанды облысы еңбекшілер депутаттары атқару кеңесінің Грамотасы. **1981 жылы** Павлодар облыстық халық депутаттары атқару комитеті кеңесінің Грамотасы. **1985 жылы** Павлодар облысы ағарту, жоғарғы мектеп және ғылыми мекемелер кәсіподағы Президиумының Құрмет Грамотасы. **1990 жылы** Қазақ ССР–і Білім министрлігінің Құрмет Грамотасы. **1997 жылы** «Қазақстан Республикасының білім озаты» төс белгісі. **2005 жылы** Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының

Алғыс хаты. **2010 жылы** Павлодар облысы Білім департаментінің Құрмет Грамотасы. **2003, 2004, 2006, 2010 жылдары** Ертіс аудандық оқу бөлімі, Ертіс ауданы әкімінің Құрмет Грамоталары. **2013 жылы** «Павлодар облысына 75 жыл» мерекелік медалі.



**Дауленбаев Ермек** 1947 жылы туды. 1966 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1971 жылы Павлодар Индустриалды Институтын инженер мамандығы бойынша тәмамдады. 1971 жылы Павлодар РМЗ «Казремстроймаш» шебер. Учаске, Цех басшысы болып істеді. 1990 жылдан жеке кәсіпкер. 2008 жылдан зейнеткер.



**Жұматов Сайлаубай Сағымбайұлы** 12.01.1948 жылы туды. 1966 жылы №2 Ертіс орта мектебін бітірді. 1966–1969 жылдары Үлгілі ауылында жұмыс істеді. 1974 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің механика –математика факультетін бітірді. 1974–1976 жылдары Арқалық педагогикалық институтында оқытушы, аға оқытушы. 1976–1979 жылдары Қазақ Ұлттық академиясының математика институтының аспиранты. 1984 жылы кандидаттық диссертация қорғады. 2010 жылы докторлық диссертация қорғады. Халықаралық математикалық конгресс, съезд, конференцияларда баяндамалар жасады.



**Каиржанов Жексенбі**

*Ауылшаруашылығы ғылымының кандидаты, доцент.*

*Жаратылыстану ғылымдары Академиясының корреспондент мүшесі*

02.04.1949 жылы туды. 1966 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1976 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтын агроном мамандығы бойынша тәмамдады. 1981-1984 жылдары Целиноград ауылшаруашылық институтының аспирантурасында оқыды. 1966-1968 жылдары – Иса Байзақов кеңшарында тракторист. 1968-1970 жылдары Совет армиясында қызмет атқарды. 1976-1977 жылдары Целиноград ауылшаруашылық институтының тәжірибе шаруашылығының меңгерушісі және ұйымдастырушысы. 1978-2000 жылдары Ақмола аграрлық университетінде ассистент, жерді өңдеу кафедрасының доценті, декан орынбасары, агрономия факультетінің деканы. 2000-2005 жылдары «Агросектор Ардагер» ЖШС жерді өңдеу және механизация бойынша бас директордың орынбасары. 2006-2009 жылдары «Хим-Сауда» ЖШС, «Астана Нан» ЖШС аймақтық менеджер, ғылым және даму бөлімінің басшысы. 2009 жылдан «Щелково Агрохим-KZ» ЖШС ғылыми кеңесші.



**Камаров Ғалы Зейнелғабиденұлы** 01.09.1948 жылы туды. 1966 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1970 жылы Павлодар индустриалды институтын тәмамдап инженер-құрылысшы мамандығын алды. 1970 жылдан Ертіс ауылындағы 59 құрылыс колоннасында, Новоивановка совхозында, Пушкин

совхозында құрылыс шебері, прораб қызметтерін атқарды. Аудандық ауылшаруашылығы басқармасында ОКС бастығы болды. 1984-1986 жылдары Сілеті совхозында партком хатшысы. 1986-1998 жылдары Екібастұз шахта құрылысы (РСУ-1) бастығының орынбасары. 1998 жылдан бері Ынтымақ ауылындағы шаруа қожалығын басқарады. Қазіргі кезде зейнеткер.



**Қайырсқақова Шәрбан Мүбәрак-қызы** 01.12.1949 жылы туды. 1966 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1971 жылы Қарағанды пединститутының химия-биология факультетін тәмамдады. Көп жылдар Қарағанды қаласындағы мектептерде ұстаздық етті. 1971-1974 жылдары Ә. Молдағұлова атындағы мектеп-интернатта мұғалім-тәрбиеші. 1974-1985 жылдары Қарағанды қаласындағы №24 орта мектепте химия, биология пәндерінің мұғалімі, мектеп директоры. 1985-1992 жылдары Киров аудандық бөлімінде инспектор. 1992 жылдан Киров ауданының «Тілдер» бөлімінде бас маман, бөлім меңгерушісі. 1996-2007 жылдары Қарағанды қаласында АҚ ТЖБ-ның бас маманы. 2007 жылы зейнеткерлікке шықты.



**Ламашарипов Мақсұт Қайырбекұлы**

*Ақтоғай ауданының Құрметті Азаматы*

1948 жылы туды. 1966 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1970 жылы Ертіс аудандық атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы. 1977 жылы Панфилов ауылдық

советінің төрағасы. 1979 жылы Ертіс аудандық партия комитетінің нұсқаушысы. 1985 жылы Ертіс аудандық тұтынушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары. 1986 жылы Железинка аудандық сотының судьясы. 1990 жылы Краснокутск аудандық сотының төрағасы, Ертіс аудандық сотының төрағасы. 2001 жылы Ақтоғай аудандақ сотының судьясы. 2010 жылдан зейнеркер.

**Марапаттары:** «Сот жүйесінің ардагері» медалі. «Сот жүйесінің құрметті қызметкері» белгісі



**Мамиленов Рамазан Қайырұлы** 1947 жылы туды. 1966 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1966–1969 жылдары әскери борышын өтеді. 1969 жылдан Калинин сегізжылдық мектебінде мұғалім. 1982 жылы Панфилов орта мектебінде сызу және сурет пәндерінің мұғалімі. 1983-1995 жылдары Ертіс ауданының Балалар және жасөспірімдер спорт мектебінде бокстан жаттықтырушы. 1995 жылдан Павлодар ауданы, Ефремовка ауылында дене шынықтыру пәні мұғалімі.

**Марапаттары:** Аудандық білім бөлімінің, облыстық білім басқармасының Құрмет Грамотасы. Облыс әкімі грантының иегері. ҚР Білім және ғылым минстрлігінің Құрмет Грамотасы.



**Нетаев Жолдыбай** 06.01.1947 жылы туды. 1966 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. Павлодар ауылшаруашылық техникумын зоотехник мамандығы бойынша тәмамдап, осы салада қызмет ат-

қарды. 1966–1969 жылдары әскери борышын атқарды. 1980 жылдан Кутузов орта мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, қой шаруашылығында оқушылардың өндірістік бригадасының жетекшісі. 1987 жылы қой шаруашылығында оқушылардың өндірістік бригадасы жұмысының тәжірибесі Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің оң бағасына ие болды. 2010 жылдан зейнеткер.

**Марапаттары: 1986 жылы** «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі. Аудандық, облыстық білім басқармаларының Құрмет Грамоталары.



**Смаилов Қазбек Шұғайұлы**

*Ауылшаруашылығы ғылымының докторы, профессор.*

20.04.1949 жылы туды. 1966 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1966 жылы құрылысшы. 1969-1971 жылдары Әскери–теңіз флотында борышын өтеді. 1976 жылы Алматы Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтының топырақтану және агрохимия факультетін тәмамдады. 1976 жылдан Қазақ мемлекеттік Ауылшаруашылық институтында лаборант, аға лаборант; кіші, орта және аға ғылыми қызметкер. «Мал шаруашылығы және мал азық өнімдерін өндіру» орталықтандырылған институтында сектор меңгерушісі, бөлім басшысы, аға ғылыми қызметкер. 1989 жылы кандидаттық диссертацияны қорғады. 2001 жылы – докторлық диссертацияны қорғады. 100–ден аса ғылыми мақалалары, 4 кітабы, 2 оқулығы жарық көрді. 7 патенттің иегері. 11 ғылым кандидаты және 2 доктор дайындады.



**Увалиева (Канаева) Күлән Қабиденқызы** 1966 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1969 жылы Павлодар зооветеринариялық техникумын тәмамдады. 1969 жылы Ертіс аудандық ветеринарлық зертханасында лаборант. Алматы қаласындағы Совет, Алатау, Жетісу аудандарында ветеринарлық зертхана, емхана меңгеруші, Алматы қаласының Ветеринария комитетінде, Ауылшаруашылығы министрлігінің Алматы қаласы бойынша аумақтық басқармасында бөлім меңгерушісі.

**Марапаттары: 1986 жылы** Халық шаруашылық жетістіктері көрмесінде ІІ дәрежелі диплом. **2001 жылы** ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығына байланысты ҚР Президентінің Алғыс хаты. **2004 жылы** ҚР Ауылшаруашылық минстрлігінің Алматы қаласы бойынша аумақтық басқармасы басшысының Алғыс хаты. **2005 жылы** ҚР Ауылшаруашылық минстрлігінің Құрмет Грамотасы, Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің Құрмет Грамотасы.



**Әбілденов Алпысбай Тәниұлы** 10.09.1949 жылы туды. 1967 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1980 жылы Целиноград ауылшаруашылық техникумын тәмамдады. 1967–1996 жылдары Ертіс ауданы Иса Байзақов әкімшілігіндегі Қостомар ауылында механизатор бригадаларын басқарып, бірнеше мәрте Мақтау Грамоталарымен марапатталды.



**Байкәрімов Есен Ыдырысұлы** 01.12.1949 жылы туды. 1967 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1968-1970 жылдары Кеңес Армия қатарында өз борышын атқарды. 1974-1976 жылдары Павлодар монтаждау техникумында оқуда болды. 1970-1995 жылдарда Ертіс жол жөндеу басқармасында асфальт өндіру операторы қызметін атқарды.



**Байсүгіров Сәрсембі Қалижанұлы** 15.01.1951 жылы туды. 1967 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1977 жылы Павлодар индустриялық институтын тәмамдады. 1975-1985 жылдары Павлодар қаласындағы № 6 теміржол кәсіби училищесінде аға мастер. 1985-1992 жылдары №17 құрылыс училещесінде аға мастер. 1993 жылдан Павлодар қаласының №11 орта мектебінде технология және алғашқы әскери дайындық пәндерінің мұғалімі, жоғары санатты маман.

**Марапаттары: 1979 жылы** «Кәсіби–техникалық білім беру озаты» белгісі. Мектеп, оқу басқармасы, қала және облыс әкімдерінің Грамоталарымен марапатталды.



**Байсүгірова (Касенова) Гаухар Рамазанқызы** 19.08.1950 жылы туды. 1967 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1973 жылы Павлодар педагогикалық институтын тәмамдады. 1973 жылы Павлодар қаласының №27 орта мектебін-

де директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. 1996-2012 жылдары Павлодар медицина колледжінде бөлім басқарушысы, жоғары санатты ұстаз, 1999 жылдан колледждің кәсіподақ төрайымы қызметін атқарды.

**Марапаттары:** «ҚР Денсаулық сақтау қызметкерлері кәсіподағының үздігі» белгісі. ҚР Денсаулық сақтау министрі, ҚР Білім және ғылым министрі, Павлодар облыстық маслихатының Грамоталары.



**Бултықов Елтас** 01.10.1949 жылы туды. 1967 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1967–1969 жылдары Қызылжар ауылында жұмысшы. 1974 жылы Семей зоотехникалық малдәрігерлік институтын ғалым-зоотехник мамандығы бойынша тәмамдады. 1974 жылдан Амангелді совхозының бас зоотехнигі. 1987 жылдан Новоивановка совхозында зоотехник. 2012 жылдан зейнеткер, ардагерлер кеңесінің төрағасы.

**Марапаттары: 2012 жылы** «Павлодар облысына 75 жыл» мерейтойлық медалі.



**Камзин Амангелді Камзинұлы** 03.08.1949 жылы туды. 1967 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1968–1970 жылдары әскери міндетін атқарды. 1973 жылы Павлодар совхоз-техникумын бітірді. 1973–1975 жылдары Беловод кеңшарында зоотехник. 1975–1976 жылдары Кайманачиха №4 мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. 1976–1992 жылда-

ры Беловод кеңшарында мал дәрігері. 1992–1997 жылдары бөлімше меңгерушісі. 1997–2000 жылдары «Ертіс аудандық электр желілері» АҚ–нда бақылаушы. 2001–2010 жылдары Ертіс спорт мектебінің шаруашылық істері бойынша директордың орынбасары.



**Ахмедьяров Қайыр Бегалыұлы** 26.09.1950 жылы туды. 1967 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. Осы жылы №120 ГПТУ сүт өнімдерін өңдеу мамандығы бойынша оқыды. 1969 жылы Қара теңіз әскери-теңіз флотында әскери борышын атқарды. 1971 жылы автокөлік жүргізуші курсында мамандық алды. КазТрансСелхоз техника автобазасында автокөлік жүргізуші болып істеді.

**Марапаттары:** Облыстық автокөлік басқармасының Құрмет Грамоталары, «Еңбек озаты».



**Қайыржанов Қасым Төлеубайұлы** 21.01.1951 жылы туды. 1967 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1972 жылы Семей педагогика институтын биология пәні мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 1972 жылы Екібастұз ауданында биология пәнінің мұғалімі. 1973 жылы Үлгілі орта мектебінің мұғалімі, 1975 жылы оқу ісінің меңгерушісі, 1977 жылы мектеп директоры. 1978 жылы Ертіс аудандық білім бөлімінің әдіскері. 1978–1982 жылдары аудандық партия комитетінде нұсқаушы, кабинет меңгерушісі. 1982 жылы М. Горький орта мектебінің директоры. 1983 жылы аудан-

дық партия комитетінің кабинет меңгерушісі. 1988 жылы Павлодар тәжірибе шаруашылығы партия ұйымының хатшысы. 1990–1999 жылдары «Ертіс нұры» газетінің тілшісі. 1999 жылы Ертіс әкімшілігінің мемлекеттік тіл жөніндегі бас маманы.



**Мағзумов Жүсіп Мағзумұлы** 20.08.1949 жылы туды. 1967 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1970 жылы Красноармейка ауылшаруашылық техникумын техник–механик мамандығы бойынша тәмамдады. 1967–1968 жылдары Северный № 3, 5 бөлімшелеріндегі мектептерде мұғалім. 1968 жылдан Ақтөбе облысы, Ембі қаласында гидромелиоратор, гидротехник. 1972 жылдан Панфилов кеңшарында агроном. 1974 жылы әскер қатарына шақырылды. 1976 жылдан Железинка ауданында су ресурстары мекемесінің гидромелиораторы. 1992 жылы Железинка ауылшаруашылық басқармасында гидротехник, бас маман. 1993 жылдан автобазада қауіпсіздік бойынша инженер. 1997 жылдан Железинка аудандық жер инспекциясының басшысы. 1999 жылдан Железинка ауданында жер қатынастар бойынша бас маман. 2006 жылдан Железинка ауылшаруашылық басқармасында бас маман. 2013 жылы зейнеткерлікке шықты.

**Марапаттары:** Аудандық маслихаттың, аудан әкімінің, облыс әкімінің Алғыс хаттары.



**Мукашбеков Абылқайыр** 06.02.1948 жылы туды. 1967 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1968 жылы Павлодар арнайы бухгалтерлік мектепті тәмамдады. 1968 жылдан 10 жылдық кеңшарында шөп дайындау бригадасының жетекшісі. 1978 жылдан Суворов кеңшарында астық дайындау бригадасының есепшісі. 2002 жылдан тәжірибе шаруашылығындағы жанар–жағармай қоймасының қызметкері. 2011 жылдан зейнеткер.



**Рахимова Зауқия Рақымқызы** 20.12.1950 жылы туды. 1968 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1973 жылы Павлодар педагогикалық институтын тәмамдады. 1973-1982 жылдары «Казсоюзгипросовхозводстрой» ғылыми-зерттеу институтында қызмет етті. 1983-2008 жылдары Павлодар мұнай өңдеу зауытында жұмыс жасап, зейнеткерлікке шықты.

**Марапаттары:** Зауыттың 20, 30 жылдығына арналған медальдар, Мақтау Грамоталары.



**Темірханов Әміржан Досщанұлы** 25.04.1950 жылы туды. 1967 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2005 жылы ПМПИ–ді дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша тәмамдады. 1968–1969 жылдары Алматы мақта–мата комбинатында шебер. 1970 жылдан Үлгілі ауылында механи-

затор. 1974 жылы Қоскөл мектебінде дене шынықтыру пәні мұғалімі. 1974 жылдан Луговой мектебінде дене шынықтыру пәні мұғалімі, нұсқаушы. Жоғары санатты маман.

**Марапаттары: 2000 жылы** облыстық кәсіподақ ұйымының Құрмет Грамотасы. **2010, 2012 жылы** Ертіс аудандық білім бөлімі бастығының Мадақтама Грамотасы. **2010, 2012 жылы** облыстық дене тәрбие аймақтық оқу–практикалық орталығының Құрмет Грамотасы. **2011 жылы** Ертіс ауданы әкімінің Құрмет Грамотасы, Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі бастығының Грамотасы. **2013 жылы** білім бөлімінінің және кәсіподақ ұйымының Мадақтама Грамотасы.



**Уразбекова Майра Меңдібайқызы**

*Батыр Ана атағы*

24.01.1949 жылы туды. 1967 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1967 жылдан Пушкин ауылының тұтынушылар одағының сатушысы.



**Ахметова (Мушетова) Тлектес Нұрғабиденқызы** 15.08.1950 жылы туды. 1968 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1975 жылы Қызылорда қаласындағы Н.В. Гоголь атындағы педагогикалық институтын физика мамандығы бойынша тәмамдады. 1975 жылдан №2 Ертіс қазақ орта мектебінде физика пәні мұғалімі, оқу-тәрбие ісінің меңгерушісі.

1978 жылдан Көкшетау облысы, Уалиханов ауданы, Қайрат совхозының сегізжылдық мектебінде оқу ісінің орынбасары, Сарадыр онжылдық мектебінде оқу ісінің орынбасары, Павлодар қалалық №9 жоғарғы лицейінде оқу-тәжірибе жұмысының мастері, электрондық «Ромашка» жазу машинкасы құрылысы пәнінің мұғалімі, Павлодар облыстық жұмыспен қамту әкімшілігінде бірінші категориялы маман қызметін атқарды. Кейіннен Ақмола облыстық прокуратурасының тергеу және анықтау басқармасында бас маман. Қазақстан Республикасы Бас прокураторысының Еңбек ардагері санатында.



**Жұматова Зайда Сағымбайқызы** 1950 жылы туды. 1968 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1974 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын педиатр мамандығы бойынша тәмамдады. Ертіс аудандық емханасында педиатр, Павлодар, Ленинград, Семей қалаларындағы балалар емханаларында педиатр. 10 жылдан аса Павлодар облысындағы салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы директорының орынбасары. Біліктілігін АҚШ, Израиль елдерінде арттырды. Түркі тілдес елдердің Ташкент қаласында өткен ІІ педиатрлар конгресінің делегаты. Жоғары сананатты педиатр, денсаулық сақтауды ұйымдастырушы, салауатты өмір салтын үйлестіруші.

**Марапаттары:** Денсаулық сақтау министрлігінің көптеген марапаттарына ие болды. «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі» белгісі.



**Қалелов Ермек Мүбарақұлы** 14.04.1951 жылы туды. 1968 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1973 жылы Абай атындағы ҚазПИ-дің тарих факультетін тәмамдаған соң, еңбек жолын Ынтымақ орта мектебінде ұстаздық қызметтен бастады. 1993 жылға дейін Ертіс, Ақтоғай аудандары орта мектептерінде қызмет атқарды. 1993 жылдан аудандық «Ертіс нұры» газетінің редакторы, тілшісі болып еңбек етті.



**Мамбетова Мәншүк Мәмбетқызы** 1949 жылы туды. 1968 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1968 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебінде аға вожатый. 1969 жылы Алматыдағы сауда техникумының сауда жүргізу кеңесшісі бөліміне түсіп, оны бітіріп сауда саласында 30 жылдай қызмет жасады. 1985 жылы Ертіс қалалық Кеңесінің депутаты болып сайланды. 2000-2009 жылдары аудан орталығындағы әлеуметтік қызмет көрсету үйінің басшысы. 2009-2015 жылдары қоғамдық «Бейбітшілік» қорын ашып, мүгедек балалармен жұмыс істеді.

**Марапаттары: 1980 жылы** «Коммунистік Еңбек озаты» төс белгісі. **1982 жылы** «Кеңес сауда тұтынушыларының үздігі». **2013 жылы** «Павлодар облысына 75 жыл» мерейтойлық медалі. **2007, 2009, 2011 жылдары** Павлодар облысының әлеуметтік бағдарламалар департаментінің Құрмет Грамоталары.



**Сарсембаева Бибану Қалымқызы** 21.08.1951 жылы туды. 1968 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1974 жылы Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтын тәмамдады. 1974 жылдан Пушкин кеңшарында экономист, Ертіс ауданының ауылшаруашылық басқармасында экономист. 1980 жылдан «Сельхозэнерго» мекемесінде экономист, бас бухгалтер. 1995 жылы Павлодар облысының халықты әлеуметтік қорғау мекемесінде, 1997 жылы ЗТМО Павлодар облыстық филиалының бас бухгалтері. 2009 жылы зейнетақы төлеу орталығынан зейнеткерлікке шықты.

**Марапаттары:** Облыс әкімінің, Республикалық Зейнетақы төлеу орталығының, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің Құрмет Грамоталарымен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.



**Абдраев Абулқайыр Шайқышұлы** 16.05.1951 жылы туды. 1969 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1969 жылы Чапаев мектебінде дене шынықтыру пәні мұғалімі. 1961-1971 жылдары әскери борышын атқарды. 1972-1973 жылдары Ұйымшыл бастауыш мектебінің меңгерушісі. 1974-1977 жылдарда №1911 Ертіс монтаж-өндірістік кооперативінің қызметкері. 1978-2000 жылдары Қоскөл жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкері: жұмысшы, тасшы, құрал-сайман жасаушы, құрылыс жұмыстарындағы

тікелей басшы. 2004-2007 жылдары Қоскөл жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкері.



**Садуақасов Темірбек Уахитұлы** 18.06.1952 жылы туды. 1969 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. Мектептен кейін аудандық «Ертіс» газеті арқылы аудандағы мектеп бітірушілерге қой шаруашылығында жұмыс істеуге шақырып үндеу жолдап, осы салада өзі жұмыс істеді. 1973 жылдары «Жас Қыран», «Дауылпаз» атты комсомол–жастар бригадасын құруға өз үлесін қосты. Білімін жалғастырып Октябрь сегізжылдық мектебінде еңбек, бейнелеу, дене шынықтыру пәндерінің мұғалімі, кәсіподақ ұйымының төрағасы болып еңбек етті.

**Марапаттары:** Аудандық, облыстық білім басқармаларының Құрмет Грамоталары.



**Әкімов Рашит Қайыржанұлы** 15.03.1954 жылы туды. 1970 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. Целиноград ауылшаруашылық институтын, Қарағанды «Фемида» заң академиясын бітірді. ҚР Парламент Сенатының депутаты Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі.

**Марапаттары:** «Құрмет», «Парасат» ордендерімен және мерейтойлық медальдармен марапатталды.



**Әбілқалықова (Қайырсқақова) Шәрипа Мүбәраққызы** 09.12.1953 жылы туды. 1970 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1974 жылы Қарағанды кооперативтік институтының бухгалтерия факультетін тәмамдады. 1974 жылдан Ертіс аудандық тұтынушылар Одағында бас есепшінің көмекшісі. 1980 жылдан Ертіс аудандық тұтынушылар Одағында бас есепші. 2005-2012 жылдары Ертіс ауданы әкімінің аппаратында құжаттармен қамтамасыз ету бөлімінің басшысы.

**Марапаттары:** «Еңбек ардагері» медалі. «Кеңес Одағының тұтынушылар одағының үздігі». Облыстық тұтынушылар Одағының Құрмет грамотасы, Облыстық тұтынушылар Одағының «Үздік бухгалтері». Аудан әкімінің Құрмет Грамоталары.



**Жұматов Ғалымбек Сағымбайұлы**

*Павлодар облыстық әдеби-көркем, қоғамдық-саяси «Найзатас» журналының Бас редакторы. Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі*

15.10.1952 жылы туды. 1970 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1979 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп, Павлодар облыстық «Қызыл Ту» («Сарыарқа самалы») газетіне қызметке орналасты. 1991-1997 жылдары республикалық «Халық кеңесі» газетінің Павлодар облысы бойынша меншікті тілшісі. 1997-2007 жылдары облыстық «Сарыарқа самалы» газетінде

жауапты хатшы, редактордың орынбасары. 2007-2012 жылдары «Шаһар» газетінің бас редакторы қызметін атқарды. 2012 жылдың наурызынан аймақта тұңғыш рет жарық көрген облыстық әдеби-көркем және қоғамдық-саяси «Найзатас» журналының бас редакторы. ИнЕУ-дің журналистика факультетінде дәріс береді. Облыстағы «Аққұс», И. Байзақов атындағы облыстық әдебиет бірлестігінің төрағасы. 1999–2008 жылдары облыс әкімінің грантына ие болды.

**Кітаптары:** «Трактор қалай жасалады?», 1986 жылы «Ала көжек» повесі Қазақстан Жазушылар одағы мен «Жалын» журналының жабық бәйгесінде жүлделі болды. Одан кейін жазылған «Жалғас-жауынгердің баласы», «Кең аулалы үйденбіз» повестері 1992 жылы жинақ болып шықты. Ол 2003 жылы «Қазақстан – қара шаңырағым» атты республикалық мүшайраның бірінші жүлдесін жеңіп алды. Балаларға арналған «Біз – 42 әріппіз» (2003 жыл) әліппе-кітабы және «Жеңіс жалауын желбіреткен» (2005 жыл) жыр жинақтарын жарыққа шығарды. Ұлы Жеңістің 60 жылдығында композитор Н. Дүкенбаевпен бірігіп жазған «Жеңіс жолы», «Майдангер аталарға» әндері мерекелік салтанат рәсіміне енді. 2006 жылы «Ана өсиеті» атты поэтикалық эссе кітабы мен «Сағыныш сазы» жыр жинағы жарық көрсе, 2007 жылы оқырмандарына «Кемелді елдің Кемері» атты деректі повесін ұсынды. 2008 жылы Астананың 10 жылдығына орай «Астанам – менің асқақ ән» атты ән-альбомы (барлық ән дискіге жазылып, ән-альбомға жазылды) жарық көрді. Жазушы оқырмандарына 2013 жылғы наурыз айында «Арналы ағыс» атты әдеби жинағын сыйлады. Танымал қаламгер ретінде «20-ғасырдағы Қазақстан жазушылары» энциклопедиясына енді.

**Марапаттары: 2010 жылы** «Әдебиет және поэзия» номинациясы бойынша облыс әкімінің грантына ие болды.

**2011 жылы** республикалық «Қыпшақтың қайраткерлері» таңдамалы жинағына енді. **2011 жылы** «Тәуелсіздіктің 20 жылдығы» мерекелік медалі. «Павлодар облысына 75 жыл» және «Облыс алдында сіңірген еңбегі үшін» медальдарымен марапатталды.



**Масалимов Ерболат Қайдарұлы** 1970 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1971-1973 жылдары әскери борышын атқарды. 1977 жылы Павлодар совхоз-техникумының ветеринария факультетін тәмамдады. 1977 жылдан бастап ауылшаруашылығы маманы болып істей жүре 1979 жылы Алматы ауылшаруашылық институтына түсіп, 1985 жылы бітірді. 1994 жылға дейін ауылшаруашылығында ветеренария саласында маман болып істеді. 1994 жылы қыркүйек айынан Қарақұдық ЖОББ мектебінде ауылшаруашылығы пәнінен мұғалім. 2000 жылы Павлодар университетіне филология, қазақ тілі мен әдебиет факультетіне сырттай түсіп, 2002 жылы бітірді. Содан осы уақытқа дейін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі болып істейді.



**Ауталипов Темірболат Қабыкенұлы** 08.07.1955 жылы туды. 1971 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1971–1974 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінде лаборант. 1974–1979 жылдары Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтында Карл Маркс атындағы стипендиямен оқып, «Үздік»

дипломмен тарих мамандығы бойынша аяқтады. 1989 жылдан Ертіс ауданы білім бөлімінің әдіскері.



**Қайырысқақов Әлібек Мүбәрақұлы** 01.03.1956 жылы туды. 1971 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. Ертіс АКТУ-39-ды слесарь-электромеханик-жүргізуші мамандығы бойынша тәмамдады. 1985 жылы Шарбақты ауылшаруашылық механизациялау және электрофикацияла техникумын бітірді. 1974-1976 жылдары әскери борышын атқарды. 1976 жылдан Ертіс АТК-1912-де жүргізуші, жабдықтаушы бөлімінің бастығы, «Әрсен» шаруа қожалығының басшысы. 2009 жылдан №3 Ертіс ЖОББМ шаруашылық мәселесі жөніндегі мектеп директорының орынбасары.

**Марапаттары:** Автокөлік министрлігінің Алғыс хаты, облыстық автокөлік басқармасының Құрмет тақтасында фотосуреті ілінді.

**Қаржасов Қабдығалым**



*ҚР Суретшілер одағының мүшесі*

1954 жылы туды. 1971 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1980 жылы Алматы қаласында Н. Гоголь атындағы көркемсурет училищесін тәмамдады. Ғ. Қаржасовтың туындылары Нью-Йорк, Варшава, Вроцлав, Берлин, Амстердам, Штутгард және Мюнхен мұражайларында сақтаулы. Суретшінің жеке көрмелері Павлодар, Қарағанды, Алматы, Омбы, Санкт-Петербург, Астана қалаларында өткізілді. Қазақ халқының сәндік қол-

данбалы көркемөнер дәстүріне сүйене отырып, пластикалық және үлгілік жүйеде өзінің жеке стилін дамытты.

**Марапаттары:** «Құрмет» орденінің иегері, Президент сыйлығының лауреаты (1998 жыл).



**Абильманов Төлеген Ықыласұлы** 1955 жылы туды. 1972 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1978 жылы Семей мал дәрігерлік институтын тәмамдады. Содан кейін Панфилов кеңшарында мал дәрігері. 1984-1997 жылдары Амангелді кеңшарында бас зоотехник. 1997 жылы Иса Байзақов атындағы кеңшары директорының бірінші орынбасары, бас зоотехнигі. 1999-2002 жылдары ТОО «Алтыншы ауыл» директоры. 2002-2007 жылдары «Қостомар» шаруа қожалығының директоры.



**Нұртазина Гүлстан Жексенқызы** 29.06.1955 жылы туды. 1972 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1972 жылы жас шопан болып жұмыс істеді. 1975 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы «Ленин» орденді ауылшаруашылығы техникумын ұйымдастырушы-зоотехник мамандығы бойынша тәмамдады. 1985 жылы Семей қаласындағы Н.К. Крупская атындағы мәдени-ағарту техникумында сырттай оқып, кітапханашы мамандығын игерді. 1975 жылы Ынтымақ ауылындағы №4 қой фермасында бөлімше зоотехнигі. 1985-2013 жылдары Ынтымақ ауылында кітапханашы.



**Бакирова (Тағайбекова) Назия Сейдіғалиқызы** 12.09.1956 жылы туды. 1973 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1976 жылы Алматы Политехникумының жоспарлау бөлімін «Үздік» дипломмен бітірді. 1982 жылы Алматы технологиялық институтын тәмамдады. 1976 жылы Павлодар сыра зауытында жұмыс істеді. 1983 жылы Шымкент сыра зауытында қызмет атқарды. 1994 жылдан жеке кәсіппен айналысады.



**Жұматова Орынбасар Сағымбайқызы** 24.01.1956 жылы туды. 1973 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1977–1980 жылдары С.М. Киров атындағы ҚазМУ–дің филология факультетінде оқыды. 1980-1983 жылдары М.В. Ломоносов атындағы МГУ–да журналистика мамандығын игерді. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жетекші маманы.



**Искакова Гүлнар Бағауқызы** 15.01.1956 жылы туды. 1973 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1978 жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтын биология–химия мамандығы бойынша тәмамдады. 1978 жылдан Кайманачиха орта мектебінде мұғалім, 1980 жылдан Западный мектебінде оқу ісінің меңгерушісі,

1983 жылдан юнаттар станциясында, 1991 жылдан №3 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде қазақ тілі пәні мұғалімі, 2000 жылдан №1 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде биология пәні мұғалімі.

**Марапаттары: 2011 жылы** Облыстық білім департаментінің Грамотасы, аудан әкімінің гранты.



**Бекпауов Төлеш Арғынұлы** 25.12.1957 жылы туды. 1974 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1979 жылы Қазақ ауылшаруашылық институтын инженер-механик мамандығы бойынша аяқтады. 1979-1998 жылдарда Ертіс механикаландырылған жөндеу зауытында, шебер, учаске шебері, цех басшысы, бас инженер, директор қызметтерін атқарды. 1998 жылдан аудан әкімідігінде бас маман. Ертіс ауылы әкімінің орынбасары, Ертіс ауылының әкімі. Қызылжар ауылының әкімі. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы.

**Марапаттары**: «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Аудан әкімінің, Нұр Отан ХДП, облыстық статистика басқармасының Құрмет Грамоталары.



**Жұматова Мария Сағымбайқызы** 1958 жылы туды. 1974 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1978-1983 жылдары С.М. Киров атындағы Мемлекеттік Қазақ Университетінің математика факультетінде оқыды. Орал қаласында Ж. Досмұхамедов атындағы педагогика-

лық колледжінің математика пәнінің оқытушысы және математика кафедрасының меңгерушісі. 2011 жылы 11 мамырда өткен Қазақстан Республикасы математика мұғалімдерінің І съезіне қатысты.



**Қайырысқақова Шәрбану Мүбәраққызы** 08.05.1958 жылы туды. 1975 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1979 жылы Павлодар қаласының кооперативтік техникумын тәмамдады. 1979–1980 жылдары Алматы қаласының кадрлар дайындау бөлімінің жылдық курсын оқыды. 1980–2014 жылдары Алматы қаласының Ядролық физика институтында кадр бөлімінің бас маманы. 2014 жылдан физикалық қорғаныс және режим бөліміндегі ішкі қауіпсіздік қызметкері.

**Марапаттары:** Энергетика Министрлігінің Алғыс хаты, «Семей полигонынның жабылуының 20 жылдығына» орай «Құрмет Белгісі» медалі.



**Ауталипова Шарбану Қабыкенқызы** 1958 жылы туды. 1975 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1978 жылы Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық училищесін мектепке дейінгі оқыту және тәрбие мамандығы бойынша тәмамдады. 1979 жылдан Алматы қаласының балабақшаларында тәрбиеші, музыкалық жетекші.

**Марапаттары:** Алматы қаласының білім басқармасының, аудандық білім бөлімінің Құрмет Грамоталары.



**Сарсембаев Ағлан Ғабдуллаұлы** 20.06.1957 жылы туды. 1975 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1987 жылы Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтын зоотехния мамандығы бойынша тәмамдады. 1980 жылдан Абай атындағы кеңшары 1 бөлімшесінің малдәрігерлік технигі. 1982 жылы Кайманачиха кеңшарының малдәрігерлік технигі. 1982 жылдан Кайманачиха кеңшарының зоотехник–селекционері. 1984–1987 жылдары №3 Кайманачиха кеңшарының зоотехнигі. 1987 жылдан Абай кеңшарының бас зоотехнигі. 1993 жылдан Павлодар қаласындағы «Отеп» жеке-меншік фирмасының ауылшаруашылық өнімінің дайындаушысы. 1995 жылдан Павлодар қаласындағы «Отеп» жекеменшік фирмасының материалдық-техникалық жабдықтау сұрақтары бойынша бастығының орынбасары. 1999 жылдан ҚР АШМ «Ертіс ауданының аумақтық басқармасы» ММ мемлекеттік асыл тұқымды мал инспекторы. 2002 жылы «1253 Автоколоннасы» ААҚ қосалқы шаруашылығының басқарушысы. 2003 жылдан «Аудандық статистика бөлімі» ММ жетекші маманы. 2008 жылдан ауылшаруашылық бөлімі бастығының орынбасары. 2009 жылдан Аудан әкімінің коммуналдық, өндірістік сала және ауылшаруашылығы мәселелері бойынша орынбасары. 2012 жылдан Иса Байзақов ауылдық округінің әкімі.



**Стыбаев Рыспек Шайкенұлы** 22.11.1959 жылы туды. 1975 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1975-1977 жылдары Үлгілі ауылының 8-жыл-

дық мектебінде сурет және сызу мұғалімі. 1977 жылы Алматы қаласында көркем сурет училищесіне түсті. 1978-1980 жылдары әскери борышын атқарды. 1983 жылы Алматы қаласында көркем сурет училищесін бітірді. 1983 жылдан Павлодар қаласындағы химия зауытында безендіруші суретші. 1986-1991 жылдары Алматы қаласында АГТХИ Т. Жүргенев атындағы интерьер және жабдықтаушы мамандығын меңгерді. 1991 жылы Павлодар Суретшілер Одағында дизайнер-суретші. 1993 жылы Ж. Аймауытов атындағы Қазақ музыкалық драма театрында қоюшы–суретші, бас суретші. 2004 жылдан Қазақстан Суретшілер Одағының және Қазақстан Театр қайраткерлер Одағының мүшесі.



**Қайырысқақов Ғалымбек Мүбәрақұлы** 22.06.1960 жылы туды. 1977 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1985 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің қазақстан тарихы факультетін тәмамдады. Бірқатар аудан аумағындағы жауапты лауазымдарда еңбек етуде.



**Кусаинова (Камшебаева) Сауле Қайырқызы** 07.11.1959 жылы туды. 1977 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1982 жылы Павлодар медициналық училищесін тәмамдады. 1977 жылы Ертіс аудандық ауруханасында жұмыс істеді. 1999 жылдан Луговой орта мектебінде медбике.

**Марапаттары: 1980, 1983 жылдары** Ертіс аудандық ауруханасының Алғыс

хаттары. **2010, 2012 жылдары** Луговой орта мектебінің Алғыс хаттары. **2013 жылы** Луговой орта мектебінің Грамотасы.



**Кәменов Нұртай Шәмренұлы** 1961 жылы туды. 1976 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебінің негізгі курсын бітірді. 1979 жылы Красноармейка ауылшаруашылық техникумын бітірді. Әскери борышын Германияда атқарды. Жамбыл гидромелиорациялық құрылыс институтын тәмамдады. Бірнеше су шаруашылығы жүйесі басқармаларын басқарды. 2002 жылы Павлодар облысы әкімінің үкімімен су шаруашылығы департаментінің директоры болып тағайындалды. 2005 жылы Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтында «Юриспруденция бакалавры» мамандығын алды. 2007 жылы республикалық Астанадағы «Есіл су шаруашылығы басқармасы» бастығы қызметіне тағайындалды. 2008-2009 жылдары Республикалық су шаруашылығын реттеу Комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Қазіргі Уақытта «Казватер» су пайдаланушылар, тұтынушылар, су транспорты республикалық қауымдастығының вице-президенті қызметін атқарады.



**Мұхаметалин Жұмабай Аманқұлұлы** 14.04.1961 жылы туды. 1978 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1979-1981 жылдары әскери борышын атқарды. 1981-1983 жылдары Коминтерн совхозында жүргізуші. 1988 жылы Қарағанды педагогикалық институтын алғашқы әскери дайындық және дене тәрбиесі ма-

мандығы бойынша тәмамдады. 2005 жылы Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтының құқықтану бөлімін сырттай бітірді. 1988-1990 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінде алғашқы әскери дайындық және дене тәрбиесі пәндерінің мұғалімі. 1990–1992 жылдары Павлодар қаласының Ильич Аудандық Ішкі істер бөлімінде учаскелік аға инспектор. 1992-2000 жылдары Коминтерн ауылындағы «Бәйгелді» шаруа қожалығын басқарды. 2000 жылғы қыркүйектен қараша айына дейін Павлодар қаласындағы Ы. Алтынсарин атындағы № 3 қазақ гимназиясында мұғалім. 2002 жылғы 15 сәуірден облыстық су шаруашылығы департаментінде бас маман. 2005-2013 жылдары облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының бас маманы, бөлім бастығы. 2013 жылдың тамыз айынан Павлодар ауданы Ефремовка ауылдық округінде әкім. 2014 жылдан Лебяжі ауданындағы Ішкі саясат бөлімінің басшысы.



**Тұрсынов Дулат Қуанышұлы** 05.06.1961 жылы туды. 1978 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1981 жылы Павлодар қаласындағы құрылыс монтаждау техникумының техник-механик факультетін тәмамдады. 1981 жылдан Жамбыл облысының Жаңатас, Оңтүстік-Қазақстан облысының Кентау қалаларында мамандығы бойынша жұмыс істеді. 1983 жылы Павлодар қаласындағы «Проммонтаж сервис» құрылыс мекемесіне жұмысқа орналасты. Кейін құрылыс салаларында қызмет жасай жүре, Алматы «Қаржы және статистика» институтының экономика факультетін сырттай оқып бітірді. Қазіргі кезде «Халық банк» Ак-

ционерлік қоғамының Екібастұз қаласындағы филиалында бөлім басшысы.



**Байболова Ләззат Егінбайқызы** 25.01.1962 жылы туды. 1979 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1983 жылы Қарағанды қаласындағы банк саласының базалық техникумының қаржы факультетін, 1993 жылы Қарағанды Мемлекеттік Университетінің экономика факультетін сырттай тәмамдады. 1983 жылдан Павлодар қаласындағы Ильич аудандық Госбанк бөлімшесінде қатардағы экономист, бас бухгалтер. 1993 жылы Облыстық Аргоөнеркәсіп банкі филиалының бас бухгалтері болып тағайындалды. 2005 жылдан «Kaspi bank» Акционерлік Қоғамы Екібастұз филиалының директоры.

**Марапаттары:** Қалалық әкімшілік, маслихат, жоғарғы банк басшылары атынан Алғыс хаттар мен Мақтау қағаздары.



**Сарсенбаев Марат Қалымұлы** 03.03.1962 жылы туды. 1979 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1986 жылы Павлодар мемлекеттік университетін тәмамдады. 2005 жылы Қарағанды экономикалық университетін юриспруденция мамандығы бойынша тәмамдады. 1980-1982 жылдары әскери борышын атқарды. 1988-1992 жылдары Ертіс аудандық тұтынушылар одағы құрылысын басқарды. 1992-1997 жылдары автошаруашылық директоры. 1997-2000 жылдары Ертіс аудандық еңбекпен қамту және тұр-

ғындарды әлеуметтік қорғау бөлімінің басшысы. 2000-2005 жылдары Ертіс №21 кәсіптік мектебінің директоры. 2005-2008 жылдары аудандық «Қазпошта» АҚ бөлімінің басшысы. 2010-2012 жылдары «Успен Ауыз су» Коммуналдық шаруашылығының директоры. 2013 жылдан Успен аудандық тұрғын үй коммуналды шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары мемлекеттік мекемесінің басшысы.



**Лама Шариф Қайрат Қайырбекұлы** 01.01.1962 жылы туды. 8 сыныптан кейін 1981 жылы В.В. Воровский атындағы Павлодар педагогикалық училищесін тәмамдады. 1990 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің шығыстану факультетін бітірді. 1986–1989 жылдары Йеменде араб тілінің аудармашысы. 1990–1991 жылдары шетелдік редакцияның «Рауан» баспасының редакторы. 1991–1993 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің араб филологиясы кафедрасында оқытушы. 1993 жылы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық басқармасының үшінші хатшысы. 1993–1996 жылдары Қазақстан Республикасының Египет Араб Республикасындағы Елшілігінің үшінші, кейін екінші хатшысы. 1996–1998 жылдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық басқармасының екінші, кейін бірінші хатшысы. 1998–2002 жылдары Қазақстан Республикасының Египет Араб Республикасындағы Елшілігінің бірінші хатшысы, кейін Кеңесшісі. 2002–2004 жылдары Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Азия, Таяу Шығыс және Африка департаментінің бөлім бастығы, басқарма бастығы, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер

министрлігінің Азия, Таяу Шығыс және Африка департаменті директорының орынбасары. 2004–2006 жылдары Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі жанындағы Сыртқы саясат орталығының Бас инспекторы. 2006 жылы Қазақстан Республикасының Сауд Арабиясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі. 2007 жылы Қазақстан Республикасының Кувейт мемлекетіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы. 2008 жылы Қазақстан Республикасының Оман Сұлтанатындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы. 2009–2011 жылдары Бахрейн Корольдігіндегі Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы. 2011–2013 жылдары Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің төрағасы. 2013 жылдан Қазақстан Республикасының Біріккен Араб Әмірлігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі.

**Марапаттары: 2005 жылы** «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл», **2008 жылы** «Астананың 10 жылдығы» мерекелік медальдары, **2008 жылы** «Ерен еңбегі үшін» медалі. Бірінші класты Кеңесші дипломатиялық дәрежесі бар.



**Қалым Емберген Қалымұлы** 01.06.1965 жылы туды. 1982 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін мектебін бітірді. 1988 жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтын физика–математика мамандығы бойынша тәмамдады. 2005 жылы юрипруденция мамандығын алды. 1984–1986 жылдары әскери борышын Белоруссия мемлекетінде өтеді. 1986 жылы 3 мамырдан 4 маусымға дейін Чернобыль АЭС-да болған апатына қатысты. 1986–1989 жылдары №2 Ертіс

қазақ орта мектебінде интернат тәрбиешісі, аға пионервожатый, директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары. 1989–1992 жылдары Аудандық Комсомол Комитетінің II, I хатшысы. 1992 жылы аудандық халық депутаттары кеңесінің ұйымдастыру бөлімінің аға референті. 1992–1994 жылдары аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің I дәрежелі маманы. 2001–2007 жылдары жеке кәсіпкер. 2007–2008 жылдары Ертіс ауданындағы ең алғашқы ашылған Халыққа қызмет көрсету орталығының директоры. 2011 жылдан Павлодар облысы аймағының жеке нотариусы қызметін атқарады. 2013 жылы қазан айында Сауд Арабиясындағы Мекке қаласында мұсылмандық парызын өтеді.



**Шаймерденова Әлия Тұрсынқызы** 08.04.1970 жылы туды. 1987 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1988-1992 жылдары Қазақстанның 10 жылдығы атындағы кеңшарында комсомол комитетінің хатшысы. 1991 жылы аудандық «Ертіс нұры» газетінде теруші, корректор, тілші. 1991-1992 жылдары Қарақұдық орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі. 1992-1993 жылдары Павлодар қаласы №16 мектеп-лицейде қазақ тілі мұғалімі. 1993 жылы Екібастұз қаласы №25 қыздар гимназиясында қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі. 1996 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қарақұдық ЖОББМ қызмет етеді. 2012 жылдан мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары. «Аманжолтану» оқу–әдістемелік кешенінің авторы.



**Аманбаев Болат Советұлы** 1972 жылы туды. 1989 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. Кеңестер әскері қатарында болды. Мамандығы – филолог, журналист. Еңбек жолын «Қазақстан-Павлодар» облыстық телеарнасында бастады. 1992 жылдан бері еңбек етіп келеді. Осы аралықта студия хабарларын ұйымдастырушы, режиссердің көмекшісі, режиссер, редактор, аға редактор қызметтерін атқарды. Бірнеше авторлық телехабарларды жүргізді. 2001 жылдан бері «Қазақстан» Ұлттық телеарнасының Павлодар облысындағы меншікті тілшісі. Журналистика және бейнеинженерлік сала бойынша «Сорос» қоры ұйымдастырған арнайы курстарден өтті. Алматы «Телевизия студиясы» мектебінің тыңдаушысы.

**Марапаттары:** Журналистік қызметте жүріп бірнеше мәрте халықаралық, республикалық, облыстық конкурстардың жеңімпазы атанды. ҚР Білім және ғылым министірлігінің арнайы медалімен марапатталды. «Қазақстан Республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ-ның Құрмет Грамотасы, Павлодар облысы әкімдері тағайындаған гранттардың бірнеше мәрте иегері. Павлодар облысы бойынша бірнеше жыл қатарынан «Жылдың үздік журналисі», «Өлке өрені» номинациясының иегері. ҚР Президентінің Алғыс хатын екі мәрте алды. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалі, «Қазақстанның Құрметті металлургі» медалі, «Электролиз зауыты құрылысына еңбек сіңірген» медалі, «Павлодар облысына 75 жыл», «Павлодар ауданына 85 жыл» мерейтойлық медальдарымен марапатталды. 2013 жылы «Нұр Сұңқар» республикалық жүлдесінің иегері.



**Бакирова (Сарсембинова) Ләззат Аманболқызы** 03.06.1976 жылы туды. 1993 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1993 жылы қыркүйек айында Б. Ахметов атындағы колледжінің жеті айлық мұғалімдер даярлау курсына түсіп, бастауыш сынып мұғалімі мамандығын алды. 2001 жылдары Б. Ахметов атындағы колледжді қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 2004 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. 1994 жылдан Ұзынсу жалпы орта білім беру мектебінде бастауыш сынып мұғалімі, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі. І санатты маман.

**Марапаттары:** 2013 жылы аудан әкімінің Алғыс хаты.



**Ыдырысов Әлібек Аманғалиұлы** 01.01.1979 жылы туды. 1995 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2000 жылы С. Торағыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін инженер–механик мамандығы бойынша тәмамдады. 2002 жылы Ертіс ауданы әкімі аппаратының құжаттармен қамтамасыз ету бөлімі маманының міндетін атқарып, тамыз айында бөлім маманы болып тағайындалды. 2002 жылдың қыркүйек айынан 2003 жылдың маусым айына дейін ішкі саясат, мәдениет және спорт бөлімінің жастар жөніндегі бас маманы. 2004 жылы Ертіс ауданы әкімі аппаратының мәдениет және спорт бөлімінің спорт жөніндегі бас маманы. 2005 жылы білім беру және спорт бөлімінде дене шынық-

тыру және спорт жөніндегі бас маман. 2006–2009 жылдары дене шынықтыру және спорт бөлімінің бастығы. 2009 жылдың мамыр айынан шілде айына дейін «Май» АҚ аумақтық менеджері. 2009 жылдан Луговой ауылдық округінің әкімі. Бірнеше мәрте аудан әкімдерінің Құрмет Грамоталарымен марапатталды.



**Шокаев Руслан Тәңірбергенұлы** 13.01.1980 жылы туды. 1996 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2000 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін бухгалтерлік есеп және экономика мамандығы бойынша тәмамдады. 2003 жылы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясында мемлекеттік қызметкерлер менеджері мамандығы бойынша дайындықтан өтті. 2009 жылы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының аспирантурасын бітірді. 2002-2003 жылдары Ертіс ауданы әкімнің аппаратында бас маман. 2003-2004 жылдары ҚР Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігінде бас маман. 2004-2006 жылдары Астана қаласының Мемлекеттік сатып алу департаментінде бөлім басшысы. 2008 жылы «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнында басқарма басшысы. 2010 жылы «Назарбаев зияткерлік мектебі» АҚ сатып алу департаментінде бас менеджер. 2013 жылы «KTZH Express» АҚ департаментінің қызметкері. 2014 жылы Назарбаев зияткерлік мектептері құрылыс дирекциясында сатып алу жөніндегі бас менеджер.



**Қадырбаева (Қалелова) Нұргүл Ермекқызы** 02.08.1979 жылы туды. 1996 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2001 жылы Б. Ахметов атындағы колледжді бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 2004 жылы ПМУ-ды сырттай бастауыш мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. 2001 жылы Қараағаш мектебінде мұғалім. 2008 жылдан Северный мектебінде бастауыш сынып мұғалімі.



**Аманжолов Жәнібек Шоланұлы** 05.10.1980 жылы туды. 1997 жылы Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2002 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін бітірді. 2003–2007 жылдары Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын тәмамдады. 2002–2009 жылдары №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде аға тәлімгер, тәрбие жұмысы бойынша мектеп директорының орынбасары, ән-күй пәнінің мұғалімі. 2004-2009 жылдары Ертіс ауданы әкімінің МҚКК «Аудандық Мәдениет үйі» әдістемелік кабинетінің меңгерушісі. 2009–2010 жылдары «Ертіс ауданының білім бөлімі» ММ тәрбие жұмысы бойынша бас маман. 2010-2013 жылдары №3 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінің директоры. 2013–2014 жылдары Ертіс ауданының әкімі аппаратының ұйымдастыру–кадрлар жұмысы бөлімінің басшысы. 2014 жылдың қазан айынан Ертіс ауданы білім бөлімінің «Балалар өнер мектебі» ҚКМК директоры.

**Марапаттары: 2002 жылы** аудан әкімінің Құрмет Грамотасы. **2003 жылы** облыстық кәсіподақ ұйымының Құрмет Грамотасы. **2004 жылы** облыстық Мәдениет басқармасының Алғыс хаты. **2005 жылы** Облыстық «Нұр Отан» ХДП филиалының Алғыс хаты. **2010 жылы** облыстық ұстаздардың біліктілігін арттыру институтының Алғыс хаты.

**Оқушыларының жетістіктері: 2004 жылы** облыстық «Шаңырақ – 2004» эстрадалық әндер байқауында Жүсіпбаев Азамат – 3 орын, Жүсіпбаев Саят – Алғыс хат. **2005 жылы** облыстық «Шаңырақ – 2005» эстрадалық әндер байқауында Досмағамбетова Айзат – номинация. **2008 жылы** мектеп оқушылары арасындағы көңілді тапқырлар клубы облыстық байқауында – мектеп командасы 1 орын. **2009 жылы** халықаралық «Ақ көгершін» балалар шығармашылығы байқауында Жүсіпбаев Саят – номинация, Алғыс хат.



**Усаханова Динара** 06.01.1980 жылы туды. 1997 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2001 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін физика мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. Қазіргі кезде Панфилов кеңшарында мұғалім.



**Демесинова Алтынай Елюбайқызы** 1981 жылы туды. 1998 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2009 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін журналист мамандығы бойынша тәмамдады. 2004–2005 жылдары «Ертіс нұры» және «Иртыш» газеттерінің біріктірілген редакциясында оператор

ЭВМ. 2005–2007 жылдары Ертіс ауданының маслихат аппаратында іс жүргізуші. 2007–2009 жылдары «Ертіс нұры» және «Иртыш» газеттерінің біріктірілген редакциясында оператор ЭВМ. 2009-2011 жылдары «Ертіс нұры» және «Иртыш» газеттерінің біріктірілген редакциясында журналист. 2011 жылдан «Ертіс нұры» және «Иртыш» газеттерінің біріктірілген редакциясының директоры (редакторы).



**Ахмедьярова Бахыт Қайырқызы** 30.01.1982 жылы туды. 1999 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. Колледжді программист мамандығы бойынша тәмамдады. 2005-2013 жылдары «Рамат» фармация мекемесінде қойма меңгерушісі. Қазіргі кезде Теміржол колледжінде қызмет атқарады.



**Жакупов Ерлік Серикұлы** 10.04.1984 жылы туды. 2000 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2005 жылы Қарағанды экономика институтын бітірді. 2005 жылы Ертіс Халық банкінің программист маманы. 2010 жылдан Астана қаласында «Галанд» Боттлерс компаниясының өкілі. Кикбоксинг бойынша спорт шеберіне үміткер.



**Нүкенов Ерлан Мерекеұлы** 26.08.1983 жылы туды. 2000 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2002 жылы Павлодар университетін тәмамдады. 2008 жылы С. Торайғыров

атындағы Павлодар мемлекеттік университетін юриспруденция мамандығы бойынша тәмамдады. 2003 жылдан «Иртышсервис» КМК кадрлар бөлімінің инспекторы. 2005 жылдан Ертіс ауданы бойынша Салық комитетінің ұйымдастыру жұмысы және ақпараттық технологиялар секторының маманы. 2007 жылы Ертіс ауданы бойынша Салық комитетінің ұйымдастыру жұмысы және ақпараттық технологиялар секторының жетекші маманы, Ертіс ауданы бойынша әділет басқармасының жетекші маманы. 2008 жылдан Ертіс ауданы бойынша Салық комитетінің Салық аудиті бөлімінің жетекші маманы, Ертіс ауданы бойынша Салық комитетінің Салық аудиті бөлімінің бас маман–заңгері. 2010 жылы Каримов К. ЖК клиенттермен жұмыс бойынша менеджері. 2011 жылы жеке кәсіпкер. 2012 жылдан Қарақұдық ауылдық округінің әкімі.



**Сланбеков Шайхы Нәжімиденұлы** 11.07.1983 жылы туды. 2000 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2003 жылы Павлодар университетінің колледжін автоматтандыру және басқару, 2006 жылы Инновациялық Еуразия университетін ақпаратты өңдеу және басқару, 2008 жылы Қарағанды Экономикалық Университетін экономика мамандығы бойынша тәмамдады. 2004 жылы Павлодар қаласы К. Макпалеев атындағы №4 мектепте компьютерлік жабдықтар бойынша инженер. 2004–2005 жылдары ФРИЗ ЖШС – системо-техник. 2006–2009 жылдары №3 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде компьютерлік жабдықтар бойынша инженер. 2009–2010 жылдары №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде компьютерлік жабдықтар бойынша инженер. 2011–2012 жылдары кеден қызметкері. 2013 жылдан «Ке-

дентранссервис» АҚ–сында мүліктік қатынастар бөлімінің бас менеджері.



**Усаханов Дамир Сарсенбайұлы** 27.09.1983 жылы туды. 2000 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2003 жылы Павлодар қаласындағы Б. Ахметов атындағы колледжді, 2007 жылы ПМПИ–ды дене шынықтыру мамандығы бойынша тәмамдады. 2003 жылдан №1 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде мұғалім. І санатты маман.

**Марапаттары: 2007, 2008 жылдары** аудандық білім бөлімінің Құрмет Грамоталары. **2014 жылы** аудандық мәслихаттың Құрмет Грамотасы.



**Мукашев Саттыбай Ерменұлы** 01.11.1984 жылы туды. 2001 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2006 жылы ПМПИ–дің колледжін дене шынықтыру мамандығы бойынша тәмамдады. 2007 жылдан №1 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде мұғалім. ІІ санатты маман.



**Ахмедьяров Серік Қайырұлы** 17.01.1984 жылы туды. 2001 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2001 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне оқуға түсті. 2004 жылдан Павлодар және Алма-

ты қалаларында құрылысшы. 2013 жылдан Астана қаласында фирмада қойма меңгерушісі.



**Набиев Омар Қанатұлы** 15.07.1984 жылы туды. 2001 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2005 жылы Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжін тәмамдады. 2005 жылдан №4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебіне дене шынықтыру пәні мұғалімі.

**Марапаттары:** №4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі әкімшілігінің, дене шынықтыру және спорт ұйымының Құрмет Грамоталары.



**Қарабаев Қазыбек Сапарғалиұлы** 31.03.1985 жылы туды. 2003 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2010 жылы Семей мемлекеттік медицина университетін хирург мамандығы бойынша тәмамдады. 2010-2013 жылдары Ертіс орталық аудандық ауруханада хирург-онколог. 2013 жылдың тамызынан бастап 2014 жылдың мамырына дейін Павлодар облыстық онкологиялық диспансерінде хирург-онколог. 2014 жылдың мамырынан бастап Павлодар облыстық онкологиялық диспансерінде диспансерлік бөлімшесінің меңгерушісі. 2014 жылдың қазан айынан бастап желтоқсан айына дейін «Болашақ» бағдарламасы бойынша Оңтүстік Кореяда тәжірибе алмасты.

**Марапаттары:** 2011 жылы Ертіс ауданы әкімінің Құрмет Грамотасы.



**Тукбергенов Айваз Қасымұлы** 01.04.1986 жылы туды. 2003 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2007 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік университетін математика мамандығы бойынша тәмамдады. 2007 жылдан №4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде математика пәнінің мұғалімі.

**Марапаттары:** №4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі әкімшілігінің, дене шынықтыру және спорт ұйымының Құрмет Грамоталары.



**Жусупова Сәуле Хабдулхамитқызы** 16.07.1985 жылы туды. 2003 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2007 жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтын ағылшын тілі мұғалімі мамандығы бойынша тәмәмдады. 2007 жылдан Алматы қаласындағы «Престиж» мектебінде мұғалім.



**Ахмедьяров Берік Қайырұлы** 11.05.1986 жылы туды. 2004 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2008 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін жылуэнергетика мамандығы бойынша тәмамдады. 2009-2010 жылдары әскер қатарында борышын атқарды. 2010 жылдан «KSP Steel» зауытында жұмыс сапасын бақылаушы.



**Дюсембина Айнагүл Асанқызы** 2004 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2007 жылы Павлодар қаласындағы Б. Ахметов атындағы педагогикалық колледжді ағылшын тілі мұғалімі мамандығы бойынша тәмәмдады. Алматы қаласындағы Қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінің аудармашы факультетін сырттай оқып бітірді. 2007 жылдан ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

**Марапаттары: 2009 жылы** «Туған елім, менің» өлеңдер жинағына бірнеше еңбегі кірді. «Менің Қазақстаным, менің жерім!» атты мемлекеттік талантты жастар шығармасының конкурсанты.



**Жусупова Анар Хабдулхамитқызы** 23.07.1987 жылы туды. 2004 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2010 жылы Семей мемлекеттік медицина университетін тәмамдады. 2011 жылдан Павлодар облыстық онкология диспансерінде дәрігер.



**Назымова (Хасенова) Айгүл Болатқызы** 18.11.1985 жылы туды. 2004 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2009 жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтын биология мамандығы бойынша тәмамдады. 2006 жылы Панфилов жалпы орта білім беру мектебінде биология пәнінің мұғалімі. 2007 жылдан №4 Ертіс жалпы

орта білім беру мектебінде салауаттану пәнінің мұғалімі. 2010 жылдан өзін-өзі тану және биология пәнінің мұғалімі.

**Марапаттары:** Білім бөлімінің Құрмет Грамотасы.



**Айкенова Жанар Есенқызы** 14.11.1987 жылы туды. 2005 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2009 жылы С. Торайғыров атындағы ПМУ-ды өндіріс мекемелерін электрмен қамтамасыз ету мамандығы бойынша тәмамдады. 2009 жылы ЖШС «Призма» мекемесінде офис-менеджер. 2010 жылы Астана қаласында ЖШС «ЭнергоСтрой-ТехКом» мекемесінде инженер. 2012 жылы АҚ «Әскери құрылыс» мекемесінде келісім шарт бөлімінің басшысы.

**Марапаттары: 2005 жылы** ауданда бірінші болып облыстық ғылыми жобалар сайысына қатысып, «М. Жаманбалинов – қоғам қайраткері» мақаласы «Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференция материалдары жинағына енді.



**Камзин Эльдар Амангелдіұлы** 08.09.1987 жылы туды. 2005 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2008 жылы Астана қаласындағы политехникалық колледжді жол қозғалысын ұйымдастыру мамандығы бойынша тәмамдады. 2011 жылы Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру мамандығы бойынша бітірді. 2008 жылы әскер қатарына шақырылды. Қазіргі кезде ҚР Қорғаныс министрлігінің қызметкері.



**Сарсенбаев Медет Маратұлы** 06.05.1988 жылы туды. 2005 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 2009 жылы С.Торайғыров атындағы мемлекеттік университетін экология мамандығы бойынша тәмамдады. 2014 жылы Алматы, Экономика және статистика Академиясын қаржы мамандығы бойынша бітірді. 2009 жылы, халықты қамтамасыз ету орталығында маман. 2009-2010 жылдары Астана қаласындағы №68665 Президенттік гвардиясында әскери борышын атқарды. 2010-2014 жылдары «Тайм Инвест» ЖШС мекемесінде менеджер. 2015 жылдан Успен ауданында «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау» басқармасының маманы.



**Мамбетова Камила Амангелдіқызы** 02.06.1988 жылы туды. 2003 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінің негізгі курсын бітірді. 2007 жылы Б.Ахметов атындағы колледжінде информатика мұғалімі мамандығын алды. 2010 жылы ПМПИ-ді информатика пәні мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 2007 жылы Қызылжар мектебінде мұғалім. 2008 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде мұғалім, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. 2012-2013 жылдары №2 балабақшада информатика пәні мұғалімі. Қазіргі кезде Павлодар қаласындағы ПФ ЖШС «KSP Steel» кәсіби оқыту бөлімінің оқытуды ұйымдастыру бойынша жетекші маманы.

**2013 жылы** 4-6 жасар балабақша балаларына арналған «Қызықты информатика» оқу бағдарламасының авторы.



**Шоколаева Назиба Жасқайратқызы** 23.03.1988 жылы туды. 2003 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінің негізгі курсын бітірді. 2007 жылы Б. Ахметов атындағы колледжін, 2010 жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтын математика және информатика мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 2007-2008 жылдары Сілеті орта мектебінде мұғалім. 2008 жылдан №4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде мұғалім.

**Марапаттары:** 2012 жылы Кембридж бағдарламасымен оқыту курсын аяқтады. Аудандық, облыстық деңгейде Құрмет Грамоталарымен марапатталды.



**Идрисов Жәнібек Аманғалиұлы** 09.09.1989 жылы туды. 2006 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2010 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік Университетін музыкалық білім мамандығы бойынша тәмамдады. 2010 жылдан №4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде көркем жетекші. II санатты маман.

**Марапаттары: 2011 жылы** Қазақстан Республикасының 20 жылдығына орай білім беру саласының көркем өнер ұйымының смотрында «ән айту» номинациясында 1 орын. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған аудандық «Сарбаз конверті» атты әскери–патриоттық әндер сайысында 1 орын – Аудандық Мәдениет үйінің мадақтамасы. **2013 жылы** Ішкі саясат бөлімінің мадақтамасы. **2012 жылы** Жастар арасындағы қазақ эстрада әндерінің “Жастар

жүрегі” атты аудандық сайысында І орын. **2012 жылы** аудандық маслихаттың Құрмет Грамотасы. **2014 жылы** «Жас толқын» атты вокалдық жастар арасындағы облыстық сайыста 2 орын.



**Қарлығаш Хашымқызы** 05.11.1987 жылы туды. 2006 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2010 жылы С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың журналистика факультетін тәмамдады. Жоғарғы оқу орнында оқи жүріп, университеттің газетінде, қалалық «SMS+» жастар газетінде бас редактордың орынбасары, облыстық «Қазақстан-Павлодар» телеарнасында өзінің «Армандастар» жастар бағдарламасын жүргізді. 2008, 2010 жылы шілде айына дейін Ертіс аудандық «Ертіс нұры» газетінде, 2010 жылы шілдеден қарашаға дейін Ақтоғай аудандық «Ауыл тыныс» газеттерінде тілші болып, кейіннен С. Торайғыров атындағы ПМУ-дың Баспасөз орталығында «Білік» газетінің бас редакторы болып 2011-2012 жылы қызмет етті. Сол жылы Астана қаласына ауысып, «Хабар» телеарнасында «Біз» ток-шоуында қонақтар жөніндегі редактор, «Аймақтар аламаны» шоуында музыкалық редактор, «Ұлт саулығы» бағдарламасында шеф-редактор болып 2013 жылдың қыркүйегіне дейін қызмет етті. 2013 жылдың қазан айынан бастап облыстық «Регион.kz» жастар газетінде тілші болса, 2015 жылдың қаңтарынан бастап облыстық «Сарыарқа самалы» газетінде қызмет етуде.

**Марапаттары:** 9-11 сыныпта оқып жүріп аудандық «Абай оқуларында» 3 мәрте жеңіске жетіп, облыста аудан намысын қорғады. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен олимпиадаларға қатысып, өз білімін де таныта білді. Волейбол,

баскетболдан мектепшілік командада ойнап, спорттан да жетістіктерге жете білді. Аудандық «Ертіс нұры», облыстық «Сарыарқа самалы» газеттерінде материалдары мен өлеңдері жиі жарияланып тұрды. Бүгінгі күнге дейін өлеңдері бірнеше жинақтарға енген. Облыстық, халықаралық жыр-мүшәйраларының лауреаттары, дипломанттары болды.



**Балтабаев Талғат Жұманұлы** 30.10.1989 жылы туды. 2007 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2014 жылы Семей мемлекеттік медицина университетін терапевт мамандығы бойынша тәмамдады. 2014 жылдан Абай селолық округінің дәрігерлік амбулаториясында аға дәрігер.



**Сарсенбаев Мират Маратұлы** 27.10.1989 жылы туды. 2007 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2011 жылы Алматы энергетика және байланыс университетін тәмамдады. 2008-2011 жылдары Москва энергетикалық институтын экономика және халықаралық қатынас мамандығы бойынша бітірді. 2012 жылы Алматы энергетика және байланыс университетінің магистратурасын тәмамдады. 2012-2013 жылдары Алматы телекоммуникациясында инженер. 2013 жылдан Қытай «Хуавей-Алматы» компаниясында мобильдік байланысқа жаңа технологияларды енгізу бойынша сервис инженері.



**Аяпбергенова Меруерт Қайраққызы** 1990 жылы туды. 2008 жылы №2 жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2012 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 2015 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің магистратурасын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірді. Павлодар қаласындағы № 39 инновациялық үлгідегі гимназиялық сыныптары бар жалпы орта білім беру мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.



**Шакимов Жалғасбек Мұратұлы** 30.03.1990 жылы туды. 2008 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2011 жылы Ақсу қаласындағы Жаяу Мұса колледжін дене шынықтыру мамандығы бойынша, 2013 жылы ПМПИ–ді алғашқы әскери дайындық мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 2013 жылдан Ертіс спорт мектебінде жаттықтырушы.

***Жетістіктері:* 2014 жылы** шәкірттері спорттан республикалық жасөспірімдер фестивалінде II орынды иеленді.



**Жусупбаев Саят Бейбітұлы** 01.09.1991 жылы туды. 2009 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2009 жылы 11 сыныпта облыстық

ғылыми жобалар сайысында Инновациялық Еуразиялық университеті ректорының оқу грантын жеңіп алды. 2014 жылы Инновациялық Еуразия университетін мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығы бойынша тәмамдады. 2014 жылдан облыстық «Жастар даму орталығының» ақпараттық-кеңес бөлімінің әлеуметтік сұрақтар бойынша басшысы.



**Шакимов Азамат Мұратұлы** 05.09.1991 жылы туды. 2007 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінің негізгі курсын бітірді. 2010 жылы Ертіс колледжін фермер-орендатор мамандығы бойынша тәмамдады. 2010 жылдан жеке кәсіпкер.



**Шакимова Асель Мұратқызы** 05.09.1991 жылы туды. 2007 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінің негізгі курсын бітірді. 2010 жылы Б. Ахметов атындағы колледжі, 2013 жылы ПМПИ–ді ағылшын тілі мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 2013 жылдан Павлодар қаласындағы балабақшада ағылшын тілі пәні мұғалімі.



**Қабыкен Мағжан Нұрболатұлы** 18.11.1993 жылы туды. 2011 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2015 жылы С. Торайғыров атындағы ПМУ–ды технологиялық машиналар және жабдықтар мамандығы бойын-

ша «Үздік» дипломмен тәмамдады. 2015 жылдан Павлодар алюминий зауытында инженер.

**Марапаттары: 2009 жылы** облыстық ғылыми жобалар сайысында «Павлодар өңірі үшін ең маңызды жоба» номинациясының иегері. **2011 жылы** аудандық пәндер олимпиадасында физика пәнінен III орын. **2012 жылы** жоғарғы оқу орындары арасындағы олимпиадада теориялық механика пәнінен II орын. **2014 жылы** Алматы қаласындағы Enactus ұлттық сайысының жүлделі III орын иегері.



**Зейнешев Елнұр Хамзаұлы** 16.02.1994 жылы туды. 2011 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2015 жылы С. Торайғыров атындағы ПМУ–ды стандарттау, сертификаттау және метрология мамандығы бойынша тәмамдады.



**Сыздық Даниял Жақсыбайұлы** 13.04.1994 жылы туды. 2011 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2015 жылы С. Торайғыров атындағы ПМУ–ды металлургия мамандығы бойынша тәмамдады.



**Ауталипова Анар Дауренқызы** 28.07.1993 жылы туды. 2011 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2015 жылы С. Торайғыров атындағы ПМУ–ды педагогика және психология мамандығы бойынша тәмамдады.



**Жумуков Асылмұрат** 13.06.1993 жылы туды. 2011 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2011 жылдан Семей мемлекеттік медицина университетінің студенті.



**Ильжанова Асель Асқарқызы** 21.09.1993 жылы туды. 2011 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2011 жылы Б. Ахметов атындағы Павлодар педагогикалық колледжін қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 2014 жылы Инновациялық Еуразиялық университетіне оқуға түсіп, филология факультетінде сырттай оқиды. Қазіргі кезде Ағашорын жалпы орта білім беру мектебінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі.

**Марапаттары:** Ауылдың белсенді өміріне қатысқаны үшін Ағашорын ауылының әкімінен Алғыс хат. **2015 жылы** Н.А Оразахынованың «Сатылай кешенді оқыту» техноло-

гиясы бойынша 1-үйренушілік деңгейін меңгеріп, аяқтағаны үшін сертификат алды.



**Исемберлинова Альмира Асентайқызы** 01.11.1994 жылы туды. 2012 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітіріп, Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіндегі география және табиғатты пайдалану факультетінің туризм мамандығына түсті. Қазіргі кезде 4 курс студенті.

**Марапаттары: 2007 жылы** I аудандық Мәшһүр Жүсіп оқуларында III орын. **2007, 2008 жылдары** аудандық М. Мақатаев оқуларында II орын. **2008, 2009 жылы** – аудандық тест рейтингілік «Жалын» олимпиадасынан I орын. **2009 жылы** аудандық М.Ж. Көпеев оқуларында I орын. **2010 жылы** оқушылардың облыстық сырттай оқу мектебінің шағын олимпиадасында география пәнінен II орын. **2011 жылы** I аудандық Иса оқуларының III орын иегері.



**Қабыкен Данара Нұрболатқызы** 11.07.1996 жылы туды. 2013 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2013 жылы ПМПИ–ге түсті, қазіргі кезде 3 курс студенті.

**Марапаттары: 2011 жылы** аудандық пәндер олимпиадасында информатика пәнінен II орын. **2011 жылы** «Ертіс дарыны» облыстық сырттай оқу мектебінің шағын олимпиадасында география пәнінен III орын. **2013 жылы** ПМПИ өткізген облыстық 11 сыныптар арасын-

дағы пәндер олимпиадасының математика пәнінен жеңімпазы, институт ректоры тағайындаған грант иегері. ПМПИ өткізген «Үздік студент - 2015» байқауының «Оқу озаты» номинациясы. Қазақстан Республикасының Президенті атындағы стипендияның иегері.



**Ибрагимова Мадина Қалауиденқызы** 11.07.1995 жылы туды. 2013 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2013 жылы Астана қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ–не түсті, қазіргі кезде 3 курс студенті.

**Марапаттары: 2010, 2011 жылдары** Халықаралық Қ. Сәтпаев оқуларында ІІІ орын. **2010 жылы** «Ертіс дарыны» облыстық сырттай оқу мектебінің шағын олимпиадасында география пәнінен ІІІ дәрежелі диплом. **2011 жылы** «Ертіс дарыны» облыстық сырттай оқу мектебінің шағын олимпиадасында география пәнінен І дәрежелі диплом. **2013 жылы** жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық, республикалық ғылыми жобалар сайысында ІІІ дәрежелі диплом. Байқоңыр қаласында өткен VIII Халықаралық ғылыми жобалар сайысында сертификатпен марапатталды, Кипр Республикасында өткен Халықаралық ғылыми жобалар сайысының қатысушысы. Жоғары оқу орнының грант иегері.



**Темирханова Асель Даулетханқызы** 15.05.1996 жылы туды. 2013 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 2013 жылы ПМПИ–ге түсті, қазіргі кезде 3 курс студенті.

**Марапаттары: 2010 жылы** тоғызқұмалақтан Ы. Алтынсаринды еске алу турнирінде 14 жасқа дейінгі қыздар арасында 1 орын. **2012 жылы** ҚР чемпионаты (18 жасқа дейін) 1 орын, оқушылар және колледж студенттері арасында болған спартакиадада 1 орын. **2013 жылы** ҚР чемпионаты (18 жасқа дейін) 3 орын, II – Ашық Азия чемпионатында 2 орын, Ресейде өткен Халықаралық турнирде (18 жасқа дейін) 2 орын, РК Федерация кубогы (17 жасқа дейін) 3 орын. **2014 жылы** ҚР әйелдер арасындағы командалық кубок 3 орын. Спорт шеберлігіне кандидат.

# Ұстаздар



*Қалдырған ізің мәңгілік*



**Бокаев Сұңғат Абдрахманұлы** 1918 жылы туды. 1934 жылы Павлодардағы педагогикалық техникумын бітірді. 1938 жылы ҚазМ-дың физика-математика факультетінде сырттай оқыды. 1934 жылдан Ертіс ауданы Бауырмалдық толық емес орта мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры. 1937 жылдан Ертіс аудандық білім беру бөлімінің инспекторы және Ертіс толық емес орта мектебінде математика, физика пәндерінің мұғалімі. 1939 жылы Песчан толық емес орта мектебінің директоры, кейін Октябрь толық емес орта мектебінің директоры. 1941 жылы Қызыл Қоғам ауылына қызметке ауысады. 1941 жылы әскер қатарына шақырылды.



**Сатыбалдина Мунира Садуақасқызы** 1918 жылы туды. 1935 жылы Семейдің Абай атындағы педагогикалық техникумын, 1955 жылы Семейдің педагогикалық институтын бітірді. 1935 жылы Қызыл Қоғам ауылындағы Қызыл-Әскер мектебінде мұғалім. 1937-1939 жылдары Ертіс қазақ орта мектебінде тарих, география пәндерінің мұғалімі. 1940 жылдан Лебяжі ауданының мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, мектеп директоры. 1957-1962 жылдары Лебяжі аудандық партия комитетінің хатшысы. 1962-1973 жылдары Павлодар қаласындағы №3 мектеп-интернатында оқу ісінің меңгерушісі.

**Марапаттары: 1945 жылы** әйелдер арасынан тұңғыш рет Павлодар облысы бойынша «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталды. Бірнеше медальдардың иегері.



**Ауғанбаев Аманбол Байболұлы** 1911 жылы туды. Баянауылда мектепті бітірді. Семей қаласында мұғалімдерге арналған курсты тәмамдаған соң Май ауданының Белогоры ауылында тарих пәнінен сабақ берді. Ертіс аудандық партия комитетінде қызмет атқарды. 1946 жылдан Ертіс қазақ орта мектебінің директоры. Содан кейін Суворов ауылының Чкалов бөлімшесінде төраға болып жұмыс істеді.



**Алдабергенова Шайза Алдабергенқызы** 1928 жылы туды. 1946 жылы Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1949 жылы Павлодар педагогикалық училищесін бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 1947 жылы Ертіс қазақ орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі. 1948 жылдан 10 жылдық, Панфилов, Суворов, Кубан мектептерінде мұғалім. 1959 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебінің қасындағы интернатта тәрбиеші. 1974-1983 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі.

**Марапаттары: 1978 жылы** аудандық білім бөлімінің Құрмет Грамотасы. **1983 жылы** облыстық білім бөлімінің Құрмет Грамотасы.



**Абдуллина Халида Зәкірқызы** 1920 жылы туды. Павлодар педагогикалық училищесін қазақ тілі және әдебиет мамандығы бойынша бітірді. 1944-1949 жылдары Майқайың кентіндегі мектепте мұғалім. 1949-1954 жылдары Қашыр ауданындағы мектепте мұғалім. 1954-1959 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінде қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі. 1959-1969 жылдары Екібастұз қаласы мектептерінде мұғалім.



**Орынбаева Сара** 10.02.1925 жылы туды. 1941 жылы Талапкер орта мектебінде 9 сыныпты бітірді. Еңбекші ауылындағы жетіжылдық мектептің бастауыш сыныптарында мұғалімдік қызмет атқарды. 1954 жылдан Ертіс қазақ орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі.

**Марапаттары: 1946, 1970 жылдары** «Ерен еңбегі үшін» медалі. **1946 жылы** «Германияны жеңгені үшін» медалі. **1964 жылы** «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісі. **1975 жылы** «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 30 жылдығы» медалі. **1980 жылы** «Еңбек ардагері» медалі. **1985 жылы** «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығы» медалі. **2000 жылы** Жеңістің 55 жылдығына орай «Соғыс ардагері» белгісі. **2005 жылы** «Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы» медалі.



**Махамбетова Жібек Қабжанқызы** 15.12.1932 жылы туды. 1951 жылы Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1955 жылы Алматы педагогикалық институтын тарих мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 1955-1982 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі.

**Марапаттары:** Аудандық, облыстық Білім бөлімдерінің Құрмет Грамоталары, Қазақ КСРО Білім министрлігінің Грамотасы.



**Бейсенбаев Зәйкен Бейсенбайұлы** 15.09.1932 жылы туды. 1949 жылы Ертіс қазақ орта мектебінде 9 сыныпты бітіріп, Павлодар педагогикалық училищесінде мұғалімдік білім алды. 1956 жылы Семей педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетін сырттай тәмамдады. 1950-1955 жылдары Суворов, Панфилов, Партсъезд мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. 1955 жылдан №2 Ертіс қазақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі, аудандық сырттай оқытатын мектептің оқу ісінің меңгерушісі.

**Марапаттары:** 1966 жылы Ертіс қазақ орта мектебінің 25 жылдық мерейтойына орай Грамотамен, 1975 жылы 25 жылдық ұстаздық еңбегі үшін мектеп ұжымы атынан Құрмет Грамотамен марапатталды.



**Жиенбеков Шыңғыс** 1959-1963 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінің директоры. 1972-1989 жылдары Екібастұз ауданының білім бөлімінің меңгерушісі.



**Қайырсқақова Тұрсын Қалиақбарқызы** 1961 жылы Қазақ қыздар педагогикалық институтын «Үздік» дипломмен бітірді. 1961-1965 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінде химия, биология пәндерінің мұғалімі. 1965 жылдан Қарағанды облысы. Шахтинск қаласының мектептерінде мұғалім.

**Марапаттары:** «Еңбек ардагері» медалі, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалі. Қалалық, облыстық білім басқармаларының Құрмет Грамоталары.



**Мұсабаев Жармағамбет Мұсабайұлы** 10.05.1924 жылы туды. 1940 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Уалихан ауданы, Амангелді сегізжылдық мектебін бітірді. 1947 жылы Көкшетау педагогикалық училищесін тәмамдады. 1952 жылы Қарағанды педагогикалық интитутын физика және математика мамандығы бойынша бітірді. 1941-1945 жылдары Өске-

менде шахтада жұмыс істеді. 1945 жылы Көкшетау облысы Қызыл Ту балалар үйінде еңбек нұсқаушысы. 1952 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Еңбекші ауылында бастауыш мектеп меңгерушісі. 1953–1962 жылдары Үлгілі сегізжылдық мектебінде мұғалім. 1962 жылы Октябрь жетіжылдық мектебінде мұғалім. 1963 жылдан №2 Ертіс қазақ орта мектебінде математика, физика пәндерінің мұғалімі.

**Марапаттары:** «Еңбек ардагері» медалі. ҚазССР Оқу–ағарту ісінің үздігі. Облыстық және аудандық білім бөлімдерінің Грамоталары.



**Бейсекенова Гүлжан Шұғайыпқызы** 1935 жылы туды. 1953 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1958 жылы Семей қаласындағы Н.К. Крупская атындағы педагогикалық институттың биология-химия факультетін тәмамдады. 1954-1962 жылдары Ақсу, Лебяжі аудандарында ұстаздық етті. 1963–1990 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінде химия пәні мұғалімі.

**Марапаттары:** Аудандық, облыстық деңгейдегі Құрмет Грамоталары; 1970 жылы Қаз ССР Білім министрлігінің Д. Менделеев сыйлығының иегері атанып, Құрмет Грамотасымен марапатталды.



**Сулейменова Елемес Мұқатқызы** 1963 жылдан №2 Ертіс қазақ орта мектебінде математика, физика, астрономия пәндерінің мұғалімі. 1969 жылы мектеп директорынын оқу ісі жөніндегі орынбасары. 1973-1975 жылдары №2 Ертіс қазақ

орта мектебінің директоры. 1975 жылдан мектеп директорының тәрбие ісі бойынша орынбасары. Көп жылдар Май ауданы мектептерінде директор қызметін атқарды, зейнеткер.



**Салихзянова Магафируз Салихқызы** 15.08.1938 жылы туды. 1954 жылы Ақсу ауданындағы 18 Партсъезд колхозында жетіжылдық мектепті үздік бітіріп, ауылда есепші болып жұмыс атқарды. 1956-1960 жылдары Павлодар мұғалімдер даярлайтын училищесінде оқыды. 1960–1961 оқу жылында Лебяжі ауданында мұғалім болып еңбек етті. 1961–1964 жылдары Актоғай ауданында қызметін жалғастырды. 1964-1994 жылдары Ертіс ауданындағы №2 қазақ орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі.

**Марапаттары:** 1964 жылы Қарағанды қаласында өткен ҚР мұғалімдер съезінің делегаты болды. ҚР Оқу–ағарту ісінің үздігі, жоғары санаттағы халыққа еңбегі сіңген ақын–ұстаз.



**Рахметова Дәметкен Қырықбайқызы**

*Қазақ ССР–інің еңбек сіңірген мұғалімі – 1987 жыл*

03.02.1942 жылы туды. 1961 жылы орта мектепті бітірді. 1965 жылы Семей қаласындағы Крупская атындағы педагогикалық институтын орыс тілі және әдебиет мамандығы бойынша тәмамдады. 1965 жылдан зейнеткерлікке дейін №2 Ертіс қазақ орта мектебінде ұстаздық қызмет атқарды, жоғары санатты маман. 1987 жылы IV Республикалық мұғалімдер съезінің делегаты болды.

**Марапаттары**: Облыстық атақты адамдар Құрмет тақтасына жазылды. **2005 жылы** из «Золотого фонда Павлодарского Прииртышья» кітапшасына енді. Бірнеше мәрте аудандық, облыстық білім бөлімдерінің Құрмет Грамоталарымен марапатталды.



**Көбешова Бахыт Тұрысбекқызы** 01.06.1947 жылы туды. 1963 жылы Талдықорған облысы, №52 Лепсі қазақ орта мектебін бітірді. 1978 жылы Семейдің Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиет факультетін бітірді. 1967 жылдан №2 Ертіс қазақ орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі және қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, оқу-тәрбие ісі жөнінен директордың орынбасары. 1996 жылдан Павлодар қаласының «Дарынды ер балаларға арналған облыстық қазақ-түрік лицей-интернаты» мемлекеттік мекемесінде оқу-тәрбие ісі жөнінен директордың орынбасары.

**Марапаттары: 1995 жылы** «ҚР білім беру ісінің үздігі» төс белгісі; **2009 жылы** «Дарын» орталығының Құрмет Грамотасы; **2010 жылы** Павлодар облысы білім басқармасының Құрмет Грамотасы; **2011 жылы** Павлодар облысы әкімінің Құрмет Грамотасы; **2012 жылы** ҚР БжҒМ Құрмет Грамотасы.



**Құсайынбекқызы Орынжан** 1947 жылы туды. 1963 жылы Панфилов жетіжылдық мектебін бітірді. 1967 жылы Павлодар педагогикалық училищесін тәмамдады. 1974 жылы Павлодар педагогикалық институтын сырттай биология мамандығы бойынша бітірді. 1967-1968 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінде химия-биология пәндерінің мұғалімі. 1968-1980 жылдары Панфилов кеңшарында химия-биология пәндерінің мұғалімі, тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасары. 1980 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебінде биология пәнінің мұғалімі.1986-1990 жылдары Железинка ауданындағы орта мектепте қазақ тілі пәнінің мұғалімі. 1990-2007 жылдары Ақтоғай ауданының №1 орта мектебінде биология пәнінің мұғалімі.

**Марапаттары: 1995 жылы** «Білім озаты» белгісі. **1994 жылы** Ақтоғай ауданында «Жыл мұғалімі». Аудандық, облыстық, республикалық Мақтау қағаздарымен марапатталды.



**Шарипова Гүлжамал Сәбиқызы** 01.02.1950 жылы туды. Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетін математика мамандығы бойынша бітірді. **1970** жылдан №2 Ертіс қазақ орта мектебінде ұстаздық етіп келеді. **1974–1985 жылдары о**қу ісінің меңгерушісі. Жоғары санатты маман.

**Марапаттары: 1988 жылы** – «Жыл мұғалімі» сайысының жеңімпазы; **1993 жылы** – «ҚР Білім Беру ісінің үздігі»

белгісі; **1998 жылы** Облыстық білім департаментінің Мақтау қағазы; **2001 жылы** ОМБАИ өткізген «Информатика пәнін қолданбалы программалармен қамтамасыз ету» облыстық байқау сайысында 2 орын; **2006 жылы** – Облыс әкімінің Алғыс хаты; **2007 жылы** ҚР ғалымдары мен педагогтарының «Қазақ Білім Академиясы» қоғамдық бірлестігі төралқасы шешімімен «Жаңашыл – педагог» атағы; **2008 жылы** ОМБАИ өткізген «Информатика пәнін қолданбалы программалармен қамтамасыз ету» облыстық байқау сайысында 7–сыныпқа арналған электрондық оқулық жасап, «Әдіскер-педагог» номинациясын иеленді; **2008 жылы** ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Алғыс хаты; **2010 жылы** Облыстық «Ең үздік ACTIVSTUDIO» презентациясы» байқау – сайысында 2-орын; **2011 жылы** Облыстық Маслихаттың Грамотасы; **2011 жылы** ҚР Білім және ғылым министрінің Мақтау Грамотасымен марапатталды; **2013 жылы** «Павлодар облысына 75 жыл» юбилейлік медалі. Облыстық білім департаменті дайындап, басып шығарған «Сердце отданное детям» атты облыстың білім беру саласындағы озық ұстаздар туралы кітапқа есімі енгізілді; 2-6 сыныптарға арналған «Ақпарат негіздері» пәні бағдарламасының авторы.

**Оқушыларының жетістіктері: 2004 жылы** Сәрсенбаев Медет – «Әйгілі аудан – Ертісім» атты электрондық нұсқасы үшін ауданаралық ғылыми жобалар сайысының жеңімпазы атанды. **2004 жылы** Жұмажанов Асқар – облыстық ғылыми жобалар сайысында «Электрондық Сайлау» программалық пакеті үшін "Жас ғалым" номинациясының иегері атанды. 2006 жыл Сарсенбаев Мират – Халықаралық VI–шы Сәтбаев ғылыми оқуларында «Компьютер және оқушы денсаулығы» атты ғылыми жобасы үшін 2–ші орын алды. **2007 жылы** Зейнешев Елнұр мен Жұмұқов Асылмұрат «Ғалам – ортақ

үйіміз» сайты ауылдық мектептер ішіндегі “Ең үздік ғылыми жоба” номинациясына ие болды. **2009 жылы** Қабыкен Мағжанның «Виртуальды мектеп мұражайы» жобасы «Павлодар өңірі үшін ең маңызды жоба» номинациясымен марапатталды. **2010 жылы** Камалова Мөлдір мен Сарсенбаева Айдананың «Ғаламторда тұлғаның әлеуметтік–психологиялық виртуалды бейнесі» атты ғылыми жобасы үшін Халықаралық Х–шы Сәтпаев ғылыми оқуларында Мақтау Грамотасымен марапатталды. **2011 жылы** Қабыкен Данара аудандық пән олимпиадасының информатика пәнінен жеңімпазы.



**Ауталипов Нұрболат Қабыкенұлы** 26.12.1950 жылы туды. 1967 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1967–1971 жылдары Ертіс механикаландырылған жөндеу зауытында токарь. 1971–1975 жылдары Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық институтын математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 1975-1980 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі. 1980–1988 жылдары Ертіс аудандық білім бөлімінде инспектор. 1988–1992 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінде директор. 1989-1994 жылдары Ертіс қалалық советінің депутаты. 1992–1995 жылдары аудан әкімшілігінде «Тілдер» бөлімінің меңгерушісі. 1995–2001 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі. 2002–2003 жылдары Ертіс ауданының білім бөлімінің басшысы. 2003-2013 жылдары №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінің директоры.

**Марапаттары: 1984 жылы** Қазақ ССР-нің Білім министрлігінің Грамотасы. **1987 жылы** СССР Білім ми-

нистрлігінің Құрмет Грамотасы. **2006 жылы** Білім және ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасы. **2010 жылы** Ертіс аудандық маслихатының Құрмет Грамотасы. **2011 жылы** «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалі. **2013 жылы** «Павлодар облысына 75 жыл» мерекелік медалі. **2006, 2011, 2013 жылдары** аудан әкімінің Құрмет Грамоталарымен марапатталды.

**2003 жылы** бастауыш сыныптың оқу жүйесіне Мүбәрактану, информатика және ағылшын тілі пәндерін, 5–9 сыныптарда қазақ тілі, информатика, география пәндерін тереңдетіп оқытуды, 6 сыныпта физика, 7 сыныпта химия пәндерін алдын–ала оқытуды енгізді. **2011 жылы** бастауыш және орта буындарда лицей сыныптарын ашты.



**Қоқымбаева Бағлан Жиеншеқызы**

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының (ПМПИ-ның) профессоры, өнертану ғылымының кандидаты, философия ғылымдарының докторы, доцент.*

1973 жылы Чайковский атындағы Павлодар саз училищесінің музыка теориясы бөлімін бітірді. 1979 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік Консерваториясының тарихи-теориялық факультетін тәмадады. 1980-1989 жылдары өнертану мамандығы бойынша Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік Консерваториясының аспиранты. 1978-1986 жылдары Ертіс балалар музыка мектебінің оқытушысы және оқу ісінің меңгерушісі, №2 Ертіс қазақ орта мектебінде музыка пәні мұғалімі. 1986 жылдан ПМПИ-дың оқытушысы, аға оқытушысы, музыка-эстетика тәрбие жөніндегі кафедрасының меңгерушісі, доцент, философия, экономика және

құқық кафедрасының профессоры, музыкалық білім беру теориясы мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, музыкалық білім беру теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессоры. Ғылыми еңбектердің жалпы саны – 80-нен аса, орыс, қазақ (серіктес авторлықта), неміс, ағылшын (серіктес авторлықта) тілдерінде.

**Марапаттары:** 1989 жылы музыка өнері мамандығы бойынша кандидаттық диссертацияны қорғады, ғылыми дәрежесі: өнертану ғылымының кандидаты. 2001 жылы доцент ғылыми атағы берілді. 2006 жылы дінтану, философиялық антропология, мәдениет философиясы мамандығы бойынша докторлық диссертацияны қорғады, ғылыми дәрежесі: философия ғылымдарының докторы.



**Апенов Нариман Әміржанұлы** 20.08.1958 жылы туды. 1975 жылы №3 Ертіс орта мектебін бітірді. 1980 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебінде дене шынықтыру пәні мұғалімі. 1981 жылы мектеп жанындағы интернат меңгерушісі. 1985 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі. 1992 жылдан спорт мектебінде оқу-ісінің меңгерушісі, №2 Ертіс қазақ орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі. Шәкірттері спорттың әр түрінен облыс, республика жарыстарының жүлдегерлері.



**Умарова Ботагөз Құланқызы** 06.05.1951 жылы туды. 1968 жылы М.Горький атындағы орта мектепті бітірді. 1969 жылы Ертіс педкласын тәмамдады. 1969–1978 жылдары Чапаев мектебінде бастауыш сынып мұғалімі, математика және физика пәні мұғалімі. 1978 жылы Ертіс сырттай оқыту мектебінде әдіскер. 1980–2005 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінде физика және математика пәндерінің мұғалімі, ұзартылған топ тәрбиешісі, кітапханашы, интернатта тәрбиеші.



**Жапенова Қымбат Махметқызы** 25.05.1957 жылы туды. 1981 жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының физика–математика факультетін тәмамдады. 1981–2007 жылдары №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде бастауыш сынып мұғалімі. Жоғары санатты маман. 2007 жылдан Павлодар қаласының №25 мектепбінде бастауыш сынып мұғалімі.

**Марапаттары:** Павлодар облысының білім департаментінің Алғыс хаты. Ертіс Аудан әкімінің Құрмет Грамотасы. Павлодар қалалық білім беру қызметкерлерінің Кәсіподақ ұйымының мадақтамасы.

**Әдістемелік құралдары:**

1–4 сыныптарға арналған Мүбәрактану кешенінің авторы

Қазақ тілі пәнінен 4–сыныптарға арналған деңгейлік тапсырмалар жинағы.

2-сынып Математикалық логика жинағы.

Қазақ тілі пәнінен бастауыш сыныптарға арналған диктанттар жинағы.

«Қызықты математика» 1 гимназия сыныптарына арналған курс бағдарламалары.



**Сарсембаева Мүгүлсім Төлеубайқызы** 03.01.1962 жылы туды. 1977 жылы Октябрь сегізжылдық мектебін бітірді. 1981 жылы Павлодар педагогикалық училищесінде бастауыш сынып мұғалімі мамандығын алды. 2007 жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтын педагогика–психология мамандығы бойынша тәмамдады. 1981 жылдан №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде бастауыш сынып мұғалімі. 2004 жылдан №4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде бастауыш сынып мұғалімі. 2008 жылдан Павлодар қаласының Дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернатының бастауыш сынып мұғалімі. 2013 жылдан №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде бастауыш сынып мұғалімі. Жоғары санатты маман.



**Шапиева Райса Ергедікқызы** 09.05.1961 жылы туды. 1983 жылы Өскемен педагогикалық институтын математика мамандығы бойынша бітірді. 1984-1986 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінде математика пәні мұғалімі, тәрбие ісі бойынша мектеп директорының орынбасары.



**Қуанышев Қанат Оразбайұлы** 26.10.1952 жылы туды. 1974 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтын математика пәні мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 1974 жылдан №1 Ертіс орта мектебінде мұғалім. 1979 жылдан Ертіс ауданының білім бөлімінде инспектор. 1985-1988 жылдары №2 Ертіс қазақ орта мектебінің директоры. 1988 жылдан аудандық білім бөлімінде бас маман. 2000 жылдан №4 Ертіс орталау мектебінің директоры. 2003 жылдан Павлодар қаласы №1, 10 кәсіптік–техникалық мектептерінде информатика пәнінің мұғалімі, директордың орынбасары.

**Марапаттары: 1994 жылы** ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасы. **1999 жылы** «ҚР Оқу–ағарту ісінің үздігі» белгісі.



**Жұмажанова Жамал Қайдарқызы** 17.07.1954 жылы туды. 1976 жылы Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтын орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 1976 жылдан №4 Ертіс орталау мектебінде мұғалім. 1978 жылдан аудандық оқу бөлімінде әдіскер. 1986 жылдан №2 Ертіс қазақ орта мектебінде мұғалім және тәрбие ісінің орынбасары. 1988 жылдан мектеп директорының оқу–тәрбие ісі бойынша орынбасары. 2004 жылдан мектеп психологы. Жоғары санатты маман.

**Марапаттары: 1996 жылы, 2003 жылы** Білім және ғылым министрлігінің Құрмет Грамотасы. Бірнеше мәрте ау-

дандық, облыстық білім басқармаларының Құрмет Грамоталарымен марапатталды.



**Мамбетова Гүлсім Мадениқызы** 02.01.1961 жылы туды. 1978 жылы Тіленшин орта мектебін бітірді. 1984 жылы Павлодар педагогикалық институтының математика және физика факультетін тәмамдады. 1984 жылдан Ертіс ауданының Суворов совхозының 1-бөлімшесінің орталау мектебінде физика пәнінің мұғалімі. 1986 жылдан №2 Ертіс қазақ орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі. Бірінші санатты маман. Оқушылары физика пәнінен аудандық олимпиадалардың жүлдегерлері.

**Марапаттары: 1991, 2006 жылы** Ертіс аудандық оқу бөлімінің Грамоталары. **2007 жылы** Ертіс аудан әкімінің Құрмет Грамотасы. **2011 жылы** Аудандық кәсіподақ ұйымының Грамотасы.

6 сыныптан физиканы алдын–ала оқыту бағдарламасын жасап, оқу жүйесіне енгізді.

**Оқушыларының жетістіктері: 2011 жылы** Қабыкен Мағжан физика пәнінен аудандық олимпиаданың III орын иегері. Оқушылары физика пәнінен аудандық, облыстық, республикалық КИО олимпиадаларға қатысып жақсы көрсеткіштер көрсетіп жүр. Шаймарданова Айгерім, Идрисова Амина – КИО – **2014 жылы**, Салтанат Нұрсұлтан, Кенжебаева Нұрханым – облыстық жасөспірімдер олимпиадасы – **2013 жылы.**



**Әбілденова Зейнеп Әнуарбекқызы** 15.08.1958 жылы туды. 1981 жылы Алматы мемлекеттік қыздар институтын биология мамандығы бойынша тәмамдады. 1981 жылдан Арқалық қаласында мұғалім. 1983 жылдан Ынтымақ негізгі мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, биология пәні мұғалімі. 1987 жылдан №2 Ертіс қазақ орта мектебінде биология пәнінің мұғалімі. Бірінші санатты маман. Оқушылары аудандық және облыстық олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болды.

**Марапаттары: 2011 жылы** №2 Ертіс ЖОББМ әкімшілігі және кәсіподақ ұйымы қоғамдық жұмыстарда белсенділік танытқаны үшін Мадақтама. **2012 жылы** №2 Ертіс ЖОББМ әкімшілігінің Алғыс хаты. **2013 жылы** Ертіс аудандық мәслихаты көпжылдық еңбегі үшін Алғыс хат.

**2013 жылы** 6 сыныпқа арналған биология пәнін тереңдетіп оқыту бағдарламасын құрастырып, оқу жүйесіне лицей деңгейінде енгізді.

**Оқушыларының жетістіктері: 2010 жылы** Бекеева Динара «Ертіс дарыны» облыстық сырттай мектебінің шағын олимпиадасында II орын. **2010 жылы** Айтжанова Саяжан «Ертіс дарыны» облыстық сырттай мектебінің шағын олимпиадасында III дәрежелі диплом. **2012 жылы** Сульбаева Әсем – «Зерде» эндопаразиттер тақырыбына ғылыми жоба, оқушылардың Республикалық биология пәнінен қашықтық олимпиадасынан сертификат. **2013 жылы** Беспаева Фаризат Ақбота марафонынан I дәрежелі диплом.



**Махметов Әлімбек Қайыргелдіұлы** 04.01.1965 жылы туды. 1982 жылы №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебін бітірді. 1994 жылы Шығыс Қазақстан университетін география пәні мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 1988 жылдан №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде география пәнінің мұғалімі. Жоғары санатты маман. Оқушылары аудандық, облыстық олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болып жүр. 2011 жылы 5 оқушысы облыстық сырттай оқу мектебінің шағын олимпиадасында жүлделі орындарға ие болды.

**Марапаттары: 1990 жылы** аудандық білім бөлімінің Мадақтамасы. **2005 жылы** аудан әкімінің Құрмет Грамотасы. **2010 жылы** Ертіс ауданының білім бөлімінің Алғыс хаты. **2011 жылы** Павлодар облысының білім беру басқармасының Құрмет Грамотасы. **2008–2011 жылдары** №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінің әкімшілігінің Алғыс хаттары. **2013 жылы** «Үздік ұстаз–2013» аудандық сайысының жеңімпазы. Білім бөлімінің Мадақтамасы. **2013 жылы** «Ертіс Дарыны» аймақтық ғылыми–практикалық орталығы – «Дарынды балалармен жүйелі жұмыс істегені үшін» Алғыс хат. **2013 жылы** Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігінің Алғыс хаты.

**Оқушыларының жетістіктері: 2004 жылы** Шоқанова Асель аудандық пән олимпиадасында географиядан I орын. **2008 жылы** Беспаева Дамира – ҚР Кіші Ғылым Академиясының Павлодар облысының 70 жылдығына орай өткізілген XXXIV ғылыми-практикалық конференциясында II дәрежелі диплом. **2006 жылы** Аяпбергенова Меруерт аудандық пән

олимпиадасында III орын, **2007 жылы** III орын, **2008 жылы** II орын. Аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция II орын (Актоғай)**. 2007 жылы** Кусаинова Айнур «Ертіс дарыны» облыстық сырттай оқу мектебінің шағын олимпиадасында география пәнінен II дәрежелі диплом, **2008 жылы** аудандық пән олимпиадасында I орын, III орын, **2008 жылы** «Ертіс дарыны» облыстық сырттай оқу мектебінің шағын олимпиадасында III орын, **2010 жылы** аудандық пән олимпиадасында III орын. **2010 жылы** Исемберлинова Альмира «Жас географ» республикалық форумы шығармашылық байқауы. Грамота (Шучье қаласы), «Ертіс дарыны» облыстық сырттай оқу мектебінің шағын олипиадасында II орын. **2010 жылы** Ибрагимов Әділ, Қожанова Дана – «Х Сәтбаев оқулары» Халықаралық ғылыми конференциясы – III орын. **2010 жылы** Ибрагимова Мадина «Ертіс дарыны» облыстық сырттай оқу мектебінің шағын олимпиадасында III орын, **2011 жылы** I орын, **2010 жылы** «Х Сәтбаев оқулары» Халықаралық ғылыми конференциясы – III орын, **2011 жылы** «ХI Сәтбаев оқулары» Халықаралық ғылыми конференциясында III орын. **2011 жылы** Баянбаев Расул «Ертіс дарыны» облыстық сырттай оқу мектебінің шағын олимпиадасында II орын. **2011, 2012 жылдары** Журкешов Мейрам «Ертіс дарыны» облыстық сырттай оқу мектебінің шағын олимпиадасында III орын. **2011 жылы** Қабыкен Данара «Ертіс дарыны» облыстық сырттай оқу мектебінің шағын олимпиадасында III орын. **2011 жылы** Жагипарова Анар «Ертіс дарыны» облыстық сырттай оқу мектебінің шағын олимпиадасында III орын. 2014 жылы Сағдиева Камила XV Ломоносов атындағы қашықтық турнир – II орын. **2013 жылы** Сағынтаева Ақнұр «Ертіс дарыны» облыстық сырттай оқу мектебінің шағын олимпиадасында II орын. **2013 жылы** Жаманбали-

нов Қанат «Зерде» байқауының облыстық кезеңінде «Ең үздік эксперимент» номинациясы. **2010 жылы** Қайыргелді Әділ «Жас өркен» облыстық сайысында I орын, **2014 жылы** XV Ломоносов атындағы қашықтық турнир – I орын, «Ертіс дарыны» облыстық сырттай оқу мектебінің шағын олимпиадасында III орын. **2014 жылы** XV Ломоносов атындағы қашықтық турнир: Кәрімжанова Ақмарал II орын, Сульбаева Әсем, Апешова Диана, Сульбаева Жанар − I орын, Султанова Даяна, Иманқұлова Айгерім − II орын.



**Тұрсынова Айнагүл Қуанышқызы**

*Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты Магистр.*

16.09.1968 жылы туды. №2 Ертіс қазақ орта мектебінде 1988-2004 жылдары аға тәлімгер, бастауыш сынып мұғалімі. 2004 жылдан Павлодар қаласындағы №25 мектепте бастауыш сынып мұғалімі. Жоғары санатты маман.

**Марапаттары:** Педагогика және психология мамандығы бойынша білім беру магистрі академиялық дәрежесіне ізденуші диссертациясы. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы Шебер–класс қатысушысы. Алматы қаласы «Одессея разума» I орын. XII Сәтбаев оқулары халықаралық ғылыми конференциясының жинағындағы мақалалары:
1. Білім мазмұнын саралаудың педагогикалық амал-тәсілдері.
2. Бастауыш мектепте саралап білім беру нәтижелерін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық аспектісі. **2011 жылы** Павлодар қаласы әкімінің Алғыс хаты. **2013 жылы** Павлодар қаласы әкімінің Құрмет Грамотасы. Оқушыларды ғылыми–шығармашылық жұмыстарға баулиды.



**Қалым Гүлжазира Мұратбекқызы**
25.08.1967 жылы туды. 1984 жылы №18 Шығыс-Коунрад орта мектебін бітірді. 1990 жылы Қарағанды Мемлекеттік Университетінде химия факультетін тәмамдады. 1990 жылдан №2 Ертіс қазақ орта мектебінде химия пәні мұғалімі. 2008-2010 жылдары Ертіс аудандық білім бөлімінің әдіскері. 2010 жылдан №2 Ертіс қазақ орта мектебінде химия пәні мұғалімі, ғылыми-әдістемелік жұмыс бойынша мектеп директорының орынбасары. Жоғары санатты маман.

**Марапаттары: 2010, 2012 жылы** аудандық білім бөлімінің Грамоталары. **2012 жылы** облыстық білім Департаментінің Құрмет Грамотасы. **2010 жылы** «Химия пәнінен 8 және 9 сыныптарға арналған тақырыптық бақылау жұмыстары» авторлық жинақтарын құрастырды. **2013 жылы** 8 сыныпта химия пәнін тереңдетіп оқыту бағдарламасын құрастырды. **2013 жылы** 8 сыныпта химия пәнінің арнайы курс бағдарламасы «Химия және адам денсаулығы» және 11 сыныпта химия пәнінің «Металдар әлемінде» арнайы курсын құрастырды. 7 сыныптан химияны алдын–ала оқыту бағдарламасын жасап, оқу жүйесіне енгізді.

**Оқушыларының жетістіктері: 2011 жылы** аудандық пәндер олимпиадасынан Темирбаева Айнаш – 3 орын. **2012 жылы** Беспаева Адина аудандық пәндік олимпиададан 3 орынға ие болды. **2012 жылы** Беспаева Адина, Қозыбай Қымбат КИО химиядан интернет-олимпиададан «Үздік нәтиже» сертификаттарына ие болды. «Ақбота» республикалық марафонынан оқушылары келесі көрсеткіштерге ие болды: **2011 жылы** Жагипарова Анар III орын, **2012 жылы** Иман-

кулова Айгерім, Айтжанова Саяжан III орын, **2013 жылы** Абиева Асем III орын. **2014 жылы** Ұзақбай Даниал химия пәнінен XV Ломоносов турниріне сырттай қатысып 3 дәрежелі диплом иегері атанды. Кейін Ресейдің Омбыда өткен сайысына қатысып жақсы көрсеткіш көрсетті.



**Мерғалымов Мұхаметжан Әнуарұлы** 14.01.1950 жылы туды. 1968 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1968 жылы ҚазССР 10 жылдығы мектебінде дене шынықтыру пәні мұғалімі. 1969-1970 жылдары әскери борышын атқарды. 1971 жылы Кайманачиха мектебінде оқу ісінің меңгерушісі. Осы жылдары Павлодар педагогикалық институтын математика мамандығы бойынша тәмамдады. 1979 жылы Западный орта мектебінің директоры. 1992 жылдан №2 Ертіс қазақ орта мектебінің директоры. 2003 жылдан №4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінің директоры.

**Марапаттары:** «Әскери ерлігі үшін» медалі, «ҚазССР білім беру ісінің үздігі» төс белгісі, «Жаңашыл-педагог» атағы, Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының, аудан әкімінің, маслихаттың Құрмет Грамоталары.



**Сарсенбаева Бақытжан Әйтімқызы** 1961 жылы туды. Павлодар педагогикалық институтын бітірді. 1992 жылдан №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде математика пәні мұғалімі. 2004-2010 жылдары мектеп директорының оқу–тәрбие жұмыстары бойынша орынбасары. 2010 жылдан Успен ауданы №3

мектебінде директордың оқу–тәрбие жұмыстары бойынша орынбасары. 2011–2013 жылдары Успен ауданының Ішкі саясат бөлімінің басшысы.

**Оқушыларының жетістіктері:** Облыстық ғылыми жобалар сайысында Ахметжанова Альмира «Сиқырлы шаршылардың адам өміріндегі рөлі» тақырыбында жүлделі III орынға ие болды. 2006 жылы аудандық олимпиадада математика пәнінен I орынға ие болды.



**Бейсенбаева Нұржанат Есенқызы** 1965 жылы туды. 1980 жылы Октябрь сегізжылдық мектебін тәмамдады. 1984 жылы Павлодар қаласы В. Воровский атындағы педагогикалық училищесін бастауыш сынып және аға пионервожатый мамандығы бойынша бітірді. 2002 жылы Қайнар университетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқып бітірді. 1984 жылдан Ынтымақ негізгі мектебінде бастауыш сынып мұғалімі. 1988 жылдан №8 балабақшада тәрбиеші. 1993 жылдан №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде бастауыш сынып мұғалімі. Жоғары санатты маман.

**Марапаттары: 2008 жылы** Ертіс ауданының білім бөлімі «Жыл мұғалімі» байқауында «Ұлағатты ұстаз» номинациясына Мадақтама. **2008 жылы** Павлодар облысының білім беру басқармасының «Облыстың білім саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі мен кәсіптік қызметіндегі жоғары көрсеткіштері үшін Құрмет Грамотасы. **2011 жылы** Павлодар педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институтының «Шығармашылық ізденісі, инновациялық идеясы мен кәсіби іскерлігі үшін» Алғыс хаты. **2012 жылы, 2013 жылы** «Ертіс

дарыны» АҒТО ұйымдастырған «Инновациялық-педагогикалық идеялар фестивалі» сертификаты.

**Әдістемелік құралы:** 1–4 сыныптарға арналған Мүбәрактану кешенінің авторларының бірі. 2011 жылы 4 лицей сыныбына арналған бағдарламаны құрастырып, оқу жүйесіне енгізді.

**Оқушыларының жетістіктері: 2011 жылы** Жаманбалинов Қанат аудандық Мүбәрак оқулары 1-орын, **2012 жылы** Султанова Даяна республикалық «Золотое руно» конкурсы 3-орын, **2012 жылы** Ахметжан Дина аудандық Мүбәрак оқулары 2–орын.



**Орумбаев Болат Қайыржанұлы** 23.02.1972 жылы туды. 1989 жылы №1 Ертіс орта мектебін бітірді. 2000 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін дене шынықтыру пәні мұғалімі мамандығы бойынша тәмамдады. 1993 жылдан №2 Ертіс қазақ орта мектебінде дене шынықтыру пәні мұғалімі. 2007-2012 №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде дене шынықтыру бойынша нұсқаушы. 2012 жылдан «Жалын» БЖК әдіскері, директоры.

**Марапаттары: 2009 жылы** мектептің Құрмет Грамотасы, Ертіс ауданының білім бөлімі, білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподақ ұйымының Грамоталары. **2010, 2012 жылы** Облыстық білім басқармасы дене тәрбиесінің аймақтық оқу-практикалық орталығының Құрмет Грамотасы.



**Көпеева Әлия Қамариденқызы** 08.05.1972 жылы туды. 1989 жылы №2 Ертіс қазақ орта мектебін бітірді. 1994 жылы Павлодар педагогикалық институтын қазақ тілі мен әдебиет мамандығы бойынша тәмамдады. 1994 жылдан №2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінде қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі. Жоғары санатты маман.

**Марапаттары: 2000 жылы** облыстық «Ынталық, шығармашылық, сабақтастық» дипломы. **2004 жылы** «Сынып жетекші «Гран-При» иегері. **2004 жылы** аудан мәслихатының Құрмет Грамотасы. **2006 жылы** облыстық «Ең таңдаулы қазақ тілі кабинеті» III орын. **2007 жылы** аудандық тіл пәндері мұғалімдерінің олимпиадасында I орын. **2007-2008, 2010-2011** оқу жылдарының ҰБТ-да көрсеткен жоғары нәтижелері үшін Ертіс ауданы әкімінің гранты. **2006-2010 жылдары** «Сәтбаев оқулары» бойынша Алғыс хат. **2009 жылы** «Педагогикалық істің рейтингілік критерийлері мен көрсеткіштері» жеңімпазы. **2010 жылы** ПМБАИ Алғыс хаты. **2011 жылы** «Ертіс өңірінің компоненті» облыстық сайыс I орын. **2012 жылы** облыстық білім департаментінің Құрмет Грамотасы.

5-9 сыныптарға арналған тереңдетіп оқыту бағдарламасын оқу жүйесіне енгізді. 11-сыныпқа арналған «Тіл білімінің салалары», 7-сыныпқа арналған «Морфологияның кейбір қырлары» атты қолданбалы курс бағдарламаларының авторы.

**Оқушыларының жетістіктері: 2005 жылы** 11-сынып оқушысы Айкенова Жанар ауданда бірінші болып облыстық ғылыми жобалар сайысына қатысып, «М. Жаманбали-

нов – қоғам қайраткері» мақаласы «Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференция материалдары жинағына енді. **2008 жылы** Жұмагелдинова Меруерт «Көне түркі жазбалар тарихы» облыстық олимпиадасының делегаты, **2009, 2010 жылы** «Ертіс дарыны» сырттай оқу мектебінің шағын олимпиадасынан ІІ орын, **2010 жылы** облыстық «М. Мақатаев оқулары» ІІІ орын, 2010 жылы «Менің сүйікті пайғамбарым» облыстық шығарма сайысы І орын, Республикаға жолдама алып, жұмысы ең үздік шығармалар жинағына енді, «Жалын» олимпиадалық резерв мектебінің түлегі, аудандық олимпиадаларда І орын, «Бір ел − бір кітап» акциясында І орынға ие болды. **2010 жылы** Қалым Кәусар әдебиет секциясы бойынша оқушылардың аймақтық аудандық ғылыми жарысында І орынға ие болды. «М.Ж. Көпеев шығармашылығының көркемдік ерекшелігі» атты баяндамасы «Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференция материалдары жинағына енді. **2011 жылы** 8-сынып оқушысы Баянбаев Расулдың «Елін сүйген азамат» атты мақаласы «ХІ Сәтбаев оқуларында» жарияланды. **2009 жылы** Исемберлинова Альмира аудандық М. Мақатаев оқуларында ІІІ орын, **2011 жылы** аудандық «Иса оқулары» ІІІ орын алды. **2010 жылы** Маулен Гүлнұр аудандық Иса оқуларында ІІ орын, **2011 жылы** Иса оқуларында жүлделі ІІІ орын, «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» атты облыстық шығарма байқауынан Алғыс хатпен марапатталып, облыстық «Рәміздерім – мақтанышым» атты шығармалар сайысында жүлделі ІІ орынды иеленді. Салтанат Еламан облыстық «Тазша бала» сайысында жүлделі ІІІ орынға ие болды. **2012 жылы** 9-сынып оқушысы Айтжанова Саяжан аудандық пәндер олимпиадасында жүлделі І орынға ие болып, облысқа жолдама алды, «Ертіс дарыны» сырттай мектебінің шағын олимпиадасынан ІІ орын. **2013 жылы**

11-сынып оқушысы Баянбаев Расул аудандық «Жарқын болашақ» олимпиадасында ІІІ орын. Абай оқуларында 6-сынып оқушысы Джарас Айғаным ІІІ орын, Махамбет оқуларында 6-сынып оқушысы Рахаев Әлмұқан ІІ орын, 8-сынып оқушысы Дүйсембинова Зарина ІІІ орын, Аманжол оқуларында 6 –сынып оқушысы Джарас Айғаным ІІІ орын, 8-сынып оқушысы Рахаева Гүлдана ІІ орынға ие болды. КИО-да оқушылары жақсы көрсеткіштерге ие. 6-сынып оқушысы Сакенова Бақытгүл олимпиаданың ІІ турына өтіп, аудан бойынша «Ең үздік көрсеткіш» атты сертификатқа ие болды.



